

Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы

ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ



ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

www.turkalemigazetesi.com

№11-12 (қараша-желтоқсан, 220-221) 2020 жыл



ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ БЕЛГІЛІ БАҚ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ЖИЫНЫН ӨТКІЗДІ

11 желтоқсан күні Халықаралық Түркі академиясы өзінің 10 жылдық мерейлі белесіне орай және жылды қорытындылауға байланысты еліміздегі белгілі БАҚ өкілдерімен кездесу жиынын өткізді.

Алқалы жиынға Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, «Қазинформ» халықаралық ақпарат агентінің басқарма төрағасы Асқар Омаров, «Хабар агенттігі» АҚ Басқарма төрағасы бірінші орынбасары Ринат Кертаев, «ТРТ» телеарнасының Қазақстан өкілдігінің директоры Мехмед Чалышқан, «Қазақстан» ұлттық арнасының ақпараттық-сараптамалық бағдармалар дирекциясы директоры Жалғас Сәдібекұлы, «Түркістан» газетінің бас редакторы Қуат Әуесбай, Қолданбалы этносоәси зерттеулер институты директоры Талғат Қалиев, «Қазақстан тарихы» порталының директоры Арман Сүлейменов, сонымен қатар түркі әлеміне танымал бірқатар БАҚ өкілдері, белгілі журналистер мен сарапшылар қатысты.

Келелі кеңес түрінде өткен басқосуда ұйым басшысы Дархан Қыдырәлі Түркі академиясының биыл атқарылған жұмыстары мен басылған ғылыми еңбектерді таныстырып, Академияның 10 жылда қол жеткізген жетістіктері туралы баяндады.

Сонымен қатар, Түркі академиясының жұмыстарымен кеңірек танысқан қатысушылар ұйымның алдағы жоспарлары туралы пікір алмасып, көкейіндегі сұрақтарына жауап алды.

Шара соңында бірқатар БАҚ өкілдері Түркі дүниесінің жетістіктерін насихаттауға және ақпарат саласындағы ынтымақтастық нығайтуға қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапатталды.

Twesco.org



Егемен еліміз 16 желтоқсанда салтанатты жағдайда Ұлттық мереке – Тәуелсіздік күнін атап өтеді.

Тарихқа көз жүгіртсек, Тәуелсіздік – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы. Патша дәуірінде де, Кеңес Одағы кезінде де тәуелсіздікке деген ұмтылыс халықтың едәуір бөлігінде қалыптасты. Біз бірнеше жүз жыл отаршылдықтан кейін, ХХ ғасырдың аяғында қайта жаңғырған мемлекетке айналдық.

Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз – Қазақстанымыз туралы айтарымыз да, мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те, ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп, байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ Тағала баянды еткей!

Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің ұжымы

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY

IATA ACCREDITED AGENT

Әлемнің кез келген бұрышына ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana TURKISH AIRLINES
Lufthansa BRITISH AIRWAYS KLM

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36

Астана қ., Республика даңғылы 5
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306
Абылай хан к., 71
Тел.: +7(727) 2793775, Ұялы тел.: +7 701 766 75 01
effcket@temtour.net astana@temtour.net

ДИАГНОСТИКА ОРТАЛЫҒЫ
ORHUN MEDICAL
ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР

Наши центры:
• ул. Казыбек би, д. 12в
• пр. Достық, д. 63
info@orhunmedical.kz
Call center: +7 727 222 10 78

"ALL IN ONE CENTER"

RADIOLOGY & CARDIOLOGY
www.orhunmedical.kz

- МРТ
- КТ
- ЦИФРОВОЙ РЕНТГЕН
- ДЕНСИТОМЕТРИЯ
- УЗИ
- ЛАБОРАТОРИЯ
- УЗКИЕ СПЕЦИАЛИСТЫ

ЕЛ ТАРИХЫНДА ҚАЛАР КҮН

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы шетелдік тыңдаушыларға білім берумен қатар, түрлі тақырып пен түрлі мақсатта тәрбиелік шаралар жүйелі түрде өткізіп тұрады. Осындай игі шаралардың бірі, еліміздегі айтулы күн – 16 желтоқсан қарсаңында «Тәуелсіздікке тағзым» атты іс-шара болып өтті. Шараның басты мақсаты – тыңдаушылардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана-сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.

Сонымен қатар, Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту, тыңдаушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйе және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Іс шараның кіріспе бөлімінде 7-топ кураторы, тарих пәнінің оқытушысы С.А. Нусупбаева «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбында шағын баяндама жасады. 7-топ кураторы Н.Мужигова «Желтоқсанның мұзда жанған алауы» тақырыбында слайд-шоу жасап шықты. Тыңдаушылар арасында сұрақ-жауап ұйымдастырылды. Атаулы шараның тыңдаушылар үшін маңызы ерекше болды. Оны өз ойларымен жеткізсек, 7-топ тыңдаушысы Мейіржан Бақыт: «Бүгінгі шара мен үшін өте әсерлі болды. Көз алдыма қазіргі тәуелсіз еліміздің өткен жолы, тарихы тізбектеліп өте шықты. Әсіресе, желтоқсан құрбандары Сәбира, Ләззат, Қайрат ерліктері бізге ерекше әсер, рух берді. Осындай аға-апаларымызға мың тағзым», – деп өзінің ішкі толқынысын жасыра алмады.

Еліміздің тәуелсіздігі осындай білімді жастармен тұғырлы болмақ. Отан алдындағы өзіндік борыштарын адал атқарып, еліне, жеріне адал қызмет атқарса, ата-ана, ұстаздар мақсатының жүзеге асары сөзсіз.

**Ж.Т.Ибраимова, С.А.Нусупбаева, Г.М.Мужигова,
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің
аға оқытушылары**

ЖАСТАРЫМЫЗДЫ ЖАТ ДІНИ АҒЫМДАРДАН ҚОРҒАЙЫҚ

Қазіргі таңдағы ақпараттық ресурстардың кең тараған кезеңінде, қоғамдағы түрлі теріс діни ағымдардың белең алуына байланысты, діни экстремизм мәселесі, өкінішке орай еліміз үшін маңызды тақырыптардың біріне айналды. Қазіргі таңдағы экстремизмнің түрлі формада белең алуы, адам, қоғам, мемлекет қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіріп отырғаны белгілі. Жастарымызды жат діни ағымдардан сақтандыру, отбасылық дәстүрлі құндылықтарды насихаттау, дәстүрлі діндердің құндылықтары мен қасиетін түсіндіру, теріс пиғылды діни ағымдар бойынша діни терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО дейінгі білім беру факультетінің ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары 7, 2, 4, 13, 14 топ тыңдаушыларымен 2020 жылдың 14 желтоқсанында аталған мәселе бойынша Zoominstaller қосымшасында, тәрбие сағатын өткізді. Жастарымыздың санасына қоғамға іртік салатын дәстүрлі емес, теріс пиғылдағы, деструктивтік діни ағымдардан сақтанудың жолдарын ұғындыру басты мәселе болып табылатындығы түсінікті. Ақпарат кеңістігіндегі теріс ақпараттарды ой елегінен, сүзгіден өткізіп, оның астарында жасырынған жамандықты мүлтіксіз таба білуге үйрету. Әрине ол үшін жастарымыздың дін дегеннің не екенін, оның қысқаша тарихын танып, діни сауаттылығын арттыру сіз бен біздің еншімізде. Тыңдаушыларға қоғамдағы түрлі діни сектаның, теріс діни ағымдардың жетегіне кету арқылы отбасын ойрандатып, қоғамға іртік салып, экстремистік, террорлық іс-әрекет жасап, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне, бейбіт халықтың өміріне орасан зиян тигізу қаупі жете түсіндірілді. Қорыта келе, жастарымызды имандылыққа, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұстанып келеген дәстүрлі ислам дініне баулып, елін, жерін сүйетін, салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін берік ұстайтын ұрпақ тәрбиелеу.

**Қ.С. Аширбекова, С.А. Нусупбаева, Г. Жұмаділ,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің
аға оқытушылары**

АРМЫСЫҢ, АТАМЕКЕНІМ!

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті ширек ғасырдан астам уақыт аралығында шетелден келген тыңдаушыларға білім беріп келеді. Аталған факультеттің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы шетелден келген қазақ диаспорасы өкілдерін ЖОО түсуге дайындайды. Кафедра оқытушылары білім берумен қатар факультет тыңдаушыларының бейтаныс жаңа ортаға, жаңа елге үйренісіп, бейімделуіне өзіндік үлестерін қосады. Осындай мақсатта түрлі тәрбиелік шаралар, кештер жүйелі, жоспарлы түрде өткізіліп отырады. Сондай шараның бірі Мужигова Г. (2-топ), Дауытова Ж. (4-топ), Нусупбаева С. (7-топ), Аширбекова Қ. (13-топ), Жұмаділ Г. (14-топ) сынды топ жетекшілерінің ұйымдастыруымен өткен «Атамекенге, қош келдіңіздер!» атты шара. Шараның негізгі мақсаты – тәуелсіз еліміздің тарихын атамекен табалдырығын енді аттаған бүгінгі факультет тыңдаушыларына ұғындыру. Еліміз жайлы толық мәліметтер беру. Шараны ұйымдастырушылардың бірі С.Нусупбаева:

«Жаңа заманда қазақ халқының бір бөлігі өздерінің тарихи отанынан тыс жерлерде тұрып жатты. Олар бір бөлігі ирредент, ал екінші бөлігі диаспора деп саналады. Ирредент деп өздерінің атамекенінде дәстүрлі өмір сүріп

отырған біртұтас халықтың бір бөлігін айтады. Алайда өкінішке қарай қазақтардың бірқатар жерлерінің өзгеруі, отаршыл басқыншылық сияқты оқиғалардың салдарынан басқа мемлекеттің құрамында болуына тура келді. Ал, диаспора халықтың бір елден екінші елге лажсыз қоныс аударып, өзге халықпен бірге тұруы болып табылады. Қазіргі таңда дүние жүзінің 45 елінде өмір сүріп жатқан 5 млн аса қазақ бар. Қытайда – 1,6 млн (18 мың отбасы көшіп келген) Ресейде – 700 мыңдай, Өзбекстанда – 1,5 млн-дай (400 мыңы Қарақалпақстанда тұрады).

Моңғолияда 130 мыңнан аса қазақ бар. (150 мыңдай болған, 70 мыңдай көшіп келген. Қазір көбейіп 130 мыңдай болды, дей отырып, жер-жердегі қазақ диаспорасы өкілдері жайлы мәліметтерге жеке-жеке тоқталып өтті.

Шара барысында тыңдаушылар көкейінде жүрген сауалдарға толыққанды жауап алып, өз ризашылықтарын білдірді.

**Г.М.Мужигова, Ж.Т.Ибраимова, С.А.Нусупбаева,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру
факультетінің аға оқытушылары**

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІМЕН ТАНЫСУДА

Алатаудың баурайында орналасқан әсем қаламыз Алматының тарихымен таныстыру мақсатымен Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне әлемнің төрт бұрышынан келген тыңдаушыларды «Өлкетану» үйірмесінің ұйымдастыруымен Алматы қаласының тарихымен таныстырып, қаланың көрікті жерлеріне саяхат жасалды. Қазан айында Абай даңғылында орналасқан 1997 жылы 29 желтоқсанда ашылған, қырық шамасында аттракциондары бар «Қиялдар әлеміне», қарашада өзінің негізін 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылордада бастаған, 1929 жылы Алматыға қоныс аударып, 94 жылдық тарихы бар М.Әуезов театрына, Алматы қаласының оңтүстік шығысында, биіктігі 1070 м, 372 м болатын телевизиялық мұнара, қала тұрғындарының демалыс аймақтары орналасқан, Алматы қаласына панорамалық шолу жасайтын орын Көктөбеге, желтоқсанда көркем шыршалар көмкерген әйгілі Алматы қаласынан 18 шақырым жерде, теңіз деңгейінен 1691,2 биіктікте орналасқан, табиғи мұз айдыны ретінде 1951 жылы пайдалануға берілген, 1972 жылы спорт кешені тұрғызылған, кешеннің айналасын 21 гектар бо-

латын орман-тоғайлар қоршап жатқан «Медеу» мұз айдынына, Алматы маңындағы Іле Алатауы шатқалынан 2510 метр биіктікте орналасқан, 1954 жылдан бастап тау шаңғы спортшыларының сүйікті орнына айналған Шымбұлақ спорт кешеніне саяхат жасалды. Қаланың қай жеріне бармасын қызықтыру мақсатында бірінші тыңдаушыларға кез-келген жердің тарихы түсіндіріліп, таныстырылады. Біліммен қатар тәрбие беріліп, жаңа ортаға бейімдейтін факультетіміздің тыңдаушыларға берері көп. Факультеттен тыңдаушылар қысқа мерзімде өздеріне кейбір адамдар жылдар бойы жинайтын білім, тәрбие, тәжірибе алып шығады. Жылдар өтіп, қолдарына диплом алған түлектер Қазақстанға алғаш қадам басқанда құшақтарын айқара ашқан, алғаш дайындықтан өткен факультетті ерекше ыстық сезіммен, ықыласпен еске алып, алғыстарын білдіріп жатады.

**С.А. Нусупбаева, Қ.С. Аширбекова, Г. Жұмаділ,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің
аға оқытушылары**

КОРОНОВИРУС (COVID-19) ЖҰҚПАЛЫ ДЕРТІНЕН САҚТАНАЙЫҚ



Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Коронавирус (COVID-19) індетінің пандемия сипатына ие болуына байланысты, еліміздегі білім беру саласы бір-ауыздан қашықтықтан оқытуға көшкеніне міне бір жылға жуықтап қалды. Осыған орай, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы да алғашқылардың бірі болып қашықтықтан білім беруге көшіп, қазіргі таңда оқу үдерісі толық қашықтықтан жүргізіліп отыр. ЖОО-на дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-на дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары өз тыңдаушыларымен тек қана оқу үдерісін ғана емес, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын да қатар атқаруда. Сондай тәрбие жұмыстарының бірі, 2020 жылдың 12-ші қараша күні, Zoominstaller қосымшасында, 7, 2, 4, 13, 14 топ тыңдаушыларымен «Коронавирус (COVID-19)-жұқпалы дерт» тақырыбында өткен тәрбие сағаты жайлы айтып өткіміз келеді. Тәрбие сағатының мақсаты тыңдаушыларға коронавирус (COVID-19) туралы толық ақпарат беру және вирустан қорғану жолдарын

түсіндіру болып табылды. Тәрбие сағатының бірінші бөлімінде тыңдаушыларға қазіргі таңда бүкіл әлемге қауіп төндіріп отырған COVID-19 вирусы жайлы, оның клиникалық белгілері және таралу жолдары мен вирустан сақтану жолдары түсіндірілген шағын бейне баян көрсетіліп өтті. COVID-19 вирусын жұқтырған аурудың ауыр ағымы жоғары қауіп-қатері қарттарда және денсаулықтарында басқа да патологиялары (қант диабеті, жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары) бар адамдарда ауыр өтуі немесе өкінішті жағдайларға соқтыру мүмкіндігі түсіндірілді. Тәрбие сағатының барысында, мемлекетіміздің және ақ халатты абзал жандар дәрігерлеріміздің COVID-19 вирусымен күресу жолында атқарып жатқан қыруар еңбектері де атап айтылды. Қорыта келгенде, тыңдаушыларға әрбір азамат өз денсаулығына және жақындарының денсаулығына жауапкершілікпен қарап, вирустан сақтану ережелерін қатаң сақтау қажеттігі толық түсіндірілді.

**Қ.С. Аширбекова, С.А. Нусупбаева, Г. Жұмаділ,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің
аға оқытушылары**

«ӨЛКЕТАНУ» КЛУБЫ ШАҚЫРАДЫ

«Тәрбиесіз берілген білім, адамзат өмірі үшін қауіпті» деп, Әл-Фараби бабамыз айтқандай, тәрбие мен білімді ұштастыра білім беру жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің мақсаттарының бірі болып табылады. Жыл сайын факультетте атқарылатын тәрбие жұмысы басты орынға қойылған. Тәрбие жұмысын атқаруда факультетіміздегі клубтар мен үйірмелердің алатын орны ерекше. Қазіргі уақытта факультетте жиырмадан аса клубтар мен үйірмелер жұмыс істеуде. Сондай клубтардың бірі тарихы 2009 жылдан бері келе жатқан «Өлкетану» клубы.

«Өлкетану» клубы негізгі ұстанымы шетелдік тыңдаушыларға – «Қазақстанның тарихи және мәдени орындарымен терең таныстыру және толық мағлұмат беру». Қазақстан мемлекеті туралы тарихи және мәдени орындарға, қала сыртындағы табиғаты көркем жерлерге алып бара отырып, оларды тек көрсетіп қоймай, терең тарихына үңілдіріп, жан – жақты мағлұмат беріп, Қазақ елін шетелдіктерге таныстыру, дәріптеу мақсатында құрылды. Үйірменің жұмыс істеу бағыты бойынша оқу жылының ағымында әртүрлі мәдени танымдық шараларды, мемлекеттік тілді, ел тарихымен

терең таныстыру сабақтары, кездесулер, мәдени танымдық саяхат сабақтар, тренингтер өткізіледі. «Өлкетану» клубы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанынан ерікті негізде құрылған. Клуб басқа клубтармен университет әкімшілігіне ескерте отырып, өзара тиімді ғылыми және іскери қарым-қатынас жағдайында тығыз байланыста.

Клубтың жұмысы мүшелердің еріктілігі мен тең құқықтылығы, өзін-өзі басқару, заңдылық пен жариялылық негізінде жүргізіледі.

- клуб қызметіне қажетті ақпараттар жинау және клуб қызметі туралы ақпараттар тарату;
- қайырымдылық шараларды іске асыру;
- жиналыстар, лекциялар, дөңгелек үстелдер, интеллектуалдық ойындар және басқада көптеген шараларды өткізу;
- студенттерді жат қылықтардан (маскүнемдік, нашақорлық, бұзақылық т.б) сақтандыру;
- Республикамыздағы ынталы шығармашыл жастармен байланыс орнату; Клубтың мүшесі болып, оның Жарғысы

- мен талаптарын мойындайтын Қазақстан Республикасының кез-келген жоғарғы оқу орындарының студенттері бола алады.
- мүшелікке қабылдау студенттің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады;
- клубтан шығу үшін төраға атына жазбаша өтініш беріледі.
- клубтан шығу туралы жазбаша өтініш берген клуб мүшесі оның құрамынан шығарылады.
- клуб мақсаттары мен міндеттеріне жету жолында барынша қолдау көрсетуге;
- клубтың жарғысын орындауға;
- жарғылық мақсаттарды насихаттауға және оған жетуге жеке қолдауын көрсетуге;
- мүшелер арасында өзара құрметті жоғары ұстауға;
- клуб атына кір келтіретін әрекеттерден аулақ болуға.

Биылғы жылы «Өлкетану» клубы өзінің жылдағы міндетінен жаңылған жоқ. Жоспарда бекітілген шаралардың біразын онлайн Zoominstaller қосымшасында өткізсе, Қазақстан

дағы тыңдаушыларды еліміздің мәдени орындарымен таныстыру басталып кетті. Жылдағыдай тыңдаушылардың саны 80-100 емес, мемлекетіміздегі адамдардың көп шоғырланбау талаптары сақталып, тек 10-15 тыңдаушылардан ғана жиналуда. 1-қазаннан бастап сабақтармен қатар «Өлкетану» клубы да өз жұмысын бастаған, қазіргі уақытқа дейін тыңдаушыларды «Медеу» мұз айдыны, М.Әуезов драма театры, Көктөбе т.б көптеген мәдени орындармен таныстырылды, алдағы уақытта да онлайн режимде бірнеше кездесулер жоспарланып отыр. «Өлкетану» клубы жыл бойы өз жұмысын тоқтатпай жүргізеді. Жылдағыдай тыңдаушылар дәстүрлі оқу формасына оралса, карантин талаптары алынып тасталса Түркістан, Отырар, Тараз, Қазығұртқа секілді Қазақстанның тарихи орындарына саяхат жасалынады. «Өлкетану» клубының мүшелерінің бір-бірімен алмасатын, үйретін білімдері, мәліметтері өте көп. Бұл клубтың мүшелері жыл бойы өздеріне танымдық білім ғана емес, сонымен қатар жаңа достар, жаңа орта табады.

Ж.Т.Ибраимова, С.А.Нусупбаева, М.Н.Ибраимова, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МӘНГІ ЖАСАСЫН!

Биылғы жыл еліміздің айтулы оқиғаларының бірі тәуелсіздігімізге 29 жыл толып отыр. Осы жылдардың ішінде тәуелсіздікпен бірге келген жетістіктеріміз де өте көп. Солардың ішінде біздің ең ұлы жетістігіміз 260 жыл бойы аңсап жеткен тәуелсіздігіміз. Биылғы жылы әлемді шарлаған ұлы қасірет COVID-19 әсерінен айтулы мерекемізді ат шаптырып тойлата алмасак та, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде білім алып жатқан тыңдаушылармен бірге 2, 4, 7, 13, 14 топтарының кураторларының ұйымдастыруымен «Еліміздің тәуелсіздігі мәңгі жасасын» атты іс-шара Zoominstaller қосымшасында өтті.

Еліміздің ұлы мерекесін өз елімізде ғана емес, әртүрлі тарихи оқиғаларға байланысты шетел асып, қазіргі уақытта саны 5 млн асқан қандастарымыз да өз елдерінде тойлауда. Онлайн сабаққа Иран, Өзбекстан, Қытай республикаларынан кіріп отырған тыңдаушыларда мерекелік іс-шараға белсене қатысты. Мемлекеттік әнұранмен басталған шара, желтоқсан оқиғасына қатысты видеоролик, кино, патриоттық әндер, тәуелсіздік күніне арналған рухты жырлармен жалғасын тапты. Өз Атамекендерінде тұнғыш рет елдің тәуелсіздік мерекесіне онлайн болса да қатысып отырған қандастарымыз өз толқыныстарын жасыра алмады.

Келесі жылы әлемге таралған COVID-19 деген қасіреттен құтылып, Тәуелсіз еліміздің 30 жылдығын дүбірлете өткізу жазсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, Қазақстан мәңгі жасасын!

С.А.Нусупбаева, Дауытова Ж.К., Аширбекова Қ.С., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАҢШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДАҒА ИЕ?

«Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – деген бұл жолдар өте орынды айтылған десек қателеспейміз. Қазіргі таңда біздің ұстаздар, яғни, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттердің тәрбиесіне көп көңіл бөлуде, себебі баланың болашақтағы қозғалысы, міне осыған байланысты. Баланы қалай тәрбиелеген жөн және балағы нені үйреткен абзал, міне осы тұрғыда біздің бүгінгі айтылатын әңгімеміз кеңінен өрбитін болады. Біздегі тақырып, ол «Халық ауыз әдебиеті арқылы бастауыш сынып оқушыларын патриоттық сезімге тәрбиелеу». Бұл дегеніміз бастауыш сынып оқушылардың патриоттық сезімін дамытудың басты жолы, ол осы халық ауыз әдебиеті болып табылады. Демек, ұстаз халық ауыз әдебиетіне сүйене отырып, халықтың құндылықтарды айта келе, мақал-мәтел, даналық сөздер, жаңылтпаш, жұмбақтарды байланыстыра келе, балаға дұрыс жолды көрсете алады. Бұл біздегі кейде қалып қоятын, көңілді түсіретін жағдай болып табылады.

Патриотизм-бұл қайбір ұлттың болмасын жүрегінен орын алатын дүние. Әрбір ел өзінің халқын патриоттық сезімге баулуға тырысады. Бұл басты қағида. Ал енді адамның патриоттық сезімге толы жүрегінің болуы, ол сезімнің көңілде мәңгі орналасуы бала кездегі тәрбиеден басталады десек артық айтқанымыз болмас.

Сонымен қоса, балаларға үлкен ой түсіретін тағы мақал-мәтелдердің бір тұсы ол оқуға, білімге байланысты мақал-мәтелдер. Олардың қатарына мына бір мақал-мәтелдерді жатқызуымызға болады. «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы», «Ғылым – теңіз, білім – кеме», «Алтын алма, білім ал», «Кітап – алтын қазына», т.б.

Мінекей, тәрбиелік маңызы өте үлкен жоғарыда айтылған мақал-мәтелдер реті адамды патриоттық сезімнің күшеюіне, сонымен қатар, сол сезімге қоса, білімге, оқуға, сананы дамытуға, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге алып келеді. Бұның бәрі дерлік баланың ой өрісін, жүріс-тұрысын дамытады. Демек, мақал-мәтелдерге қорыта айтар болсақ, халық ауыз әдебиетінің бір түріне жататын мақал-мәтелдер жұбы бастауыш сынып балалары үшін маңызды. Себебі, сол арқылы бала патриоттық сезімнің не екенін біршама ұғынады.

Тлемисов Абылайхан, Белисарова Ф.Б.

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР – БАБАЛАР МҰРАСЫ

Бүгінгі таңда білім берудің негізгі мақсаты білім алушының тек қана білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматын қалыптастыру. Бұл дегеніміз – ата-балаларымыздан келе жатқан, ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан ұлттық өнерімізді насихаттау. Ұлттық өнер, халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін күнделікті тіршілігімізде қолданылып келген түрлі ою-өрнектер, сәндік, әшекейлік бұйымдар талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі. Өнер – мектеп өмірінің алғашқы күнінен бастап-ақ баланың әлемге көзқарасын қалыптастыру құралы ретінде, әлемді біртұтас жағымды мәнімен қабылдауға, бағалауға үйретеді және бейнелі ойлауын дамытады. Сондықтан біз баланы кішкентайынан сонау балабақша кезінен бастап-ақ өнерге баули бастауымыз керек.

Эстетикалық тұрғыдан дамыған ғана адам жан-жағындағы өзін қоршаған әлемді сезіне алады. Әсемдікті көріп, оны түсінеді, қоршаған ортаға зиянын тигізбеуге тырысады. Озық технологиямыз дамыған мына заманда жастарымызды интернет шырмауынан аластату үшін, бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында әртүрлі бағыттағы 20-дан аса клубтар мен үйірмелер жұмыс атқарады. Соның ішінде «Жас шебер» үйірмесі де бар. Үйірме мүшелері кафедралық білім алатын өзге елдерден білім сапарымен келген қандас бауырларымыз, ауған тыңдаушылары болып табылады. Нақ осы бауырларымыз өзге елде жүрсе де елімізде ұмыт бола бастаған бабалар мұрасын сақтап елімізге жеткізуде. Ал, ауған қыздары болса, бізге таныс емес

өнерлерімен таң қалдырады. Үйірменің мақсаты – бабалар мұрасын жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа жалғасына кішкене де болса үлес қосу. Үйірменің құрылғанына біршама уақыт болды. Біраз жетістіктерімізде баршылық. Жас шеберлермен жасалған бұйымдар көрмелерге шығарылып, кейіннен жәрмеңкелер ұйымдастырылды. Қолдан өндірілген бұйымдар сатып алушылар тарапынан қызығушылығын туғызып, арнайы тапсырыстар қабылдап, аз ғана болса да халқымыздың тұрмыстық қажеттілігіне жарап жатыр. Былтырғы оқу жылында қолдан жасалған моншақ білезіктер, сырғалар, тоқылған әдемі бас киім, әртүрлі кішкене шұлық, кардиган сатылымға шығарылып, оқытушылар, тыңдаушылар тарапынан сатып алынды. Түскен қаражатқа өнімге қажетті материалдар алынып және шебер студенттерге жалақы ретінде үлестіріліп берілді. Бұл жердегі үйірменің мақсаты ар тыңдаушының өздері қолдан жасаған заттарын болашақта кішігірім капиталға айналдыра алатынына сенім ұялату болды.

Сонымен қорытар болсақ, Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы жағдайымен бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің негізіне – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәрбиесінің, ұлттық қолөнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отыр. Өйткені жастардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық.

М.Н.Ибраимова, С.А. Нусупбаева, Ж.К.Дауытова, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАР ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІМЕН ТАНЫСУДА

Театр – көңіл көтерудің ғана орны емес, мәдени ошақ. Студенттерді, соның ішінде басқа елден келген қандастарымыз қазақ өнері, мәдениетімен жақын таныстыруда театрдың алатын ролі жоғары.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде білім алып жатқан шетелден келген тыңдаушылар қараша айында «Өлкетану» және С.Әшімбаев атындағы жас әдебиетшілердің «Парасат» клубының ұйымдастыруымен М.Әуезов атындағы драма театрында «Қобыланды батыр» атты қойылымы мен театр тарихынан сыр шертетін мұражайды тамашалап қайтты. Театр әлемді шарлаған Коронавирус (COVID-19) дертінен бірнеше ай жұмыс істемей, енді ғана өз көрермендерімен барлық талаптарды сақтай отырып, қайта табысты. Көрермендер міндетті түрде маскамен, бір-бірінен алыстау отырып, қойылымды тамашалай алады. Бұрынғыдай театрда құжынаған көрермендері болмаса да, қойылымдарды сағынған, билет таба алмай жүрген адамдар көз алдына жақсы есер қалдырады.

Қобыланды батырдың образы, атап айтсақ батырлығы, шыншылдығы, еліне, сүйіктісіне деген махаббаты керемет сахналанды. Мемлекетімізге енді аяқ басқан балаларға театрда сақталатын, басқа жерде кездесе бермейтін театр мәдениеті, мұражайы, қойылымы, тек театрда ғана емес күнделікті кинолардан көріп жүрген әртістеріміз Дулыға Ақмолда, Назгүл Қарабалина сияқты өнердің майын ішкен майталмандарымызды жақыннан көрудің өзі ерекше есер етті. Балалар театрдан өздеріне жаңа рухани азық алып қайтты.

С.А. Нусупбаева, Ж.Т. Ибраимова, Қ.С.Аширбекова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

Каргашалуу жыл

1916 жыл, Григорян санатында,
Киргиздүгө христианды санасына,
Кылычтарын канга боён,
Жакшылыктын алдын тороп
Кырып жатты адамдар адамдарды,
Бир кудайдын көз алды аясында.

Сен христиан, мен мусулман,
Жараткан Эм, жаратты...
Заттыбыз бир — топурактан.
Адам ата, Обо эне урпагыбыз,
Урумузга неге мынча умтулабыз?
— Жатсыныпбы?
— Жаның башка болгондуктан.

— Же, ач көздүкбү азынын токундаган?
Өзүңүчү, өзгөнү ойлоп мойубаган,
Талап тоноп, адамдарды адам корлоп,
Өмүр сүрүчү, дурус деп, жансак ойлоп,
Кырып кирди, ойлору арам оңдоган.

— Ден, айткан, Энем — карыган,
Ошол кыргын, коргошундай
«кыт» болуп, качкындарды,
Көөдөнүнө катып калган.
Айткандары ага чындык,
Кей бирөөнө болоор жалган.

— “Каргашалуу бул жылы,
Кайгыга элди туш кылды.
Жатканда эл бейкапар,
Ороктой ийрип желдеттер,
Ороп келип кырышты.

Оюнда жок аралдык,
Ойлогон кимге жамандык?
Мойубай молун кайран эл.
Малинтин калды кырылып,
Жандарын кыйып курияндык.

Ойлоктой жерге жыйнашып,
Жылаандай ороп кыйнашып,
Ок жаадырып тал түштө,
Убалдан коркпой жамандык,
Кылды ойрондор аралдык”.

— “Кубалап жүрүп атышты,
Оргуштап канын агызды.
Обдулуп өйдө тура албай,
Болгонды анык биле албай,
Онтонгон канча жан чыкты,
Атылган окко түштө албай.

Ойлоктой ойдуң кара жер,
Оралду окко, отко төр,
Олжоро баскан туяктан,
Оргуштап акты канча кан,
Богоуна сиңип кан менен төр.

Одурайган адырлар,
Оюлуп канга жешилди.
Ажырап ырыс-ыркынан,
Азантуу күндөр армандуу...
Кыл аркандай эшилди.

Бозала болуп адырлар,
Куюлуп канын кургулар,
Кыйылып жатты ар жерде,
Курмелдей тили келгеле,
Кырындай болгон жаш уулдар.

Кылмайып артка карабай,
Бир-бирин издеп кыйалбай,
Чирешкен- айчан жоолордон,
Уюган чаң-бороондон,
Буйдалды жүртүн табалбай.

Бет алды качып баратты,
“Парс” эткен мылтык үңкөн.
Кээ жерде калып түртүшүп,
Бетте-бет чыкса үркүшүп,
Сапсыган сапы түрүнөн”.

Ашууну карай бет алып,
Арбыдай арын тумалып,
Тумалым салып койгондой,
Саманчы жалун созгондой,
Качкындар барат жал салып.

Тлоолордун башы түнөрүп,
Ай нурун түнгө чөгөрүп,
Ашуунун бели күзгүдөй,
Канталан калың муз болду.
Коктулары ызы-чуу,
Койнуна кайгы муң толду.

Бышактап жатып булуттар,
Бошотуп ордун куруду.
Боздогон элге болушуп,
Кордолгон элге кошулуп,
Бороону ийттей улду.

Качканын катып койнуна,
Калтырбай ашуу жонунда,
Коктусу, колот — тууру,
Буюккан элге буюрду,
Буруксуп калбай сонунда.

Бадалы менен арчасы,
Жылыны дагы башкасы,
Кууундун бетин тырмалап,
Жал-куйругун жумалап,
Жибербей жалун бууду.

— “Каржаланган кайран калың эл,
Канталды калың көк музга.
Кайтайын десе артына,
Жазыксыз жаны окко учса,
Тлагдырдын көндү шартына.

Алдыңда көк муз, көк тайгак,
Табигат тарып кыянайт.
Алып көзүн жумууга,
Кыядан жаны ыргыса,
Мел болчудай иткучка.

Тлооктун түрдү оозунда,
Топурап даап кире албай.
Тлобо, кылуу Пецирге!
Буюрук го, тагдыр пендеге,
Буюгуп түрүчү жазууду,
Ашуунун дийик жонунда.

Басалбай жүрөк энтигип,
Цыметбей кагай кырпичин.
Кардыккан жашка көзүнөн,
Көк жалтаң муздун үстүнөн,
Көрө албай муздун кетпичин.

“Кыл көпүрөө” үстүндө,
“Кыямай кыя” астында.
Каш-кабагы жыйрылып,
Чыкчудай жаны түюлүп,
Ажалын тишпейт оозуна.

Туякка муздун кетпичи,
Тээк болоор таштын бетпичи?
Катырып баарын салгансыйт,
Катыгез Адам сенсиди?
Деп, Табигат кайра чечими.

Көрүчү каардын четпичи?
Райсыз күндү, кечиди?
Көөтөрүп жааган жалбырдын,
Партидин бузган тагдырдын,
Эсебин берген кезиди”.

Тлошотуп музга кийизин,
Жабдылып чапан кийимин,
Жандаштап сүйрөп денесин,
Жалтактап муздун үстүнөн,
Жаны аман өтүп кеткен бар.

Телпирттип көзүн асманга,
Пецирге тилек айтканча,
Кыл көпүрө үзүлүп,
Кыядан учуп кеткен бар...
Туягын тиреп басканча.

Ашуудан аман калганы,
Канталап көзү, таманы,
Кайырын тилеп Пецирден,
“Калганы аман болсун” деп,
Кытайга бет алганы...

Ала-Тлоо бетин капташып,
Кан тамган жерин ташташып,
Керемет сулуу жергенди,
Кудайын куттап бергенди,
Душмандар калды тапташып.

Чаңызып чаптар бозорду,
Айрылып малдан толсорду.
Курчутуп бойдо намысын.
Шуудурап куурай, камышы,
Көңүлү мунду козгошты.

Булуттар көктө чайкашып,
Кал бетин отко чайнашып,
Кайгысын бирге бөлө албай,
Көңөктөп жашын төгө албай,
Кыл менен калды айкашып.

Кылындын кымын кынашып,
Кыйкырып малын санашып,
Пецирден тилеп жумула,
Төрү тарайы болчу кыбыла,
Телегейи тегиз жол ачык.

Тлобулгу, жылкын, карачы,
Чекенде, шыбак, арасын,
Бөдөнө, кыргоол жорголоп.
Койнунда көйү корголоп,
Барнайган бадал арчасын.

Козу, улак, музоо багышып,
Көгөөндөп койун саашчу.
Койнунда Ала-Тлоонун.
Байкайтбай келген жоонун,
Көөдөнү калап оозуна,
Ажал менен тайнашты.

Бейкапар элдин көңүлү,
Бейпайга түшүп бүлүндү.
Карылары калды кароосуз,
Малдары калды байлоосуз.
Каргыш тийген канкорлор,
Капшыткан алган байкоосуз.

Суктанган сулуу жерлерин,
Душмандар калды тапташып.
Асманда Ай да сунсайып,
Ыссык-Көл мундуу чайналып,
Кайгы-муң, бирге бөлө албай,
Кыл менен калды айкашып?

Кансырап кайран калың эл,
Журтунан безип кор болду.
Башынан түшпөй ак жоолук,
Бактылуу эле жолу ачык.
Кучулук этип кудайга,
Бата-тилек сурашып.

Асман жердин арасын,
Жалгап турган чамасы.
Аягы менен жер басып,
Тлобосу менен көк чылып,
Тлогорөктүн төрт бурчун,
Тутташтырган жан ээси,
Ал, акылдуу Адам баласы!

Жакшы менен жамандын
Айыра алаат адам аласын.
Акылга амал кошушуп,
Акылдуу айбан болушуп,
Бир-бирин кырып аёсуз,
Келе айткан атам замандан.

Жакшы кылык кубанткан,
Жаман кылык уялткан,
Сезимди берди санага.
Адамды айрып айбандан,
Аманат кылып Алмадан,
Акылды берди адамга.

Айтылып келет адамга;
«Акыл ээси сенсиз, — абайла»!
Касырет-кайгы тарттырган,
Адамды адамга кас кылган,
Өздү өзүнө жат кылган,
«Амал ээси айла»!

Жаты, касы, душманы,
Баары адамдын баласы,
Бир Алманын дабасы.
Жерде сүргөн өмүрүң,
Кучуп, кейип көңүлүң,
Жүргөн конок экениң,
Унутуп калайт чамасы.

Мал, дүние, жан-башың,
Бийлеп алган санасың.
«Ач көңүлүң тойсун деп,

Менден башка койсун деп»,
Жарык күндү түн кылып,
Кыз-келинин күң кылып,
Тлесеп ээгин-талаасын.

Таппай көңү дабасын,
Билбей өтөт өмүрдөн,
Коркпой өтөт өмүрдөн,
Наалып напси канганча,
Бир тирүү жан калганча,
Кырып өтөт канчасын.

Кырың жок кыян жүрбөгөн,
Кылың жок кыргын сүрбөгөн.
Жаратты жердин бетине,
Адамдар жырдап кетүүгө.
Жаратты жакшы жерлөгө,
Тайыктуу өмүр сүрүүгө.
Анда эмесе адамдар,
Акың жок, Адам өлтүрүүгө!

«Үркөр жылдыз»

«Үркөр, үркөр топ жылдыз,
— Үркүп кайда барганың?
— Жөө Бөжинге барганың!
— Жөө Бөжинде элиң бар?
— Аштык айдаар элим бар».

Үркөрдөй ушул саптарын,
Чыккучуң далай Чоң Энем,
Айтканын тыңнап укчу элем.
Кыялың кетчү аралап,
Жылдыздуу асман каптамын.

Үркөрдөй ошол топ жылдыз,
Үркүп кайда барганың.
Үркөрдөй жаның тынч албай,
Ойгонуп түндө уктабай,
Отурап карап асманга.
Калтырбай сөзүң арманда,
Бел байлап келдиң жазганга!

Үркөрдөй таппай асмандан,
Убага болдум мен далай.
Үркөрдөй кызың «Үлүлдөк»,
Кандайча аны көрөм деп,
Өкүттө калдым чер жазбай.

Жалоктогу «Үлүлдөк»,
Анынын жөнү бир бөлөк:
Мекендеген асманды,
Маанилүү бир сыр жатканды,
Жармактап сергек ой менен,
— Сездирип мага айтканы.

— Сезимтал сергек кыялың,
Сезинип канаат какканды?
Керилип асман бетинде,
Жалжылдап жаның кеч түндө,
Көзүнө көзүң чагылып,
Көңүлдө сүйүп калганды?

— Бойлобойт ойум асманды,
Ушунча терең жатканды.
Чегине чекит коё албай,
Чекелешип канча ойчулдар,
Чекеден төрүн агызып,
Ам да жок, сырды ачканы...

Балбылдап жанган көп жылдыз,
Байраганы асман-көк феиз.
Байкасаң жердин бетине,
Өмүргө тиричилик этүүгө,
Чебердин чебери Жараткан,
Мээримин төккөндөй чексиз!?

Меридиз сулуу; тоо, талаа тегиз,
Керемет, тиричиликтеги пейим.
Баары адам үчүн, береке байлык,
Тиричилик үчүн бергени анык.
Анда эмесе, канатай кылып,
Кудайга түшүр, неге, дебейбиз!?





ПРОФЕССОР ЗИНОЛ-ҒАБДЕН БИСЕНҒАЛИ 70 ЖАСТА

тақырыбында баяндама жасап, алып Алатаудың қос қанатындай болған екі халықтың сөз өнеріндегі туыстығын тілге тиек етті.

Конференция еркін форматта өтіп, мерейтой иесі туралы естеліктер де айтылды. ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Н.Оразалин З.Бисенғалидің студенттік кезеңінен сыр шертті:

«Бірінші курсқа түскен жас, елгезек бала біздің бөлмеге көп келіп тұратын. Біз ол кезде төртінші курстың студенттері едік. Бірінші курс студентінің қолында жазып алған ұзын-сонар кітаптар тізімі бар. «Бірінші курста оқып бітіруім керек кітаптар» дейтін өзі. Сонда ойлаушы едік, бұл бала мына кітаптың бәрін бірінші курсында оқып бітірсе, ары қарай не істейді деп. Уәдесінде тұрды. Оқып бітірді. Сол бала осы Зинол еді. Бүгінгі шыққан биігін көріп отырсыздар».

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Жаңғара Дәдебаев өз баяндамасында: «Зинол-Ғабден Қабиұлы Бисенғали – кемел шағында. Ол қазақтың қазіргі әдебиеттанушыларының алдыңғы легіндегі көрнекті тұлғаларының бірі. Бұрында Қазақ Ұлттық университетінің үздік студенті еді. Бүгінде Қазақстан жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы», – деп ғалымның еңбегі мен еңбек жолына баға берді.

Бүгінгі профессор, филология ғылымдарының профессоры З.Бисенғали еңбек жолын оқу орнынан емес, Қазақ радиосының редакторлық қызметінен бастаған болатын. Ғалым өмірінің журналистік кезеңі туралы ескі әріптес, айырылмас дос, Қазақ радиосының ардагері Сәбит Сүлейменов айтып берді.

«Қазақ радиосына оқуды бітіріп, қатар келдік. Сол кездері радио хабарға келген қонақтың сөзін журналистер жазып беретін үрдіс бар екен. Зинол екеуіміз бұл үрдістен бірден бастарттық. Біз қонақтарға сұрақтар қою арқылы оларға еркіндік беруге тырыстық. Осы мәселе төңірегінде Зинол Бисенғалидің еңбегі көп. Бұл мен үшін қазақ радиосының даму сатыларының бірі және қазақ радиосының тарихында қалары сөзсіз».

Конференцияға қатысқан барлық баяндамашылар осылай мерейтой иесінің әр жылдардағы, әр саладағы еңбектерін саралап шықты. Десек те оның ғалымдық өмірі мен ұстаздық кезеңі басты назарда еді.

Профессор З.Бисенғали саналы ғұмырын әдебиет ғылымына арнады десек, сол саналы ғұмыры бір ғана университет қабырғасында өтті. Қазақ Ұлттық университеті. Осы оқу орнында оқыды, ұстаз тапты. Ал қазір өзі ұстаз. Ұстаз деген сөз кемдік етер. Филология факультетінің ақсақалы деп атасақ артық етпес. Ғалымның осынша жылдық еңбегін бағалап, университет ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов Зинол-Ғабден Бисенғалиды «Құрмет» орденімен марапаттады. Сонымен бірге, Қазақстан Жазушылар одағы атынан ғалым иығына шапан жабылды. Шапанды Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Б.Жақып ғалымның шаңырағына келіп арнайы тапсырып, алдағы жылы ғалымды мемлекеттік марапаттарға ұсынатынын ашып айтты.

Марапат пен сый-сияпат ғалым еңбегінің өлшемінде көрсеткіші де емес. Ғалым еңбегінің шын көрсеткіші ретінде оның 360-тан астам ғылыми-танымдық еңбектерін, жетекшілігімен қорғалған қаншама жұмыстарды атауға болатын шығар. Бастысы, XX ғасыр басындағы қазақ прозасының, оның ішіндегі роман жанрының жай-күйін жан-жақты ашып, ғылым айдынына шығарған еңбегі екеніне дау жоқ. Бұл еңбектер қазақ халқымен, қазақ әдебиетімен һәм әдебиеттанумен бірге жасай бермек.

«Қазіргі заманғы әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның көшірмесін <https://cloud.mail.ru/stock/fhVoTRHKA3bBBnEjns5yDLDH> осы сілтеме арқылы өтіп, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының сайтынан көре аласыздар.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушысы,
кафедра сайтына жауапты:
Назира ДОСАНОВА
Досхан ЖЫЛҚЫБАЙ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен әдебиеттанудың көрнекті ғалымы, Ш.Айтматов атындағы Халықаралық қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зинол-Ғабден Қабиұлы Бисенғалидің 70 жасқа толуына орайластыра «Қазіргі заманғы әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өтті.

Конференцияға Түркия, Қырғызстан сынды алыс-жақын шетел ғалымдары мен қазақстандық әдебиеттанушылар, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің зерттеуші мамандары, студент, магистрант, докторанттар қатысып, төмендегідей мәселелерді ортаға салды.

- Зинол-Ғабден Қабиұлының ғалымдық және ұстаздық тұлғасын таныту;
- З.Бисенғалидің ғылыми-зерттеу еңбектерін қазіргі заманғы әдебиеттану контекстінде қарастыру;
- ғалымның қазақ әдебиетін зерттеудегі ғылыми ұстанымдарын пайымдау;
- XXI ғасырдағы әдебиеттанудың өзекті мәселелерін анықтау;
- қазіргі әдебиеттанудың даму бағыттарын айқындау.

Онлайн конференция модераторы филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мәуленов Алмасбек алғашқы сөзді конференцияның шетелдік қонағы, Қырғыз ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Абдылдажан Ақматалиевке ұсынды. Ғалым «Қырғыз-қазақ ғылыми байланыстары және профессор Зинол Бисенғали»



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

COVID-19-ға байланысты аудиториядағы дәстүрлі сабақ онлайн-ортаға ауыстырды. Жаңа технологиялар студенттерді оқытуды басқару жүйесіне (материалдарды жеткізуге, тестілеуге, сауалнамалар мен ынтымақтастық құралдарына, қашықтықтан оқытуды тірі коммуникацияға жақындатуға арналған әртүрлі құралдарды ұсына отырып) тартудың зор әлеуетіне ие.

Қазақ Ұлттық университеті оқытушыларға синхронды және асинхронды оқыту үшін веб-технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз, барлық сабақтар (практикалық және теориялық) интерактивті онлайн-тренинг түрінде (вебинарлар, форумдар, чаттар) және кез келген уақытта онлайн-тренингтерде (жазбаша тапсырмалар, тесттер) өткізілуі мүмкін.

Мұғалімдер Zoom-ді вебинарларға, WhatsApp-пен байланыс және материалдарды жеткізу үшін, ҚазҰУ Web 2.0 Университетін білімді бағалау және оқу туралы кері байланыс үшін қолдана алады. Алайда Microsoft Teams, Edmodo, Moodle сияқты көптеген веб-құралдар бар, олар барлық осы әрекеттерді қамтиды және қашықтықтан оқытуды тиімді түрде ұйымдастыруға көмектеседі.

Moodle жоғары оқу орындарында танымал бола бастады, өйткені ол бейне конференциялар, вики-парақтар, сауалнамалар, гипер сілтемелер, викториналар, форумдар, чаттар және басқалар сияқты көптеген ресурстар ұсынады. Оқыту мен оқуда икемділікті қамтамасыз ете отырып, ол әлеуметтік медиа элементтері мен білім беру ортасын біріктіреді. Бұл Moodle-ді қашықтықтан оқыту үшін мұғалім мен оқушының оқшаулануына үлес қоспақ.

«Шет тілі» курсы үшін (кәсіби қарым-қатынас үшін) оқытушы студенттерге курстың негізгі тақырыптары бойынша материалдар ұсынады: брендтер, маркетинг, ұйымдастырушылық құрылым түрлері, іскерлік кездесулер. Студенттер мазмұнын зерттейді және онлайн-семинарларда маңызды сәттерді талқылайды және сөйлеу мен сөйлесуге ықпал ететін тапсырмаларды орындайды. Мысалы, «Брендтер» тақырыбында студенттер Moodle-да оқуға тапсырма ретінде ұсынылған сөздік қорды қолдана отырып, Қазақстанда брендті жылжыту туралы әңгімелейді. Материалды және жаңа сөздерді түсініп, студенттер Қазақстан туралы Moodle Big Blue Button бейнеконференциясында сөзбен (вирустық маркетинг,

мақсатты аудитория, тартымды әуен, өнімді орналастыру, әл-ауқат факторы, сыртқы маркетинг, дыбыстық эффекттер) айтты.

Синхронды/асинхронды оқыту бойынша қаржы студенттерінің пікірлері. Студенттер терминдерді синхронды оқыту үшін желіден және асинхронды оқыту үшін офлайн режимінде қолданды.

1. «Жеке өзіме осы аптада сабақ берудің таңдаулы әдісі жартылай желіде, жартылай офлайн режимінде. Біріншіден, сөйлеу практикасы кейде қажет. Екіншіден, сабақтардың офлайн форматы ыңғайлы, өйткені бұл біз үшін кез келген уақытта оқуға мүмкіндік береді».

2. «Екі форматтың да артықшылықтары бар деп ойлаймын. Онлайн-семинарлар топтағы серіктестермен қарым-қатынасты қамтамасыз етеді және сөйлесу ағылшын тілін дамытады. Автономды оқыту туралы айтамын болсақ, бұл бізге жазу мен грамматиканы дамытуға көмектеседі».

3. «Екі нұсқа да жақсы. Онлайн-кездесуде сөйлесуге, оқытушымен тақырыпты талқылауға, пікір алмасуға болады. Бұл жақсы. Бірақ кейде байланыс нашар немесе техникалық қателер орын алады және біз он-



лайн оқулықты өткізіп жібере аламыз.

Офлайн тапсырмалар да ыңғайлы. Біз тапсырманы өзімізге ыңғайлы уақытта орындай аламыз. Әрине, шектеулі уақытпен. Желіден тыс сабақтың өзінде сіз әртүрлі типтегі мәселелерді шеше аласыз және бұл қызықты болады. Мысалы, біз эссе, тест, түрлі тапсырмалар орындадық. Сіз сондай-ақ әртүрлі қызықты іс-шараларды қоса аласыз. Менің ойымша, олардың екеуі де пайдалы. Егер мен осы екі нұсқаның бірін таңдасам, офлайн сабақты таңдар едім».

Мұғалімдер білім алушылардың білім алуына және жаңа оқу мүмкіндіктерінен пайда табуға ынталандыру үшін оқыту платформаларының барлық мүмкіндіктерін зерттеуі керек.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
оқытушылары: Оразбекова Индира,
Мырзахмет Мақпал, Рустемова Алма**

ТҰҒЫРЫ БИІК БІЛІМ ОРДАСЫ



86 жылдық өзіндік тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті білім мен ғылымның дамуын, қоғамдық өмір саласын жан-жақты дамыта білген бұл білім ордасы бүгінде әлемге әйгілі оқу орындарының бірі. 86 жыл тарих сахнасына аз уақыт болып көрінер, алайда білім ордасы үшін сан алуан тарихи кезеңдерді бастан өткергені сөзсіз мәлім дүние. 1934 жылы қасиетті қарашаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің іргетасы қаланды. Алғашында С.М.Киров атындағы ҚазМУ болса, кейіннен 1991 жылы 23 қазанында Қазақ Мемлекеттік университетіне ұлы философ, энциклопедист ғалым әл-Фараби аты берілген уақытта университеттің мәртебесі айтарлықтай өзгерді.

ҚазҰУ-і еліміздегі шоқтығы биік, мәртебесі өзгеше, атағы жер жаратын білім ордасы. Бұл бір күндік жетістік емес. Тамыры тереңге жайылған бұл білім ордасының іргетасы қаланған күннен бастап бүгінгі күнге дейін қалыптасуы мен дамуы, көптеген білімді ұстаздарымыздың қажырлы еңбектері мен жалынды жастардың білім мен ғылымға деген құштарлықтарының арқасында бүгінде еліміздің алдыңғы қатарлы білім ошағына айналып отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Атауының өзінде бір сиқырлы күш бар секілді. Білім ошағының атауын айтқанда: «Міне, менің оқу орным!», «Міне, менің білім ошағым» деп мақтанай қалатынымыз ешкімге жасырын емесі анық. ҚазҰУ-де талантты да білімді жастар үшін өздерін танытуға зор мүмкіндіктер жыл сайын көбейіп, түрленуде. Жыл сайынғы байқаулар, өздерін көрсетуге мүмкіндік беретін ұйымдар, әртүрлі білім саласындағы жарыстар өткізілуде.

Қазақ Ұлттық университетін кей кездерде «ҚазҰУ қалашығы» деп айтып жатқандарын естіп қалатынымыз да бар еді. Шынымен де, атауы білдей бір әлемнің екінші ұстазының құрметіне қойылған бұл білім ордасы бүгінде кішкентай, өзінің мыңдаған тұрғындары бар, бірінен кейін бірі қатар тізілген факультеттер, студенттер жатақханасы, Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы орналасқан, арнайы жастар үшін салынған кішігірім саябағы бар қалашыққа айналып отыр. Сонымен қоса, әлемдік рейтингте ҚазҰУ биылғы жылы үздік 200 ЖОО тізіміне енгенін айтпасқа болмас.

Білім ордамыздың символына айналған, әлемнің екінші ұстазы атанған, шығыстың сөнбес жұлдызы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын айтпай кету мүмкін емес. Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, ұстаз, өз замандастарының алды бола білген философ, шығыс аристотелизмнің ірі өкілі. Атаулы ғұламаның өзінен кейін қалдырған өшпес нақыл сөздері мен тәрбиелік мәні бар еңбектері бүгінгі ұрпақтарға мол азық беретін халық мұрасы ретінде қала бермек.

Сыйластық пен шынайы махаббаттың мекеніне айналған, талантты да дарынды студенттердің басын біріктірген, адам баласының тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін, достық пен білімнің қатар жүруіне себепші болған, ғашықтардың мекеніне айналған ҚазҰУ-дің тұғыры мәңгі биік болсын деп тілейміз!

Айтманова Көркем Арманқызы, Тұрмұхамбетов Ақылбек Жүрсінұлы

XXI ҒАСЫР – БІЛІМДІЛЕР ҒАСЫРЫ

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да, жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын-орнына қоя алады»-деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емес. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі, қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емес. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Қазіргі XXI ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің талпынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ, көз алдымызда дамып, өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осы тұрғыда физика-

техникалық факультетіне қараша айында Осака университетінің екі оқытушысы, профессорлары келіп жоғарғы білім, яғни, екінші диплом тұрғысынан пікір алмасқан болатын. Осака университеті, жалпы, қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел боламыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуда. Сөзімді қорытындылай келе мына өлең жолдарымен аяқтасам:

Көп қой шіркін, бауырлары, достары,
Тек алға деп сөздің бірін бастады.
Қарап тұрсаң, қызығасың, тоймайсың
Бұл ҚазҰУ түлектері, жастары.
Мына күні біраз ойды түйемін,
Елім үшін қуанамын, күйемін.
Білім алып жүрген оқу орнымды
ҚазҰУ-ды мен мәңгілік сүйемін!

Байтұрсынова Диляра Сәбитқызы,
Бердихалых Тилеу, Абильдаев А.Х.

ТЕРЕҢ БІЛІМ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Қазіргі таңда білім беретін қайнар көздері көптеп кездеседі. Соның ішінде жан-жақты, инновациялы, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау бітіруші түлектер мен ата-аналар алдында тұрған басты мақсат болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген сөздерінен-ақ білімнің елді алға жетелейтін нысан ретінде қарастырып отырғанын байқауға болады. Жоғары оқу орны ғылыми әрекетті жүзеге асыра отырып, жоғарғы кәсіби білім беретін оқу ордасы. Міне, соның ішінде жылдар бойы қалыптасқан тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болып табылады.

Еліміздегі үздік университеттердің бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған түлектер тапсырады. Бірақ оған: білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, талпынысы, ізденісі жоғары, бәсекеге қабілетті жастар ғана түсу мүмкіндігіне ие болады. Ол өз кезегінде бітіруші түлектердің жұмыс берушілер, ірі компаниялар арасында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер интеграцияға бейім болып келеді. Осыған орай студенттер мен магистрант, докторанттар арасында халықаралық академиялық мобильдік қатынастар қарастырылған. Ол дегеніміз студенттеріміз тәжірибе алмасу, білім жинақтау мақсатында шетелге барып, білім алуға мүмкіндігі бар. Бұл білім ордасын көптеген студенттердің таңдауының келесі бір факторы: озық ғылыми кітапхананың орналасуы. Жас ізденімпаз барлық қажет ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан таба алады. Қажет оқулықтың бар жоғын білу үшін электронды кітапханаға кіріп, тапсырыс берсе болғаны, сол оқулық бөлімшелерге келіп түседі. Келесі артықшылығы кітапханада интернет желісі орнатылған, демек ақпараттар оқулықтар мен шектеліп қоймай, шетелдік журнал-газет басылымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-дегі оқу ерекшелігі: кең ауқымды ғылыми база, жоғары білікті оқытушы құрамы, ғылым мен біліммен айналысуға арналған жоғары мүмкіндік жасалу және жастар үшін тартымды жағдай: белсенді де қызықты студенттік өмір. Жастардың белсенді студенттік өмірі мәнді де, әмбебап. Олар түрлі университет, факультет деңгейіндегі жоспарлар мен бағдарламалар негізінде жүзеге асып отырады. Студенттердің уақытын шығармашылыққа бағыттауы көзқарастарын, өз ой-пікірлерін қалыптастырады. Қазіргі күні университет қабырғасында көптеген студенттердің өзін-өзі басқаратын ұйымдар тіркелген. Оған кез келген студент өзінің көшбасшылық қабілетін көрсете отырып мүше бола алады. Бұл ұйымдар негізінде жастар біліммен қатар, шығармашылық пен ұйымдастырушылық, ортамен, қоғаммен қарым-қатынас орнатуға үйренеді, көптеген достарға кезігеді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

Өтегенова Сымбат Бекполатқызы, Тұрмұхамбетов Ақылбек Жүрсінұлы

ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕ – ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ КЕҢЕЙТУ МҮМКІНДІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті кафедраларында түрлі бағытта ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтар жұмыс істейді. Ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтардың жетекшілері – ЖОО-ның тәжірибелі педагогтары. Бұндай үйірмелерге сол салада қызығушылық танытқан әр оқытушы, магистрант, студент мүше бола алады.


Сондай үйірмелердің бірі теориялық және ядролық физика кафедрасында ашылған «Астрофизика» үйірмесі. Ғылыми үйірменің негізгі мақсаты – астрофизика және ядролық астрофизика саласындағы заманауи проблемаларды, ғылыми мақалалар жазудағы қиыншылықтар мен басты назар аударатын мәселелерді қарастыру, сондай-ақ, студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Үйірмеге студенттермен қатар, жас зерттеушілер, PhD докторанттар да қатысып, өз зерттеу салаларына байланысты небір қызықты материалдармен, қазіргі ғылым саласындағы жаңалықтарымен бөліседі.

Әр студент үйірмеде өзін еркін ұстауды үйренеді. Себебі, мұнда келетін студенттердің көбісі ғылымға ден қойған, өздерін болашақта жас ғалым деп санайтындар. Студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмелеріне қатысуы олардың зерттеу тақырыптарын дұрыс таңдауына, зерттеу дағдыларын дамытуға, ғылыми проблемаларды талдауға, ғылыми проблемаларды қоя білуіне және негізделген қорытынды жасауларына көмектеседі.

Университетімізде осындай үйірмелерге ерекше қызығушылықтың болуы студенттер тарапынан да қолдау тауып отыр. Жылдан жылға үйірмелер мен үйірмелерге қатысатын студенттер саны көбейіп келе жатыр. Әрине, мұны студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру жолында университеттің бірден бір жетістігі деп білеміз.

Жолжан Өркен, Жұмажан Жарылқасын Жұмажанұлы, Жансейтов Д.М.

**ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ ӘЛ-ФАРАБИ мен АҚЖАН
ӘЛ-МАШАНИҒА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ**



Қазақ Ұлттық Өнер Университеті және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аясында Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машаниге арналған «Әл-Фараби және Ақжан әл-Машани мұралары: зерттеу мен зерделеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Конференцияға Халықаралық Түркі академиясының тұрақты хатшысы Асхат Кесікбай, Стамбұл Сауда университетінің ректоры, профессор Юджел Огурлу, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі «Қолжазбалар және сирек кітаптар» ұлттық орталығы директорының орынбасары Күзембаев Қайыржан, танымал тарихшы, профессоры Хангелді Әбжанов, Мемлекет тарихы институтының қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, сонымен қатар магистранттар мен докторанттар қатысты.

Аталған шарада сөз сөйлеген Түркі академиясының тұрақты хатшысы Асхат Кесікбай ұйым басшысының құттықтауын жеткізіп, әл-Фарабидің жылының аясында атқарылған жұмыстары туралы баяндап, халықаралық конференцияның сәтті өтуіне тілектестік білдірді.

Айт кету керек, Халықаралық Түркі академиясы биыл түркі дүниесіне ортақ атаулы даталар қатарында әл-Фараби жылын жариялап, бірқатар халықаралық шаралар өткізіп, жаңа кітаптарды оқырмандарға таныстырды.

Twesco.org

**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ТАРИХШЫЛАР
КОНГРЕСІНІҢ VIII ОТЫРЫСЫ ӨТТІ**

10 желтоқсан күні Халықаралық Түркі академиясының және Еуразия ұлттық университетінің, Қазақстан Ұлттық тарихшылар конгресінің ұйымдастыруымен «Отандық тарих ғылымындағы тұлға: жаңа зерттеулер мен тәсілдер» тақырыбында Қазақстан Ұлттық тарихшылар конгресінің VIII отырысы өтті.

Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы және «Ұлық Ұлыс» – Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығына арналған келелі кеңеске Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры Әмірхан Рахымжанов, Қазақстан Ұлттық тарихшылар конгресінің төрағасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрайымы Жанна Құрманғалиева, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов, Мемлекет тарихы институтының директоры Еркін Әбіл, сонымен қатар зиялы қауым өкілдері, белгілі ғалымдар мен танымал тарихшылар қатысты.

Шара барысында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу

институтының «Абай» интерактивті кешенінің таныстырылымы өтті.

Жиында сөз сөйлеген Халықаралық Түркі академиясының басшысы Дархан Қыдырәлі ұйымның Алтын Орданың 750 жылдығына орай атқарған жұмыстары туралы баяндады. Сөз соңында Академия президенті түркі әлемі ғылымының дамуына және бауырластық байланыстарды нығайтуға қосқан үлесі үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықовты Халықаралық Түркі академиясының арнайы медалімен марапаттады.

Сондай-ақ, алқалы жиын аясында Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығына орай Халықаралық Түркі академиясы дайындаған бірқатар кітаптардың тұсаукесері өтті. Атап айтқанда Золотая Орда: история, государственность, культурное наследие», «Ұлық Ұлыс (Алтын Орда). Шағатай. Моғолстан мемлекеті», «Моңғолдың құпия шежіресі. Түпнұсқадан ғылыми аударма және сөздігі», «Жошы», «Зафарнама. Тарих-и-Жахангир (парсы тілінен аударма)», «Чагатайский улус. Государство Хайду. Моғулистан» (авторы – О.Караев) және «Берке – мусульманин на монгольском троне» (авторы – А.Порсин) атты кітаптар оқырманға жол тартты.

Қос қарлығаш

(Сәбира Мұхамеджанова мен Ләззат Асановаға)



Жас не еді, балғым бе еді, ұр еді ме?
 Моңір салған тымсымның құрғегіне
 Тура, едім қыздары қазағымның,
 Туранды-ау өскердің күрегіне.
 Өкпей еді, өр еді, өткір еді.
 Бағасын білмедің деп көк күмеді
 Уыздай қылдан нозік жас шыбықты,
 Темірдей кезгі өткірмен іткіледі.
 Шауымыз көрген қолдар тарамыс па?!
 Сендер де ілестіңдер ар ағысқа.
 Қазағымның қос қайсар қарлығашы,
 Жем болды-ау қарық-қарық еткен қара құсқа.
 Анасынан алған-ау ар-ибаңы,
 Тарыдай жеңісіңді таниды өмі.
 Тіршіліктен тоңазып, сол қаналсам,
 Еске алатын собидей Собираны.



Сәбира Мұхамеджанова



Ләззат Асанова

Желтоқсан жаңғырғын қазағымның,
 Анауың ақ орданың азатымың!
 Қазағымның лайланса тұрқытымы,
 Мен жалғасы болар ем Назырымның.
 Шыңдық іздеп шырылдап із кесті ме ел?
 Жаңағыммен жақсылап жүздесті ме ел?
 Ойнақшыған он алты жастарыңда,
 Отан үшін өт басым, тұз кештіңдер.
 Шырылдап тұрып алар төбем кей күн
 Мен оны өмір деймін, өлең деймін,
 Қос қарлығаш аспаннан көре қалсам,
 Сендер емес не екен деп елеңдеймін...

Авторы АҰДАРБЕКОВА



**Футбольная школа «БЕШИКТАШ КАЗАХСТАН»
 «BEŞIKTAS KAZAKISTAN» futbol okulu**

**5-14 yaş arası çocuklar için İngilizce eğitimli
 futbol okulu**

Instagram adresi. Beşiktaş_kazakhstan

Tel: +7 7028065412

WhatsApp: +905374003102

**Школа по обучению детей 5-14 лет
 футболу на английском языке
 Адрес в Instagram: Beşiktaş_kazakhstan**



ҒЫЛЫМИ ТӨҢКЕРІС – О. СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ «ЭТИМОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ» ЕҢБЕГІ



Оқырманға ұсынылып отырған Олжас Сүлейменовтің бұл кітабы «Этимологияға кіріспе» деп аталады. Бірнеше новеллалардан тұратын кітапта көптеген туыс және туыс емес тілдердің материалдары негізінде графикалық бейнесін қайта жаңғырту арқылы ғана білуге болатын бірқатар сөздердің этимологиялық зерттеулері ұсынылады. Жалпы алғанда кітап этимологияға қатысты тың идеяларымен оқырманның қызығушылығын тудырады. Ол сөз тарихы, тіл тарихымен айналысатын мамандарға өте қажет. Сонымен бірге жаңа этимологияның ғана дамуына емес, тарихнама, мәдениеттану, география және тағы басқа да білім салаларына да ықпал етері сөзсіз.

Ақиық ақын Олжас Омарұлы Сүлейменов филология ғылымы саласы зиялы қауымына ғана емес, сонымен қатар көзі қарақты әлем жұртшылығына түркітану және славянтану ғылымдарына өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері көне тілдер туралы төңкерістік сипаттағы

ғылыми тұжырымдарын ұсынған ғалым ретінде де кеңінен танымал. Ғалым еңбегі оның әлем университеттерінің бірде бірінде «Этимология» кафедрасының жоқтығы және оның себептерін іздестіруден басталады. Бұл тұрғыдағы ғалым ойы тағы да өзіне тән бірегейлігімен ерекшеленеді. Ғалым: «XX ғасырда Соссюрдің ғылыми ақиқат мәртебесіне ие болған семантикалық формуласы кең құлаш жайды. Бұл этимологтардың зерттеулерін едәуір жеңілдетті: егер сөзді бір кезде, біреулер жай ғана құрастырса, еркін ойлап тапса, енді оның тарихының тек беткі жағымен – фонетикалық сипатының әртүрлілігі, көршілес және туыс тілдерге таралу географиясымен ғана айналысуға болатын болды. Сөз, грамматика, жазу таңбаларының шығу тәркінің қарастыру қажет емес, немесе – сөз себепсіз деп айтылған!» - деп, бір ғана терең дәйектелмеген тұжырымның шылауында этимологияның дамуына себептерін көрсетеді. Ғалым «Академиялық этимология туралы», «Gibba – «бүкір» (лат.) сөзінің шығу тегі», «Жазба таңбаның этимологиясы» туралы бөлімдерден тұратын «Этимологияға кіріспе» кітабында тілдердегі фонетикалық жүйенің даму заңдылықтары негізінде тілдердің тамырластығын көрсетсе, чучело т.б. бірліктер этимологиясын талдай келе, оларды тілдік қатынастар нәтижелері ретінде танытады. Ғалым зерттеуі этимологияны таңба тарихымен байланыстырады. Осы тұрғыдан ғалым этимологияны рухани дамудың қайнар көздері туралы деректерге қол жеткізу құралы деп танытып, адамзат тілінің шығуы туралы зерттеулердің аса қажеттілігін, оны филологиялық мамандықтарда қайта жаңғыртудың өзектілігін дәйектейді.

А. Таусоғарова, С. Бектемирова,
жалпы тіл білімі және еуропа
тілдері кафедрасының
доценттері, филология
ғылымдарының кандидаттары

ҒЫЛЫМИ ӨСҮДЕ ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІКТЕР МӨЛ

Еліміздегі ЖОО-да магистратура, PhD докторантурада оқитын жас ізденушілер білімін шыңдау үшін көп мүмкіндіктерге ие болуда. Олар Білім және ғылым саласы бойынша жарияланып жатқан әртүрлі жобалар мен бағдарламалар аясында шет мемлекеттерде білімін жетілдіріп, шетелдіктермен тәжірибе алмасып, көрген-білгендері мен көкейге түйгендерін ел игілігіне жұмсауды көздеуде.

Әлемдегі рейтингі жоғары университеттермен халықаралық ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлықты дамыту – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басты бағыттарының бірі. Терең ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жас ғалымдарын өркениетті мемлекеттердің алдыңғы қатарлы оқу орындарына, ғылыми-зерттеу орталықтарына іссапарға, ғылыми тағылымдамаға жіберіп отырады. Осы орайда докторантурада таңдаған ғылыми-зерттеу тақырыбым бойынша Ernst Mach Grant – worldwide, Словак Республикасының Ұлттық шәкіртақысы секілді екі бірдей бағдарламаға қатысып, әлемдік деңгейдегі рейтингісі жоғары Вена экономика және бизнес университеті мен Философ Константин университетінің жеңімпазы, яғни, грант иесі атануым. Ғылыми-зерттеу жұмыс бойынша университеттердің ғылыми-зерттеу орталықтарында, кітапханаларында жүргізілген ізденістерім мен тыңдаған дәрістерімнің берері ұшан-теңіз. Әсіресе, Е. Wüster негізін қалаған «Вена терминология мектебі» нағыз ғылым ордасы. Сол жерден алған білімім мен жинаған мол дерекқорым диссертация тақырыбымдағы академиялық терминология мәселелерін шешуде мол мүмкіндіктерге қол жеткізді. Сонымен қатар Вена экономика және бизнес университетіндегі зерттеушілер үшін жасалған тамаша жағдайлар, техниканың соңғы әрі озық үлгілерімен жабдықталған кабинеттер мен зертханалар, ғылыми әдебиеттің мол қоры, тіпті сирек кездесетін қолжазбалармен зерттеу жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етілуі, бәрі-бәрі барлық оқырмандар мен зерттеушілер үшін өте ыңғайлы әрі тиімді.

Қос бағдарламаның тізгінін ұстауға себепші – «6D021300 Лингвистика» мамандығы бойынша ғылыми бағыт-бағдар берген филология және әлем тілдері факультетіндегі жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасындағы ұстаздарым мен докторлық диссертация тақырыбын ұсынған ғылыми жетекшім, филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Б. Бектемирова. Ғылым жолында інемем құдық қаза отырып, мыңдаған шақырым жерлерге сапар шегіп, қол жеткізген жетістіктер орасан зор және алған әсер жан тебіренеді. Осы баға жетпес жетістіктердің бастауы – қарашаңырық ҚазҰУ!

Ғылым саласындағы жастар – қазақ қоғамының болашақ элитасы. Жастар қашан да қоғамның қозғаушы күші. Ғылыми дұрыс жолға қойылған елдің келешегіне деген бағдары айқын. Жастарды шетелдерге әртүрлі ғылыми-зерттеу тәжірибелеріне жіберу өте орынды саясат. Ұлттық ғылымды дамыту әлемдік кеңістікке шығудың бірден-бір тиімді мүмкіндігі. Еліміз жастарға осындай мүмкіндіктерді қолданудың барлық жолдарын ашып қойған. Біздің елдің жастары бақытты!

Н. ӨТЕМҒАЛИЕВА,
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері
кафедрасының PhD докторанты

С. БЕКТЕМИРОВА,
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері
кафедрасының ф.ғ.к. доценті

ПРОТЕКЦИЯ УНИВЕРСИТЕТА СОЦИАЛЬНО УЯЗВИМЫХ СЛОЕВ НАСЕЛЕНИЯ В РАМКАХ ПРОЕКТА «АЙНАЛАҢДЫ НҰРЛАНДЫР»



Все вузы сегодня стремятся максимально соответствовать рыночной конъюнктуре, уделяя центральное внимание проблемам качества образовательного опыта, его положительного восприятия участниками образовательного контекста и используя принципы студентоцентрированного подхода. В нашем Казахском национальном университете им. аль-Фараби, за исключением основного образовательного

процесса и общеуниверситетской воспитательной работы, преподаватели в рамках различных волонтерских, творческих и научных проектов могут реализовывать свои внутренние потенциалы и возможности вне стен вуза, тем самым претворяя в жизнь новейшие идеи и оказывая поддержку социально уязвимым слоям населения. Одним из таких мероприятий является система дополнительного образования, которая содержит практико-ориентированное и деятельностное направление. В данной системе дети могут создавать ситуации, из которых самостоятельно извлекают знания из окружающего мира, взаимодействуют с различными социальными объектами и применяют творческие подходы для нахождения решений поставленных задач.

В этой связи педагогическим коллективом кафедры теплофизики и технической физики в рамках проекта «Айналаңды нұрландыр» проводятся дополнительные занятия для воспитанников Алматинского областного детского дома №1, характерно направленные на повышение качества знаний, раскрытие личностной «свободы», возможности самостоятельного выбора будущей профессии и становления активной жизненной позиции. Формами проведения заня-

тий являются беседа, лекция, тренинг, сюжетно-ролевая игра, практические занятия и т.д. Формат данных курсов направлен на формирование самостоятельной, ответственной и социально-мобильной личности каждого ребенка, способной к успешной социализации в обществе, в первую очередь на рынке труда.

Хотя социально-педагогическая деятельность детских домов сосредоточена на умение самостоятельно решать жизненные неурядицы и воспитание личности, в реалиях из-за отсутствия социальной, эмоциональной и родительской поддержки, иждивенчества, роста пассивности, большинство воспитанников не могут адаптироваться в обществе. В результате занятий с преподавателями кафедры каждый подросток получит более полное представление о внешнем мире, веру в свои силы, умение ставить достойные цели и осуществить их, а также коммуникативные компетенции, знания и навыки самопрезентации, необходимые в дальнейшей самостоятельной жизни.

Данная традиция оказывать поддержку и всевозможную помощь детям-сиротам действует со времен становления вуза. Так, профсоюзом студентов «Сұңқар», миссия которого представление и организованная защита в

установленном законом РК порядке социально-экономических прав и интересов своих членов, улучшение условий охраны их труда и здоровья, оказывается непосильная социальная помощь студентам из числа детей-сирот, многодетных семей и студентам с ограниченными возможностями. Также дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, при поступлении в наш университет имеют первоочередное право на размещение в общежитии.

Таким образом, при поддержке системой дополнительного образования воспитанник детского дома при выпуске из него может адекватно воспринимать возникшую социальную проблему и решать ее соответствующим образом, проявляя творческую самоотверженность, готовность выполнения основных гражданских обязанностей, уважение к человеческой личности и к ее суверенитету.

Оспанова Ш.С.
Алдиярова А.Н.
Нурмуханова А.З.
Казахский национальный университет
имени аль-Фараби преподаватели кафедры
теплофизики и технической физики

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

«Атом жобасы» бүгінгі таңда қандай жағдайда және еліміз осы тұрғыда қандай оң шешімдер қабылдауда? Міне, осы сұрақтар кімнің де болмасын көкейінен орын алары анық. Бұл сұраққа жауапты елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Ядролық сынақтарға тыйым салудан – ядролық қарусыз әлемге» атты халықаралық конференция барысында атап көрсеткен болатын. Өз сөзінде жаһандық қоғамдастықты ядролық қарудан бастартуға жетелеу қажеттігіне ерекше тоқталған Мемлекет басшысы: «Дәл осы мақсаттарда бүгінде Қазақстан АТОМ халықаралық жобасын іске қосады. Бұл аббревиатура ағылшын тіліндегі abolish testing and mission сөздерінің бірінші әріптерінен құрылған. Яғни, «біздің миссиямыз сынақтарды болдырмау» дегенді білдіреді», – деді.

Осы жоба аясында бірнеше жинақтар басылымдарға басылған болатын. Соның бірі жоба жетекшісі Олжас Сүлейменовтың Невада-Семей қозғалысына қатысты жинағы 2015 жылы қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да тұсаукесері болып өтті.

Олжас Сүлейменовтың бастауымен құрылған ядролық қарусыздану туралы «Атом жобасы» бүгінде осындай жағдайда. Енді өзімізді қорыта келе, мына бір өлең шумақтарымен аяқтасақ дейміз:

Сол бір уақыттар, сынды ма елдің жартасы,
Уайыммен жүрді қарттардың сонда алқасы.
Шешімін тапқан бұл бір апатты жағдайды
Олжекең екен, сол бір кісінің арқасы.

Әбділлә Мағжан Әкімжанұлы,
Сәрсенбай Ұлбосын Сәбитханқызы, Чихрай Е.В.

БОЛАШАҚҚА БІР ҚАДАМ

«Бұрынғы заманнан бері қазақ атамиз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», – деп атап өтті Елбасы.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір», – дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

Сағинаева Айгерим Сабыржанқызы,
Жумабаев Әбдісаттар Қуанышбекұлы

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ ОБЩЕЙ ТЕОРИИ ОТНОСИТЕЛЬНОСТИ

Современная наука развивается семимильными шагами. В том числе и в физике за последние десятилетия было сделано много новых открытий. Однако не все студенты ознакомились с информацией об интересующих их отраслях физики. С целью ознакомления с последними достижениями в области общей теории относительности в Казахском Национальном университете им. аль-Фараби физико-технического факультета преподавателями кафедры теоретической и ядерной физики был открыт научный кружок «Теоретические и прикладные аспекты общей теории относительности» под руководством доцентов кафедры докторов PhD Бошкаева К.А. и Таукиной А.С.

В данном кружке студенты развивают и совершенствуют свои навыки исследований в иностранных научных журналах и материалах конференций на английском языке по данной тематике, а именно прикладные аспекты ОТО, также они развивают свои навыки чтения и анализа литературы и публикаций на английском языке и могут принимать участие в научно-педагогических конференциях и публиковать свои научные результаты. Целиком и полностью юные дарования вовлеклись в

научно-исследовательскую и научно-организационную деятельность кафедры и факультета.

Основными задачами деятельности научного кружка являются: обеспечение активного участия студентов и магистрантов в проведении научных исследований мероприятий; формирование у студентов интереса к научно-исследовательской работе; развитие интереса и потребностей в участии в научных конференциях на университетском, республиканском и международном уровне; использование творческого и интеллектуального потенциала студентов и магистрантов для решения актуальных задач повышения эффективности образовательного процесса.

В заключении, хотелось бы отметить энтузиазм и рвение студентов заниматься наукой. Мы рады что они развиваются таким образом, и доказывают, что они действительно являются нашим будущим.

Асқар Нәзгүл Сансызбайқызы.,
Турсынбаева Адина Спабековна.,
Курманғалиева В.О.

ЕЛ ЕСІНДЕ...

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры Мырзағалиев Ғинаят Жұмабайұлының қазалы қайғысына ортақтас екенімізді білдіре отырып, отбасына, ағайындарына және туған-туысқандарына көңіл айтамыз.

Профессор, белгілі ғалым, әрі аяулы ұстаз 1933 жылы 6 қыркүйекте дүниеге келген Ғинаят Жұмабайұлы Мырзағалиев бүгінде арамыздан алыстап, мәңгілік дүниеге сапар шекті. Бес күндік бұл дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпейді. Келгендердің бірі ғұмырын тектен текке өткізсе, енді бірі мал-мүлік, жалған дүние үшін күнелтіп, сол күйі өмірден өтеді. Жалаңаш келген өмірден сол қалпында қайта қайтады. Ал ізденіп, бұл өмірге өзіндік үлесін қосып, өзі өлгенмен артына мәңгі өшпестей із қалдырып кететін адамдар шамалы. Сондай ұлы тұлғалардың бірі- біздің ұстазымыз Ғинаят Жұмабайұлы Мырзағалиев.

Ғинаят Жұмабайұлының өміріне көрік беріп тұрған асыл қазынасы қарапайымдылығы болатын. Қаншалықты биікте жүрсе де аспайтын, кішіпейіл, турашыл, батыл жандардың бірі еді. Шындықты айтудан тайсалмайтын.

1955 жылы теориялық физика кафедрасын үздік нәтижемен аяқтап, физика төресінің мықтылар қатарын толықтырып, 60 жылға жуық ғұмырын ғылымға арнады.

Өзінің еңбек жолы барысында оқытушылық пен ғылым жолын қатар ала жүріп, кванттық физика мен салыстырмалық теория саласын қатар меңгерді және жүзге жуық ғылыми мақалалар жазып, 7 оқу басылымының авторы болды.

1983 жылы «Кеңес Одағының Еңбек ардагері» атағына ие болған Ғинаят Жұмабайұлы 2003 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталып, 2009 жылы «Қазақстанның құрметті педагогы» атағына ие болды.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, Ғинаят Жұмабайұлы біздің есімізде тек жоғарғы дәрежелі ғылыми оқытушы ғана емес, аяулы жар, отбасының отағасы – үлгілі әке, ардақты ата болып қала бермек!

Паисханов Саидхан, Абдураимова Феруза,
Жәми Б.

ЕЛІМІЗ ДАМУ ЖОЛЫНДА



Нуклеин қышқылдары биологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарады. Олар тірі организмдердегі генетикалық ақпаратты сақтайтын және тасымалдайтын жасушаның (жасушаның) маңызды құрам бөліктері болып табылады. Нуклеин қышқылдары ақуыз биосинтезіне қатысады және тірі организмдерде тұқымқуалаушылықты сақтап, оның бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. ДНҚ жасуша ядросының хромосомасында (99%), рибосомаларда және хлоропластарда, ал РНҚ ядрошықтарда, рибосомаларда, митохондрияда, пластидтер мен дитоплазмада кездеседі.

Соңғы жылдары ғалымдар жоғары организмдердің

гендерін бактериялар мен ашытқы саңырауқұлақтарының организмне енгізуді іске асырды. Соңынан оларды ақуыз синтездеуге пайдаланды. Мысалы, инсулин генін осылайша «жұмыс істеткізді». Адам инсулині ең алғаш рет Е. солі деген бактерияның көмегімен 1982 жылы алынды.

Осылайша бір типтегі организмнен алынған генді басқа типтегі организмге енгізуді **гендік инженерия** деп атайды. Жоғарыда айтылған ипсулин, өсу гормоны – соматотропин, сондай-ақ гемофилия ауруына қолданылатын VIII фактор – гендік инженерияның өнімдері. Қазіргі кезде гендік инженерияның көмегімен түрлі жұқпалы ауруларға қарсы вакциналар өндіріле бастады.

Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі М.Ә. Айтхожин жасушалық макромолекулалардың (нуклеин қышқылдары мен ақуыздың) синтезі саласында өте маңызды зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Міне, осы және басқада қызықты мәліметтер өте көп. Себебі, қазіргі таңда бұл сала өз дамуын жалғастыруда. Шешілмеген мәселелер көп. Сол тұрғыда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұстаздары өз жұмыстарын жалғастыруда. Онымен қоса, студенттерге осы саланы түсіндіруде. Сол себепті, оларға айтпағымыз, жұмыстарыңыз алға баса берсін демекпіз.

Алиев Нұрасыл., Кунаков С.К.

ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗ ОЙЫМ...

Әлемде болып жатқан өзгерістер біздің елді де бейжай қалдырмағаны сөзсіз. Соның ішінде доллардың көтерілуін айтпасақ болмас. Бірақ басты байлық – денсаулық болғандықтан, тәж тажалы бізді уайымға салып қойғаны анық. Бұл жайында, елдің белді тұлғалары, бұл мәселенің шешімін табуда күрес жүргізіп жатқаны анық. Енді үйде отырған халыққа бұны ойлау үшін не істеу қажет, уайымға берілмес үшін не жасау керек? деген сұраққа келсек:

- бұл білімін шыңдағысы келетіндер үшін берілген уақыт;
- бұл миды тынықтырып, бір сәт барлығына көз жүгіртуге берілген уақыт;
- бұл қосымша білім алып, өзімізді дамытуға бөлуге берілген уақыт, деп, әр істің қайырын үйде отырып іздесек, бұны да жеңеріміз анық.

Еш сақтама, жүрегіңе ыза, кек,

Әр уақытта, жақсылықты ойла тек.

Бір Алладан қол жайып біз сұраймыз,

Тәж тажалы елден ерте кетсін деп!

Осы тұрғыда, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сол үшін, қолдан келгенше, басшылардың айтқан ақылын тыңдап, құлақ асайық. Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңғалдырап адам болады дейміз.

Мақсотова Маржан, Султанов Алихан, Мүкамеденқызы Венера

ҚАЗҰУ-дан ШЫҚҚАН ЖАС ТҮЛЕК

Бұл шығармаларды еліміздегі ең озық білім беретін қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне арнағым келеді. Оның да өзіндік себебі бар. Бала кезден армандап, қиялдап түсетін қаншама түлек, бүгінгі бірі ата, бірі ана атанып отырған жайы бар. Солардың бірі, Жас ана Сейтхан Ақеркениң әлеуметтік желідегі көңілден шыққан ойы жанды тебіренетеді. «Өзім білім алған қара шаңырақ өскелең ұрпақ, нағыз маман даярлауда болашақ маман иелеріне барлық жағдайды қарастырып, жоғарғы деңгейде білім алуларына ықпал жасап отыр. Университетіміздің бой көтергеніне 85 жыл толған білім ошағы өз тарихында көптеген жетістіктерге жетті. Қала ішіндегі «Қазғурад» қалашығы деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Ә.Жолдасбеков атындағы 1600 орындық студенттер сарайы, ТМД елдеріндегі жалғыз үлкен ауқымды «әл-Фараби» кітапханасы, спорткешені мен стадион, жаңа ғимараттар, әскери кафедра, технопарк, 5000 студентке арналған студенттер үйі, медициналық орталық және студенттерге қызмет ету орталығы студенттер игілігі үшін қызмет жасап отыр. Университет көптеген шетелдік жоғарғы оқу орындарымен бірлесе жұмыс жасайды. Егер ұстаз өз пәнін жан-тәнімен жақсы көрмесе, оның негізгі білімді жеткілікті түрде білім алушыға беруі мүмкін емес. «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында», - деп тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай әр ұстаз өзінің білімін үздіксіз көтеріп отыруы қажет. Университетіміздің физика-техникалық факультетінде, теориялық және ядролық физика кафедрасында өзіме білім берген аяулы ұстаздарым жас ұрпаққа әлі де тәлім-тәрбие беріп еңбек етуде. Атап айтар болсам Е.М.Абишев, Ф.Б.Белисарова, О.Иманбеков, Г.С.Нурбакова сынды асыл ұстаздарыммен мақтанамыз» - деп, сөзімді қорытындылағым келеді.

Дәукен Құралай, Жуманов Мерген Амирович

СЕНІҢ БҮГІНІҢ - ЕРТЕҢНІҢ БЕІНЕСІ

Өңгімеіміздің басын бітіруші түлектердің дайындығынан бастасақ,

Сыйлағанды еш ойланбай сен сыйла,

Әр уақытта болашақты көп ойла.

Қалауыңа түсің келсе, бұл уақыт

ҰБТ-дан жоғарғы ұпай сен жина! - деп бір кездерде, мақсат қойған, қаншама жас бүгінгі таңда ЖОО-дарында өз білімдерін алуда. Өңгімеіміздің жалғасын, сондағы қызықтарға берсек.

Біз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттеріміз. Бізбен бірігіп осы тақырып аясында біраз өткенге көз жүгірткен біздің ұстазымыз да бар. Енді осы тақырыпқа байланысты өз ойымызды ортаға салсақ.

Оқуға түскеннен кейін, біз біраз адамдармен таныстық, біраз жаңа достар таптық. Енді сөзді көбейтпей сол достар жайында өңгіме өрбітсек. Әрине, көпке топырақ шашқымыз келмейді, бірақ өмірде түрлі адамдар бар екен. Біздің жақын бір досымыз болды. Есімі жұмбақ болып қала берсін. Студенттік уақыттың қызықты шақтарын сонымен бірге бөлістім десем артық болмас, тек студенттік уақыт қана емес, мектептегі уақытта да біз жақын дос едік, мамыр айына дейін. Өмірде неше түрлі достарды көресің, бірі сені алдап кетсе, енді бірі сатып кетеді. Бірақ менің бүгінгі айтпағым ол емес. Бүгін мен өзіме қымбат болған бір досым жайында айтпақпын. Біз мектеп уақытының дос едік. ЖОО-на Алматыға бірге түстік, тек әртүрлі оқу орны болатын. Менің әлі есімде, он бірінші сыныпты бітірерде болды енді араласа алмаспыз деп, екі бөлініп кет-

кенбіз, бірақ бір қалада болғандықтан, қайтадан достығымыз өз жалғасын тапты. Қызығы сол, біз былтыр бір үйде тұрдық. Бір нанды бөліп жеп, қиын кезде бір-бірімізге демеу болдық. Осылай қаншама уақыттар өтті. Қарап отырсам, мендегі қызықты студенттік уақыт сол жылы болған тәрізді. Арада біраз уақыт өтті. Біз тек дос емес, туған бауырдай болдық. Ол менің ағам, мен оның інісі секілді нағыз бауырға деген қамқорлық бізді көрінетін еді. Осылай қанша уақыт өтті. Әлі есімде олар үйлеріне қыста кеткен уақыттарында мен үйде өзім қала алмадым. Ол досым енді жоқ секілді болып көрінді. Араға біраз уақыт салып, олар қайта келді. Әрине, мен есігімде оларға айқара аштым. Бірақ бұл жолы басқа адам едім. Оларды бұрынғыдай бауыр деп сырт көзге қабылдамасамда, іштей сол баяғы көңіл еді. Неге олай жасадым, оны әлі күнге білмеймін. Осылай біраз уақыт өтті. Мен ол бауырыма небір көңілге келер сөздер айттым. Не керек бір күні, мамыр айының тоғызыншы жұлдызы үлкен даудың шығуына себеп болды. Ол күнгі мендегі әрекетті айтуға мүлдем болмас. Осылай біздің достығымыздың, сонша уақыттық бауырмашылдығымыздың бір бөлігі де қалмады. Міне, осылай біздің арамыз үзілді.

Біздің мұнымен айтқымыз келетіні, жақын досыңыздың адалдығына сенімді болсаңыз, оның көңілін қалдырудан абай болыңыз!

Садирова Аружан, Түзел Аяжан,
Бошкаев Қуантай

БІЗДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Еліміздің білім ортасы, яғни, білім мекенінің альма-матері, қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің іргетасы қаланғанына бүгінде 83 жыл толып отыр. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшін соңғы жылдар өте табысты болды. Ең басты айта кетерлік жайт бүгінде университетіміз әлемдік «World University Rankings QS» (Ұлыбритания) беделді рейтингтік агенттігінің зерттеу қорытындылары бойынша 207-орыннан көрініп, әлемнің 250 үздік университеті қатарына енген жайы бар. Айта кетерлігі, бұл топқа ТМД елдерінен екі жоғарғы оқу орны, яғни, Ломоносов атындағы ММУ мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғана кірді. Осылайша қазақстандық білім мекенінің альма-матері Орталық Азия мен ТМД-дағы теңдессіз көшбасшы екенін тағы да дәлелдеді.

Шетелдік рейтингтегі ғылыми журналдарда жарияланған қазақстандық әрбір үшінші мақала ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. Мемлекеттік-жеке серіктестер негізінде бірегей нысандар салынып, университет кампусының инфрақұрылымдық құрылыстар жүргізіліп келеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ соңғы он жылдан бері ғылымға деген құлшынысы асқан. Қазірде ғылыммен айналысқысы келетін студенттер үшін жылда дәстүрлі түрде әлемдік деңгейдегі «Фараби әлемі» сияқты конференция, форумдар ұйымдастырылып отырады. Инновациялық жобалар мен ғылым саласына жаңалықтар ашуға тырысатын студенттер үшін жаратылыс тану бағытындағы факультеттерде бизнес-инкубаторлар ұйымдастырылған. Сонымен қатар, қазірде университеттің жеке технопарк өз қызмет жасауда. Соңғы жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көптеген шетелдік университеттермен біріге отырып, әр-түрлі ғылыми проектер мен бірлескен білім беру бағдарламалары ұйымдастырылуда. 2009 жылдан бастап ҚазҰУ-да заман талабына сай, маңызды магистратура мамандықтары бойынша қос дипломды магистрлік білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қос магистрлік бағдарламаларды іске асыру мақсатында таяу және алыс шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен келісім шарт жасасты.

Бекболат Айбала, Жакин Нурлан Сабитович

СЫРҒА ТОЛЫ СТУДЕНТТІК ӨМІР

Студенттік өмір – әр адамның өміріндегі энергияға толы, өмірді тану мен білімді толықтырудың ұмытылмас кезеңі. Бұл жаңа шылулар, танысулар, әсерлердің уақыты. Студенттік өмір тек қана оқумен шектеліп қалмауы керек, сонымен қоса өзінді және қабілеттеріңді әртүрлі бағыттарда көрсете алуға тамаша мүмкіндіктерді жіберіп алмау керек. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бұл үшін барлық жағдайлар жасалынған. Мысалға университетіміздегі жастар ұйымдар жөніндегі комитетті алуымызға болады Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары – университетке деген махаббатты көздерінен көруге болатын студенттер ғана емес, сонымен қоса биік шыңдарды бағындырғысы келетін әрбір адамға орын табылатын жеке әлем.

Студенттік өмірді құр босқа өткізбес үшін, жаңа орынға үйренісіп, жаңа адал достар тауып, мүмкіндігінше тезірек бейімделу қажет. Алайда бірінші курс студенттерінде жаңа оқу орнына, жаңа орын ерекшеліктеріне, жаңа танысуларға бейімделуде қиыншылықтар туындауы мүмкін. Мұның барлығы бірінші курстарда әлі де жауапкершіліктің қалыптаспағандықтан, олардың оқушы өмірде қалыптасқан өзара көмек пен рухани қолдауларға үйреніп қалғандықтан болады. Сонымен қоса мұның барлығына мамандық таңдаудағы сенімсіздік, оған дейінгі жеткіліксіз психологиялық дайындық; психологиялық өзін реттеп тәртібі мен әрекетті жүзеге асыра алмау, оқытушылардың күнделікті бақылауының болмауы; жаңа жағдайда тиімді еңбек режимі мен демалысты іздеуде; үй жағдайынан жатақхана жағдайына көшкенде күнделікті тұрмыс тіршілігі мен өз-өзіне қызмет етуді жүзеге асыруда; өзіндік жұмыстарды орындаудаға икемділік, консект жаза алмау, жаңа білім көздерімен, сөздікпен, анықтамалар мен сілтемелермен жұмыс істей алмау факторлары әсер етеді.

Студенттік орта заң бойынша жаңа және адал достар іздеудегі ең жақсы мекен болып табылады. Әрбір адам университетке ешкімді танымастан және көбінесе өзін жалғыз сезініп түседі, бірақ мектептегі бірінші сыныптан айырмашылығы университеттің бірінші курсына біз өзіндік тұрақты принциптары мен өзіндік ойы, қызығушылығы бар қалыптасқан тұлға ретінде түсеміз. Сондықтан келісіңіз, әрдайым нені іздейтініңізді білетін болсаңыз, іздеу сізге оңайға түседі. Сонымен қоса студенттер топтарында бір жас ерекшелігі басымдық болады, оның үстіне мамандыққа сәйкес бір типтік оқу бағдарламасымен оқыған кезде қызығушылықтары сәйкес келетін адамдарды кездестіру қиынға соқпайды. Жаңа достарды табу барысына жатақханада әсер етуі мүмкін.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ барлық бірінші курс студенттерін жатақханамен толықтай қамтамасыз етеді. 81000 шары шақырым ҚазҰУ қалашығында қазіргі заманауи нормативті-техникалық талаптарға сәйкес, 5000 аса студенттер тұратын ыңғайлы 14 студенттер үйі (жатақхана) орналасқан. Кез келген студенттер үйінде Сізде факультет пен оқу мамандығына тәуелсіз үйдің жылуы мен жылы атмосфера күтеді.

Жатақханада тұратын студенттердің тәртібі мен мәселелерін шешу мақсатында арнайы студенттердің өз-өзін басқару органы – іс-шараларды ұйымдастыру мен студенттерді орналастыру процесімен айналысатын жатақхананың Жоғар Студенттік кеңесі қызмет етеді.

Сейтқұл Ләззат, Рамадин Муслима, Рыспаева Майя

МҮМКІНДІГІ МОЛ ӨМІР

Мүмкіндік жайында әңгіме қозғалса, көбіміз қиындықты еске аларымыз анық. Бірақ, барлығы өзіміздің ойымыздан бастау алары анық емес пе?! Осы тұрғыда, барлық жерден дос таба біліп, жақсы дүниелер ойлаған абзал:

Өз қалауың болса егер жан досың,

Түрлі сыйды күте білші, сен тосын.

Жақын адам көп болғаны қолдау ғой,

Әр адамда, болса, бір-бір, Ай-Досың!

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімеді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем

қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

Сапарғалиева Ақерке,
Кушмухамедова Асима, Аймуратов Ерлан

БІЛІМ ~ ӨМІР ШЫРАҒЫ

Түлектері бұл жылдың қандай мықты,

Қарсыласын біліммен әр кез жықты.

Ел мақтаған азамат боламыз деп,

Топ басына көрініп, бүгін шықты.

Дүниежүзілік тәжірибеде постдокторантура институты жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлаудың тиімді нысандарының бірі, әрі ғылымның негізгі қозғалтқышы болып табылады. ҚазҰУ-дың жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін постдокторантура бағдарламасы ең алдымен ғылыми дәрежесі бар жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттырып, олардың жүргізген дербес ғылыми зерттеулерін тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер аясында және жоғары рейтингілі ғылыми басылымдарында жариялау арқылы өзектілігін арттыру мүмкіндігін береді.

Қазақстандағы постдокторантура бағдарламасын алғаш ашқан жоғары оқу орны ретінде ҚазҰУ талантты жас ғалымдарды қолдау үрдісін айқындап, университеттің индустриялық-инновациялық және білімге негізделген экономиканың орталығы ретінде қалыптасуының келесі кезеңін жүзеге асыруда.

Бұл жаңашылдық Қазақстан үшін қажетті ғылыми кадрларды даярлауға қатысты маңызды мәселелерді шешуге, жастарды «жылыстаудан» «тартуға» және «ғұламалардың айналымына» жұмылдыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама, сондай-ақ, ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметіне тек қазақстандық қана емес, сонымен бірге бүкіл әлемнің ғалымдарын тартуға септігін тигізетін болады және де отандық ғылымның әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне ары қарай интеграциялануына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда университет жоспарлы түрде алға жылжып, беделді әлемдік рейтингілердегі өз позицияларын нығайтуда, сондай-ақ заманауи ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар ірі зияткерлік корпорация болып табылады.

Молдабаева Гүлбану Дарибайқызы, Курманғалиева Венера Оразхановна

ӨЗГЕГЕ ЕМЕС, ӨЗІҢЕ БОЛСЫҢ СЕНІМ!?

Көңілді болсын, күші үлкен серінің!

Өзгеге емес, өзіңе болсын сенімің!

Жақсы сөзбенен жаныңа шуақ шаша біл,

Жарқырап тұрсын, жүректе гүлдей сезімің!

Мақаламды осы бір өлең шумақтарымен бастауды жөн көрдім. Жалпы, адам тұлға болып қалыптасуы үшін не нәрсе қажет? Мінекей, бұл маңызы бар сұрақ. Себебі, егер адам елін сүймесе, оны қадірлеп, кастер тұтпаса, онда ол қанша жерден тұлға болуға тырысса да, ол бола алмайды және оның өзгелер алдында қадірі де болмайды. Қазақ елі кең байтақ жерімен белгілі. Бірақ сол жерге аталарымыз білектің күшімен жеткенін есімізден шығармаған жөн.

Ал, бүгінгі таңдағы мәселе қайсы? Қазақ еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қоя тұрғанда, тіпті, өз тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. Бұның бәрі заман талабы дейміз бе? Жоқ, бұның бәрі сананың осы жаққа бұрылуында. Қазақ тілінде білмеу ұят емес, қазақ жерінде тұрып, орыс тілінде білмеу ұят, мінекей, осындай жағдайға келдік. Әрине, бұның бәрі қарынды аштыртады. Бірақ, амал не, көш жүре түзеледі демекші, ең алдымен, қандастарымыздың барлығына, елін, жерін, Отанын сүюді үйрете білсек, олардан нағыз патриот шығары анық. Бұған біздің қосар үлесіміз, өзіміздің қара шаңырақ Қазақ Ұлттық университетіміздің студенттерін осы жолда, патриоттық сезімге тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сөзімді қорыта келе, мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

«Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,

Алынбаған ақым бар сенде менің.

Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,

Бура бұлттар – бусанып терлегенім.»

Рахымбай Назерке, Тоқтарбай Сәкен

АБАЙ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ БАЛАСЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әр факультетінде «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «Абай – қазақ халқының ұлы баласы» атты тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп тұрады. Ондағы мақсат Абай өмірін жастарға үлгі ете отырып, таныстыру, жастардың мақсатын нықтап, алға жетелеу. Бұл шараларда Абайдың ата-анасымен қарым-қатынасы, жанына шәкірттер топтастыруы, орыстың классикалық әдебиетінің әсері, Батыс жазушылары мен ойшылдарын оқып үйренуі ақынға арналған басқа еңбектерінің үлгісінде жазылған. Абайдың үш ақындық мектебі: тіл әдебиеті, Шығыс үлгісі, орыс, Батыс классикасының әсері тарата талданған. Мақалада зар-заман әдебиетінің өкілдері Шортанбай, Мурат, Әбубәкіржайында да айтылған. Оларға консервативті ақындар деп баға беруі сол кездегі идеологиялық тапагттардан туған. Абайдың шығыстық философ, тарихшы, ақындарды білуі, ақындық шеберлігі, аудармалары жайында қысқа, нақты ойлар айтқан. Қазақ тіліндегі басылымдарға жазған алғы сөздеріне қарағанда, Абайға «революциялық рухты» көбірек танған. Шығармашылығының әлеуметтік жақтарын талдау басым. Сонымен қатар абайтану саласындағы кемшіліктер де айтылып өтілді.

Осы тұрғыда Абайдың өміріне қысқаша шолу жасап өтсек, Абай (Ибраһим) Құнанбаев

(1845-1904) – ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды көзқарасын исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

Кушекбаева Айнұр Жетируовна,
Бөлегенова Сымбат Алихановна

ЕЛ ЖАСТАРЫ – БІР ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі айтылар ой, жас жеткіншектің арманы, мақсатына байланысты. Жастар, қазіргі таңда қайда барады, қандай мақсат қойғаны дұрыс? Осы сұраққа қолымыздан келгенше жауап беріп көрейік. «Бұрынғы заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жара-та білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», – деп атап өтті Ел-басы.

Арманым үлкен не шағын,

Жастық шақ болар от, жалын!

ҚазҰУ-да оқу керемет

Мақсаты бұл бір Айшаның!

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір», – дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқындымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өз бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Башар Нұртөре Ерланұлы, Саутбеков Сейл Сейтенович

БІЗ БІРГЕМІЗ ӘРҚАШАН

Елде орын алып жатқан соңғы өзгерістер кімді де болмасын елең еткізгені анық. Дегенмен де, барлығының уақытша екендігін ұмытпаған жөн. Осы тұста әр істің қайыры бар демекші, әрбіріміз үйде отырып пайдалы ақпарат пен онлайн білімге ден қойып, өз біліміміздің арттыруға таптырмас мүмкіндік деп ойлаймын. Осы тұста, өзге оқу орындары секілді біздің қара шаңырақта қашықтан оқуды қабылдады.

Еліміздің ертеңгі бар үміттері,

Әр уақытта жақсыдан үміттенді.

«Біргеміз» деп, әрқашан жар салатын

Қазағымның сұлу қыз бен жігіттері!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің кәсіпқойлар командасы оқытушыларға көмектесу үшін бірден екі жаппай ашық онлайн курсы (ЖАОК) бастады: «Қашықтан оқыту!» және оның орыс тіліндегі аналогы «Обучай дистанционно!». Курстар қашықтан оқыту технологияларын түсінуге көмектеседі. ЖАОК әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушыларына арналған, бірақ біздің ұсыныстарымыз Қазақстанның басқа университеттеріндегі әріптестерімізге көмектессе, біз қуанышты боламыз. Біз MOODLE қашықтан оқыту жүйесін қалай қолдану керектігін және оқытушыға Univer жүйесінде қашықтан жұмыс істеуге қандай мүмкіндіктер бар екенін оңай түсіндіруге тырысамыз.

Біз сізге қашықтан оқыту технологияларын қолданылған оқу үдерісінде ZOOM, Microsoft Teams, Youtube Streaming және басқа сыртқы ресурстарды пайдалануды үйретеміз.

Біз дәріс, семинар, практикалық және зертханалық форматтарды ұсынамыз. Біз ағымдағы және қорытынды бақылау түрлерін жасаудамыз. Курс үнемі жаңартылып отырады.

Жұмаділлә Аида Оразханқызы, Имамбеков Онласын

ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жастық шақ. Ол кезде өмірдің қайнаған кезеңі болар. Себебі, бойыңда күш-жігер бар. Міне, біздің Қазақ Ұлттық университетінің студенттері де осы жастық шақтың қызығында қазір. Бірақ біз оларға ол қызыққа ерімей, білім алып, еңбек ету керектігін үйретудеміз. Себебі, жастық шақ көзді ашып жұмғанша өтеді де шығады. Сол үшін, бұл уақытта өзіңе керектігінің барлығын үйреніп алған жөн. Өзің қай жақты қалайсың, кейінгі өмірің сол жаққа қарай бұрылары сөзсіз. Егер сен қызық қуып қыдырып жүрсең, кейін сол қыдырғаныңның жемісін жейсің, егер еңбек етіп, білім алып, өз ісіңмен айналыссаң ертеңгі күн сол еңбектің нанын жейсің. Сол үшін осы сәттен бастап ойланып, бір шешімге келген жөн. Міне, осыны біз шәкірттеріміздің миына құйып келеміз. Олардың жақсы болғаны бізге мақтаныш, бізге қуаныш емеспе?! Сол үшін әрбір жасты осылай тәрбиелеуге тырысамыз. Осы тұста, жүректен шыққан жырыма берсем,

ҚазҰУ – менің шабытымның айғағы,
ҚазҰУ – менің жеңісімнің байрағы.
ҚазҰУ – менің студенттік өмірім
ҚазҰУ – менің достарым ғой жайдары.

ҚазҰУ деген – жастық шақтың мекені,
ҚазҰУ деген – ғажап сырды шертеді.
Жырласам да қанша өлеңмен көп емес
Мен өзіңмен мақтанамын себебі.

Кезекті шәкірттеріміздің көз қуантарлық нәтижелеріне берсек. Биылғы жыл бізге жағымды, жақсы нәтижелерімен басталды. Оған дәлел 56 млн 115 мың теңге, физика-техникалық факультетінің бакалавр, магистратура, докторантурада оқып жатқан студенттеріне тағайындалды. Бұл шәкіртақы белсенді студенттерге, соның ішінде, білім, ғылым жолында ізденіс үстіндегі студенттерге берілді. Алдағы уақытта, сіздерден үлкен үміт күтеміз, күтілген үміт ақталады деген сеніммен сөзімді аяқтайын.

Буканаева Айым, Федоренко О.В.

ДОС ТАҢДАЙ БІЛУДЕ ҚАТЕЛЕСПЕҢІЗ

Өмір – осы бір төрт әріпте қаншама мағына жатыр десеңші. Бүгін осы бір қилы өмірдегі, түрлі достар жайында айтпақпыз. Біз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің студенттеріміз. Бізбен бірігіп осы тақырып аясында біраз өткенге көз жүгірткен біздің ұстазымыз да бар. Енді осы тақырыпқа байланысты өз ойымызды ортаға салсақ.

Оқуға түскеннен кейін, біз біраз адамдармен таныстық, біраз жаңа достар таптық. Енді сөзді көбейтпей сол достар жайында әңгіме өрбітсек. Әрине, көпке топырақ шашқымыз келмейді, бірақ өмірде түрлі адамдар бар екен. Біздің жақын бір досымыз болды. Есімі жұмбақ болып қала берсін. Студенттік уақыттың қызықты шақтарын сонымен бірге бөлістім десем артық болмас, тек студенттік уақыт қана емес, мектептегі уақытта да біз жақын дос едік, мамыр айына дейін. Өмірде неше түрлі достарды көресің, бірі сені алдап кетсе, енді бірі сатып кетеді. Бірақ менің бүгінгі айтпағым ол емес. Бүгін мен өзіме қымбат болған бір досым жайында айтпақпын. Біз мектеп уақытының дос едік. ЖОО-на Алматыға бірге түстік, тек әртүрлі оқу орны болатын. Менің әлі есімде, он бірінші сыныпты бітірерде болды енді араласа алмаспыз деп, екі бөлініп кеткенбіз, бірақ бір қалада болғандықтан, қайтадан достығымыз өз жалғасын тапты. Қызығы сол, біз былтыр бір үйде тұрдық. Бір нанды бөліп жеп, қиын

кезде бір-бірімізге демеу болдық. Осылай қаншама уақыттар өтті. Қарап отырсам, мендегі қызықты студенттік уақыт сол жылы болған тәрізді. Арада біраз уақыт өтті. Біз тек дос емес, туған бауырдай болдық. Ол менің ағам, мен оның інісі секілді нағыз бауырға деген қамқорлық бізді көрінетін еді. Осылай қанша уақыт өтті. Әлі есімде олар үйлеріне қыста кеткен уақыттарында мен үйде өзім қала алмадым. Ол досым енді жоқ секілді болып көрінді. Араға біраз уақыт салып, олар қайта келді. Әрине, мен есігімде оларға айқара аштым. Бірақ бұл жолы басқа адам едім. Оларды бұрынғыдай бауыр деп сырт көзге қабылдасамда, іштей сол баяғы көңіл еді. Неге олай жасадым, оны әлі күнге білмеймін. Осылай біраз уақыт өтті. Мен ол бауырыма небір көңілге келер сөздер айттым. Не керек бір күні, мамыр айының тоғызыншы жұлдызы үлкен даудың шығуына себеп болды. Ол күнгі мендегі әрекетті айтуға мүлдем болмас. Осылай біздің достығымыздың, сонша уақыттық бауырмашылдығымыздың бір бөлігі де қалмады. Міне, осылай біздің арамыз үзілді.

Біздің мұнымен айтқымыз келетіні, жақын досыңыздың адалдығына сенімді болсаңыз, оның көңілін қалдырудан абай болыңыз!

Аманжол Нигара,
Курманғалиева Венера



МОЛ МҮМКІНДІК СЫЙЛАДЫҢ...

Бұл мақалаға мен еш ойланбай кірістім. Себебі, бұл тақырып ойыма келгенде кімдер жайлы жазарым да анық еді. Ол әрине, біздің аялуы ұстаздарымыз.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас. Сөзімнің жалғасы ретінде мына бір өлең жолдарын сол тұлғаларға арнағым келеді.

Үйреттіңіз мына бізге бәрін де,

Бұл өмірдің ғажап сондай сәнін де.

Қоса оған жалықпай еш айттыңыз

Бөледіңіз бізге білім нәрін де!

Бұл кафедра сонымен қоса бірнеше жобалармен айналысады. Робот жасау, Атом жобасы, Жалпы салыстырмалық теориясы және тағы да басқа тақырыптар бойынша көкейде жүрген сұрақтарды осындағы кез-келген кісіге айтсаның қол үшін берері хақ. Бұл кісілерге қатысты айтылатын әңгіме өте көп. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Баратова Сахибям, Бошкаев Қуантай

СТУДЕНТТІҢ СЫРЛЫ СҰХБАТЫ

«Ана» бұл қасиетті ұғым, қолына қалам алмас адамды да жазғызады емеспе?! Қара шаңырақ Қазақ Ұлттық Университетіміздің факультеттері ғана емес, факультет ішіндегі әрбір курс студенттері бұл тақырыпта кем дегенде бір кеш өткізді десек артық айтқанымыз болмас. Ендеше, біз де өз ойымызды ортаға салсақ.

Шет жүрсем сағынарым,

Жабықсам шағынарым.

Анашым бір өзіңсің,

Табынарым!

Бұл «Анашым» әнінің бір шумағы, қандай керемет сөздер, аз да болса мағынасы терең. Біздің көңілімізде осылай емеспе?! Қайда жүрсек те, бізді ойлап, уайымдап, тіпті, ауырып қалсаң сезіп қоятын, міне осы жандар екен. Осыған байланысты мен басымнан өткен бір жағдайды айта кетейін.

Мектеп аяқтауға бір жыл қалған уақыт, яғни, оныншы сыныптың жазы. Мен Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындаламын деп, үйдегілерден сұранып, қалада қалдым. Өзім жалғыз қалмайын деп, жақын бір досымды анасынан сұрап алып, үйге бір апта жүруін өтіндім. Ол қуана келісті. Сонымен, ол досым келісімен, сыныптастарды жиып, кеш өткізбекке кірісті. Мен ештеңе демедім. Осылай бәрі келді, біразі ішімдік қолданды. Не керек сонымен бәрі тарап қайтты. Соңында біз қалдық. Масайып қалған досым, өзінің ұнатпайтын адамдарына барып күш көрсеткісі келіп, үйден шықты. Менде бірге бардым. Осылай бұл бір өзі, ал бұның қарсыластары бірнешеу еді. Сонымен, соңында досым жарақат алып, ауруханаға түсті. Әрине, бәрі жан-жаққа тарап кетті. Бір күдікті адам мен болып, мені ішкі істер қызметкерлері алып кетті. Не керек, біраз жағдайлар, сұрақтар болып, әйтеуір, үйге түнде қайттым. Ертеңіне жағдайдың бәрін реттеп үйге қайтамын деп отырғанда, «анам» қоңырау шалды. Ешқандай оқуға қазір дайындалудың қажеті жоқ, үйге қайт, үйде дайындаласың деді. Сонда түсіндім, ана шіркін баласының қиналған жүрегін бірден сезеді екен-ау деп ойладым. Осыдан кейін ананың бәрін сезіп қоярын, сенің қуанышың, мұңың қайда жүрсенде анаңа белгілі екенін ұқтым. Сол үшін аналарымызды құрметтейік, қадірлейік, ұзақ ғұмыр тілеп, бақытына себепкер болып жүрейік дегім келеді. Аналарымыз аман болсын!

Бахтиярова Дана, Хасанов Манас

БИККЕ САМҒА, СТУДЕНТ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2015-2016 жылғы түлектері төрт жылдық оқуларын аяқтап, басым бөлігі магистратураға да түсті. Соның ішінде біздің студенттеріміз де баршылық. «Физика» мамандығының қазіргі таңда магистратурасында оқып жүрген, Садықов Айдар және Иманқұл Мұсат сынды студенттеріміз, оқумен қоса жұмысты да қатар алып жүр. Әрине, бұл бір қуантарлық жағдай. Енді Иманқұл Мұсаттың бір әңгімесінде жаңа жұмысы жайындағы ойын білген болатынмын. Соны айта кетсем. Бұлар тұрған мектеп, бұрыннан оқушыларға сапалы білім беріп келе жатқан Талғар қаласындағы түрік лицей-интернаты. Сондағы мектеп директоры Мұсаттың ойында ғажап бір тұлға ретінде қалыптасқаны белгілі. Ол кісі Раджабова Зулфия Исламовна. Бара сала құшағын жайып қарсы алған, ол кісінің Мұсат сөйлеу мәнеріне, адамгершілік бейнесіне жалпы адами болмысына қызыққанын айтып жүреді. Сонымен қоса, одан өзге директордың орынбасарлары Сона Вахриевна және Азат Жұмахановна және т.б. ұстаздарына дән риза. Біздің студенттеріміз осындай керемет ұйымшыл ортада жұмыс жасап жүргеніне тек қуанамыз.

Қазіргі таңда бұл студенттердің бірі, докторантурада оқып жатса, енді бірі Германияда өз білімін жалғастырады. Бізден түлеп ұшқан студенттердің осылай жағымды жаңалықтармен бөліскені бізді қуантады. Бұдан бөлек, айтар мысалдар өте көп. Қорыта келе айтпағымыз, ол кісілердің жұмысына табыс, алдағы күндеріне сәттілік тілейміз!

Ділдан Асел, Имамбеков Оңласын

ОЙЫҢДЫ ӨЗГЕРТІП, ӨМІРІҢДІ ӨЗГЕРТ

Қазіргі таңда бизнес тренинг деген курстарды табу қиындық туғызбайды. Бірақ солардың ішіндегі қайсысына барған дұрыс, қайсысы сапалы дүние шығарады. Міне, маңыздысы осы. Бүгін осыған қатысты біраз мәліметтерді сіздермен бөліскіміз келіп отыр.

Көшедегі жарнамалар, болмаса интернетке кіріп қарасаң, небір курстар көз алдыға шыға кетеді. Өзің нені таңдарыңды білмей қаласың. Оған қатысты айтылатын басты кеңес, нәтижесі дер едім. Осы курстардың ішінде «Бизнес Бастау» кәсіпкерлік мектебіне қара шаңырағымыз Қазақ Ұлттық университетінен бірнеше шәкірттеріміз қатысуда. Солардың ішінде филология факультетінен Думан, механика-математика факультетінен Несібелі және өзіміздің физика-техникалық факультетінен Иманқұл Мұсат есімді студенттеріміз қатысып жатыр. Енді солардың нәтижесіне көз жүгіртпес бұрын, алдымен бұл курс жайлы айта кетсек.

«Бизнес Бастау» кәсіпкерлік мектебі, бүгінде өзіне он үшінші тобын қабылдады. Басшысы Ахметбек Нұрсипа есімді кісі. Әрине, бұл курсқа қатысып бай болып кетемін деген дүние емес. Адамға бір пайыз дарын берілсе, тоқсан тоғызы еңбекпен келетіні біздің бәрімізге белгілі. Сол үшін, ондай нәтижеге қол жеткізу өзіңізге байланысты. Енді бұл кәсіпкерлік мектебі нені үйретеді? деген сұраққа келсек. Егер сіз бұл мектептің студенті болсаңыз, сізді бұл кісілер еңбекке деген құлшынысты, ерік-жігеріңізді дамытуды және өз бизнесіңізді бастауды үйретеді. Сондағы жолдардың бәрін көрсетуге тырысады. Оны одан әрі қазып, зерттеу өзіңіздің еншіңізде. Осы мектептің түлегіне айналған біздің студенттер бүгінде өз бизнестерін қосымша алып жүр. Соның ішінде біздің шәкіртіміз Мұсат, бұл таңда өзінің жеке кәсібін хобби ретінде алып жүр. Ол кәсіп өзінің бойындағы өнерге байланысты, басқа ешқандай артық ештеңе жоқ. Бұрыннан бұл өнердің бойында барын білетін Мұсат, оны дамытуға, одан осындай бір кәсіпті бастауға «Бизнес Бастаудың» түрткі болғандығын айтады. Сол себепті, егер сіз қандай кәсіпкерлік мектепке барамын деп ойланп жүрсеңіз, еш ойланбай «Бизнес Бастауға» барыңыз. Себебі, сіз мұнда кәсіпті таңдап қана қоймай, Ахметбек ағаның кеңесін, тәжірибесін, ерік-жігер сабағын, сонымен қоса сенбі күнгі Медеуге бірге саяхатты да қызықтай аласыз.

Ералиева Ару, Имамбеков Оңласын

МЕН – ЕЛІМНІҢ ПАТРИОТЫ

«Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар сенде менің.
Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар – бусанып терлегенім.»

Мақаламды осы бір Мұқаңның керемет өлеңімен бастауды жөн көрдім. Жалпы, адам тұлға болып қалыптасуы үшін не нәрсе қажет? Мінеки, бұл маңызы бар сұрақ. Себебі, егер адам елін сүймесе, оны қадірлеп, қастер тұтпаса, онда ол қанша жерден тұлға болуға тырысса да, ол бола алмайды және оның өзгелер алдында қадірі де болмайды. Қазақ елі кең байтақ жерімен белгілі. Бірақ сол жерге аталарымыз білектің күшімен жеткенін есімізден шығармаған жөн.

Ал, бүгінгі таңдағы мәселе қайсы? Қазақ еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қоя тұрғанда, тіпті, өз тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. Бұның бәрі заман талабы дейміз бе? Жоқ, бұның бәрі сананың осы жаққа бұрылуында. Қазақ тілінде білмеу ұят емес, қазақ жерінде тұрып, орыс тілін-

де білмеу ұят, мінекей, осындай жағдайға келдік. Әрине, бұның бәрі қарынды аштыртады. Бірақ, амал не, көш жүре түзеледі демекші, ең алдымен, қандастарымыздың барлығына, елін, жерін, Отанын сүюді үйрете білсек, олардан нағыз патриот шығары анық. Бұған біздің қосар үлесіміз, өзіміздің қара шаңырақ Қазақ Ұлттық Университетіміздің студенттерін осы жолда, патриоттық сезімге тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сөзімді қорыта келе, мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Қазақ елі, менің алтын қазынам,
Жырлатайын өзіңнің бір сазыңнан.
Қалсам егер сырқаттанып мен дағы
Таулы қырат, сол ауаңнан жазылам!
Болмасамда ақын, әнші, сазгер де
Бір сен үшін, шырқатамын жазып ән!

Жарилкасымова Салтанат,
Курманғалиева Венера

ЖАСТАР – БОЛАШАҚҚА АПАРАТЫН АЛТЫН КӨПІР



«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір» дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанын-

да қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан –2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашанда, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

Қорыта келе, өскелең ұрпақтың бойынан жақсы қасиеттерді көре қалсақ, оның бәрі біздің көңілге үлкен сенім ұялатары сөзсіз. Неге десеңіз? Бұл жастар біздің болашағымыз, ертеңгі ел тірегі. Сол себепті, осындай бойында қазақы рух тасып тұрған жастарды көргенде біз келешекті жарқын елестете аламыз.

Жуванышева Ардак, Кунаков С.К.

КЕЛЕШЕК БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да, жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын орнына қоя алады»-деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емес. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі, қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емес. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Қазіргі XXI ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің талпынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ, көз алдымызда дамып,

өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осака университеті, жалпы, қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел болмамыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуда.

Исаева Гульназ, Хасанов Манас

«БІЛІМІ ТЕРЕҢ, ӨРКЕНИЕТІ КЕҢ ӘЛЕМ»

«Адам ұрпағымен мың жасайды», осы ұлағатты сөздің астарында қаншама терең сыр жатқанын шын жүреппен сезіне аламыз ба? Осы орайда мен, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың ұстазы ретінде және өз шәкіртімен біріге, білім жөніндегі ойымды ортаға салсам деймін. Бүгінгі күннің ұрпағы ертеңгі жарқын болашаққа жол салушылар емес пе? Ал, олардың салған жолдарының жарқын болуына кепілдік бере аламыз ба? Міне, осындай сипаттағы сан алуан сауалдар кімді де болса, ойландырмай қоймас. Осындай сыни тұрғыдағы сауалдар төңірегінде ойлану, оған жауап беруде іске асқан жұмыстардың астарынан дәлел іздеп тапқандаймын. Ұрпағымыз саналы тәртіп пен сапалы білім негіздерімен қаруланған кезде ғана еркін тыныс алармыз. Менің басты мақсатым: мектеп өміріне қайткен күнде бүгінгі күн талабын қанағаттандыратындай бетбұрыс жасауға бағыт беру. Мектептегі әріптестерімнің жаңа бағыттағы дұрыс жасаған іс-әрекеттері менің ойымды алысқа жетелеп, қиял әлеміне енгізіп жібергендей. Әсіресе мектепшілік шаралардың қызықты өтуі, ата-аналардың сенімінің артуы сенімділік пен ынтымақтастықтың бірігуіне жол ашты. Дегенімен курс бойынша сертификатталған мұғалімдердің өткізген сабақтарының тартымдылығы оқушылардың жауапкершілік дағдыларын бойларына сіңіруіне, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға оң ықпалын тигізуде. Еліміздің ертеңгі тізгінін қолына алатын, бүгінгі күннің майталмандары алдымызда отырған шәкірттер. Қайтсек те, тек қана алға ұмтылу, болашақ қамын орнықтыру үшін келелі мәселелердің шешімін табу жолында белсенділік таныту, тапқырлық әрекеттер жасау әрқайсысымыздың парызымыз деп білемін. Тамырын тереңге тартқан кең өркениет әлеміне сұғына ену үшін шәкірттеріміз шабытты, білімді, өжет, қайсар мінезді болуы шарт. Ол үшін, алдымен мұғалімдер қауымы Қазақстандық білім беру мазмұнын жаңа сатыға көтеріп, қарқынды қадам жасауы тиіс екеніне көзім жетті. Айналама қарап, мені қоршаған әлемдегі сан алуан өзгерістерге шаттана қуанып, қанатымды кеңге сермеп, шабыттана түскендеймін. Алдымыздағы үлкен асуға – біліктілік пен ұстаздық шеберлігімізді ұштастыра отырып, шәкірттерімізді мынау кең әлемді мойындататын рухани биік шыңға шығару міндеті тұр. Терең ойларға беріліп, сенім жүгінің ауыр екендігін сезіндім. Бірақ, мен көшбасшымын, қандай кедергілер болмасын көзін тауып, шешімін табуға дайын болуым керек... Ол менің көшбасшылық ұстанымым.

Мухтар Нурия, Пеньков Федор Михайлович

ТӘРБИЕСІЗ БЕРІЛГЕН БІЛІМ — АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық барлық өміріне апат әкеледі», – депті әл-Фараби бабамыз. Мұнан өз тағдырын өзін шешуге қолы жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екенін байқаймыз.

Отаннына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең – жырлар, мақал – мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Патриотизм мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады. Патриоттық сезімді тәрбиелеуде түрлі құралдар пайдаланылады. Патриоттық сезімдер құралдарына:

1. Ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады.
2. Ұлттық нышандары – Елтаңба, Ту, Әнұран.
3. Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б.
4. Қазақ зиялыларының өнегелі іс-әрекеттері мен сөздері.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. Бізге әр семестр сайын әр кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Сарқұлов Бақытжан, Хасанов Манас

ШЕРАҒА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ



Қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қанша ақын, жазушы, танымал тұлғалар білім алған. Біз кезекті мақаламызды, сол тұлғалардың жазған шығармаларына талдап қарасақ.

Өмірдің шындығын, аштысын, тәттісін, сол заманның бейнесін сезініп суреттеу, шығармасына арқау ету әркімнің қолынан келе бермес. Шерағаның әңгімелеріндегі Алатау баурайындағы шағын қазақ ауылдары тұрғындарының сол бір сұрапыл Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыныс-тіршілігі, арман-мақсаты, ертеңгі күннің жарқын боларына үміті, жастар өмірі түрлі тараптан баса бейнеленген. Қаламгер біреуге еліктемей сол заман бейнесін оқиғалардың көмескі елесі күйінде емес, қазіргі заманның көкейкесті күрделі мәселесімен, жер бетіндегі баянды бейбітшілік үшін күрес проблемасымен байланыстыра суреттейді. Осылайша, Ұлы Отан соғысына қатысты

жайлар тарихтың игілігіне ғана арналған нәрселер емес, бүгінгі өзінде қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар, халықтың жадында сақталған, ұмытылмас азапты күндер елесін жазушының әңгімелерінен байқаймыз. Сондай әңгімелердің бірі «41 жылғы келіншек». Бұл туындыдағы Хадиша тағдыры арқылы сол замандағы әйел адамның, абзал жандардың сезіміне адал, ғашығын сарғая күткен пәк қазақ әйелінің бейнесі шебер сомдалған. «Мақсұттың отын өшірмей, түтінін түтетіп», басқа біреуге тұрмысқа шықпай, күйеуінің аруағын осыншама уақыт сыйлап отырған қазақ әйелінің алдында қалай тағзым етпейсің?! Хадиша мен Мақсұт сынды жандардың өмірін, тағдырын соғыс сұмдықтың күл-талқан еткендігі, ғашық жандардың ыстық сезімдерін, абзал пәк әйелдердің үмітін, талай шаңырақтың берекесін қашырғандығын ойласаң, бейбіт күннің қадір-қасиетін бұрынғыдан да ерекше ұғынарсың.

Әдетте кім неге мұқтаж болса, оны сол нәрсе қинайды ғой. Жалаңаяқ Ноянды, әрине, аяқ киім қинайды. Осы тұста бала Ноянның жан дүниесіндегі қайшылық психологиялық тұрғыдан терең ашылады. Жалаңаяқ, жыртқық балақ, жылқышы баланың алдымен бәтеңкеге қызығып, аз уақытқа болса да, көңілінің көтеріліп, кейін өзі жириеніп, ренжуі – табиғи. Осы жәйт сол бір қысылтаяң күнкөріс кезеңнің келбетін көз алдына елестетіп, заман сырын, өмір шындығын сездірмей қоймайды. Жазушы туындыларындағы өмір шындығы, заман сыры, уақыт тынысы шебер әрі қанық суреттелгенінен Шерхан ағаның өз жазу мәдениеті, стилі бар екендігін байқатады. Көлемі шағын болғанына қарамастан автор әңгімелері оқырманға ой ұялататын, өзіндік идеясы бар құнды туындылар. Бұлар – қазіргі қазақ әдебиетінің ажырамас бөлшегі әрі қазынасы.

Насырова Бибіхан, Тоқтарбай Сәкен

СЫРЫМДЫ АШСАМ...

Бүгінгі айтылар әңгіме куратор жайында өрбімек. Жоғарғы оқу орнына түскен уақытта алдыңнан бірінші кездесетін адам, ол – куратор, басқаша айтқанда мектепте сынып жетекші болса, мұнда ол жетекші – куратор. Мен куратор қандай болуы керек? – деген сауалға былайша жауап берер едім. Негізгі көкейдегі ой, ол студенттерді жақсы көре білу. Егер сен қандай жұмысты болмасын үлкен құлшыныспен, зор махаббатпен жасасаң, ол жұмыс саған жемісті болады, сенің бақытыңның бір бөлігіне айналады. Міне, осы сынды кеңесті студентке беру үшін, бұл сөздерді өзің де қолдана алуың керек. Әрбір жыл осы салада жұмыс жасаған сайын сенің тәжірибең молайтыны хақ, әрқашан ізденісте болу керек. Яғни, осы салада жүргендіктен студентті қандай жағдайда тұлға етіп қарастыра аламыз, міне, осы мақсатты алға қойып, бар білгенді үйретіп, қажетті кітап түрлерін айтып, қандай мамандықта болмасын, қоғамдық өмірге де

белсене ат салғызып, жан-жақтылық қабілетін аштырып, өмірге деген құлшынысын арттыра білсе, міне сонда ғана куратор-куратор ретінде бақытты деп білемін. Енді сөзімді қорыта келе, мына бір өлең жолдарын ұсынғым келеді:

Ұстаз болу – жүрегімнің айнасы,
Ұстаз болсаң, балаңды сен ойлашы.
Студентке білім беріп, сол уақыт
Жеткенінше биікке сен қоймашы.

Ұстаз болған адам сондай бақытты,
Керексінбей өзге байлық, жақұтты.
Көңіл бөліп, бар жағдайда қарасаң
Бала үшін табады екен уақытты!

Темірханова Динара,
Нурбақова Гулия

ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ, ҰШҚАНДА СОНЫ ІЛЕСІҢ

Бұл жолғы әңгімемді, қара шаңырақ ҚазҰУ студенттеріне арнасам деймін. Біздегі келер ұрпақтың тәрбиесі қайда жол тартуда. Олардың тәрбиесі қай бағытқа қарай келеді? Тәрбиенің бастауы қайдан?

«Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген бұл жолдар өте орынды айтылған десек қателеспейміз. Қазіргі таңда бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген жөн, себебі баланың болашақтағы қозғалысы, міне осыған байланысты. Баланы қалай тәрбиелеген жөн және балағы нені үйреткен абзал, міне осы тұрғыда біздің бүгінгі айтылатын әңгімеміз кеңінен өрбитін болады. Біздегі тақырып, ол «Халық ауыз әдебиеті арқылы бастауыш сынып оқушыларын патриоттық сезімге тәрбиелеу». Бұл дегеніміз бастауыш сынып оқушылардың патриоттық сезімін дамытудың басты жолы, ол осы халық ауыз әдебиеті болып табылады. Демек, ұстаз халық ауыз әдебиетіне сүйене отырып, халықтық құндылықтарды айта келе, мақал-мәтел, даналық сөздер, жаңылтпаш, жұмбақтарды байланыстыра келе, балаға дұрыс жолды көрсете алады. Бұл біздегі кейде қалып қоятын, көңілді түсіретін жағдай болып табылады.

Патриотизм-бұл қайбір ұлттың болмасын жүрегінен орын алатын дүние. Әрбір ел өзінің

халқын патриоттық сезімге баулуға тырысады. Бұл басты қағида. Ал енді адамның патриоттық сезімге толы жүрегінің болуы, ол сезімнің көңілде мәңгі орналасуы бала кездегі тәрбиеден басталады десек артық айтқанымыз болмас.

Сонымен қоса, балаларға үлкен ой түсіретін тағы мақал-мәтелдердің бір тұсы ол оқуға, білімге байланысты мақал-мәтелдер. Олардың қатарына мына бір мақал-мәтелдерді жатқызуымызға болады. «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы», «Ғылым – теңіз, білім – кеме», «Алтын алма, білім ал», «Кітап – алтын қазына», т.б.

Мінекей, тәрбиелік маңызы өте үлкен жоғарыда айтылған мақал-мәтелдер реті адамды патриоттық сезімнің күшеюіне, сонымен қатар, сол сезімге қоса, білімге, оқуға, сананы дамытуға, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге алып келеді. Бұның бәрі дерлік баланың ой өрісін, жүріс-тұрысын дамытады. Демек, мақал-мәтелдерге қорыта айтар болсақ, халық ауыз әдебиетінің бір түріне жататын мақал-мәтелдер жұбы бастауыш сынып балалары үшін маңызды. Себебі, сол арқылы бала патриоттық сезімнің не екенін біршама ұғынады.

Тұраров Батыр, Курманғалиева Венера

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Бұл мақаланы жазарда мен еш ойланбай кірістім. Неге десеңіз, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық тағы бір өткен іс шараға байланысты болмақ. Біздің жастар жан-жақты дамыған, өз саласының нағыз маманына айналуы үшін, мұндай кездесу, іс-шаралар қажет деп білемін. Осы орайда көңілге еріксіз өлең жолдары келеді:

Мына жастар көп жақсыға сенеді,
Ниет болса барлығын да жеңеді.
Дұрыс жолды көре білген жастарым
Алға қадам басып бүгін келеді.

Қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да түрлі іс-шаралар және кездесулер өтеді. Олардың әрбірі, мұндағы студенттерге ерекше әсер қалдырады сөзсіз. Оларға дәлел болар, бірнеше мысалдар да жетерлік. Солардың біріне тоқталып кетейін.

ҚазҰУ-ға өткен жылы Халықаралық мәдени дипломатия институтының төрағасы Мұхаммед Камиль Али Муейни бастаған делегация құрамы келді. ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев «Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері Біріккен Араб Әмірліктерімен тығыз байланыс ор-

натты. Екі ел арасындағы дипломатиялық, саяси-экономикалық және мәдени қарым-қатынас жоғары деңгейде даму үстінде. Оған дәлел біздің университетте еліміз бойынша шығыс тілдерінде мамандар дайындайтын шығыстану факультеті бар. Факультетте 8 шығыс тілі: араб, парсы, қытай, корей, түрік, жапон, хинди, урду және екі батыс тілі ағылшын және француз тілдері оқытылады. Университет қабырғасында шығыс тілдерін зерттеу орталықтары да жұмыс істейді. Осы орайда біз сіздердің институттарыңызбен бірлесе араб тілінде мамандар даярлауды қолға алып, оны одан әрмен дамытсақ», - деді бірінші проректор. Кездесу барысында тараптар оқытушылардың біліктіліктерін арттыру, тәжірибе алмасу және студенттердің тіл үстарту тәжірибесінен өту маңыздылығына тоқталып, екіжақты болашақ ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

Осы секілді бірнеше мысалдар, біздің өскелең ұрпаққа үлкен септігін тигізери анық.

Батырбекова Айдана Еркінқызы
Изтлеуова Аида Барлыбайқызы
Жәми Бақытжан Асқарбекұлы

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАР ЖАЙЛЫ

Бүгінгі айтылар ой жастарға арналмақ. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны болып табылады. Ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтымағына байланысты болып келеді. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі – жастар екені анық. Жастардың дамуына Қазақстанда айрықша назар аударылады. Осы тұста қара шаңырақ ҚазҰУ-дағы жастардың біздің биік тұлғалардан алар үлгілері мол деуге болады. Солардың біріне тоқтала кетсек.

Әр жыл өзінің ерекшелігімен есте қалары сөзсіз. Қазір мен өткен жылға бір шолу жасағым келіп тұр. Өткен оқу жылы бізге көптеген жақсы жаңалықтармен, қызықты кездесулер келді десек, артық айтқанымыз болмас. Әрбір ғалыммен, танымал тұлғамен кездесу студенттерге ерекше әсер қалдырады анық. Солардың бірі Жанғара Дәдебаевтың 70 жылдығына орай ұйымдастырылған концернция болатын.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көрнекті әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың 70 жасқа толуына арналған «XXI ғасырдағы филология ғылымдары: ұлттық код және көркемдік таным» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

Аталмыш шара аясында «Қазақ университеті» баспасынан Өнегелі өмір сериясы бойынша жарық көрген Ж. Дәдебаев туралы кітап пен Абайтану таңдамалы еңбектер көптомдық ғылыми басылымының 1-36 томдарының тұсаукесер рәсімі болды.

Бияхмет Жанайым Болатбекқызы, Нұржұма Сәуле,
Сариева Айгул Камзаевна

ӨСЕР ЕЛДІҢ БАЛАСЫ, БІРІН-БІРІ БАТЫР ДЕР...

Ел болашағы, өскелең ұрпақ жастардың қолында. Оны барлығымыз білеміз. Осы тұрғыда қара шаңырақтың бізге деген мүмкіндігі мол. Солардың бірі – шет елмен байланыс.

Біраз жайтты ұғыншы жас қыраным,
«Тек қана алға» болсыншы сол ұраның.
Жолда шалып тұратын жандар болса
Өз мақсатың болсын сол, өз тұмарың.
Кітап болсын әрқашан бір сыңарың,
Кей уақытта бөлкім сен бір жыладың.
Алға қойған мақсатыңа жеткенше
Еш тоқтама, еңбектен, сен қыраным!

ҚазҰУ-ға өткен жылы, Гуйлин университетінің ректоры Линь На бастаған Қытай делегациясы келді. Делегация құрамын қарсы алған бірінші проректор ҚазҰУ-дың бүгінгі тыныс тіршілігімен толықтай таныстырып, тараптар болашақ ынтымақтастық бағыттарын кеңінен талқыға салды.

Үлкендердің сенері мына жастар,
Биікке жетудің бір жолын бастар.
Сенімді бірге ақтайық, көтерейік
Еліміздің мәртебесін бірге достар!

Арынбек Саламат Абдіқалыққызы
Бошқаев Қуантай Авгазыевич

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ ДАЙЫНДЫҚ

Қыстың алғашқы күні де бізде керемет мерекелі көңіл күймен басталады. Себебі, ол күн – тұңғыш Президент күні. Осы тұста, М.Мақатаевтың мына бір өлең жолдары еріксіз еске түседі.

Бақытым бар үшінші Отан деген,
Кім мықты десе біреу, Отан дер ем.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел дағы, от ал менен.

1 желтоқсан «Тұңғыш Президент» күніне орай, студенттерімізді елбасымыздың балалық шағы, өмір жолымен таныстыру мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жылдағы дәстүр бойынша түрлі іс-шаралар жоспарлануда. Бұл жылға да әдеттегі дәстүр бойынша, қара шаңырақтағы студенттер қараша айынан дайындалары сөзсіз. Тәуелсіз ел болғалы, Тұңғыш президенттің елге тигізген пайдасы өте зор. Сол үшін де мұндай іс шаралардың көптеп болуы орынды деп санаймын.

Қазіргі жағдайға қарамастан, студенттер мұндай іс шараларда қашықтан болсын, жоғары деңгейде ат салысуда. Әлеуметтік желілер арқылы, түрлі құттықтауларын жаударған біздің студенттер өздерінің еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, сыйластығын үнемі көрсетуде.

Исалы Марғұлан Ерсайынұлы, Архипов Юрий Вячеславович

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Кей уақыт адамзатты көпке сенді,
Енді бірі өзгені ойлап, бәлкім жеңді.
Тура қарап, сүрейік бұл өмірді
Рухани дамидың бір уақыт келді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев осы жыл 2019 жыл жастардың жылы деп жарияланғаны жас буынның рухына жігер бергені анық. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ елімізде ғылым мен білімде ғана емес, рухани ізгіліктің де көшін бастап, жастарға әрқашан да ерекше қолдау көрсетіп келеді. Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңге сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық. Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Сол себептен Елбасы руха-

ни жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Әрбір азаматтың өзінің туған жерінің гүлденуі үшін нақты үлес қосуға үндейді.

Жас буын өкілдері халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін нақ осындай бағдардың маңыздылығы зор.

Осы орайда ректор Ғалым Мұтановтың бастама-сымен жүзеге асып жатқан әлеуметтік-инновациялық бірегей жобалардың бірі – адамгершілікке үндейтін «Айналанды нұрландыр» жобасы соның бір айғағы. Еліміздің рухани дамуы мен алға қойған мақсаттарға қол жеткізуде бұл жоба айтарлықтай өз үлесін қосып келеді. Өн мен жырға толы кештің шымылдығы ҚазҰУ хорының орындауында Ғ. Мұтановтың сөзіне жазылған Владимир Питерцевтің «Айналанды нұрландыр» әнімен ашылды. Студенттер сарайының концерттік залы көрермен қауымға лық толы болған аталмыш кеште мәдениет қайраткерлері, ақын, жазушылар, әртістер, ғалымдар мен жалынды жастар болды.

Артықбаева Ұлболсын Нұрланқызы
Кунаков Сандыбек Кадырович

ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ҚАЙДА БЕТ БҰРУДА

«Бүгінгі күні студенттер неге қызығады?» деген сауалға жауап іздейміз және жастар қандай дүниеге қызыққаны абзал? Міне, осы сұрақтар бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қандай шараларды қолға алуда? Осы жайында бұл таңда сіздерге біраз мәлімет беретін боламыз.

Қара шаңырағымызда әр факультеттің, тіпті, әр кафедрасының өзіндік үйірмелері бар. Оны бірі білсе, енді бірі білмеуі мүмкін. Мысалы, тарих факультеті ежелгі дәуір мен осы заманға дейінгі аралықты қамтитын тарихи үйірме ұйымдастырып отырса, филология факультеті ақын, жазушылармен кездесу жиі ұйымдастыруда. Ал, біз физика-техникалық факультеті жайында сөз қозғап, соның ішінде бір үйірмеге тоқталып өтейік.

Thomson Reuters-бұл ұғымды бірі білсе, енді бірі біле бермейді. Осы тұрғысында бұл мақаланы осыған арнағанды жөн көріп отырмын. Қазіргі таңда еліміз, жалпы әлем күн өткен сайын даму үстінде. Сол себепті, даму барысында бұндай бағдарламалар кімге де болсын керек. Енді бұл не база, деген сұрақ туындап отырған болар? Жалпы, ЖОО-на түскен студент төртжылдық білім алып, дипломын қорғап шығады. Сол дипломды жазарда ол ізденісте болады, яғни бірнеше ғылыми мақалаларды ақтарады, кітаптарды қарайды. Соның бәрін біріктіріп, өзінің нақты бір мәселесін жазып шығады. Енді сол мақалалар, басылымдар, жалпы негізгі кілт сөздерді басқа да тұлғалар қолданған ба, не болмаса сенің мақалаң өзгеніңкіне қатты ұқсас емес пе, деген сұрақ туындайды. Міне, осы тұрғыда Thomson Reuters базасы сізге көмектеседі. Ол жерге өзіңіз қай жерді, болмаса қай сөздің өлемде неше мақала болып жарық көргенің көргіңіз келсе, сол базаға жазып, іздеп көрсеңіз тауып берері сөзсіз.

Сол үшін мұндай үйірмелер, жастарға арналған шаралардың көптеп болғаны абзал. Болашаққа үлкен үмітпен қадам басудың өзі осындай кішкене бастамалардан құралады. Сол үшін еш өкінісінсіз алға қарай жүрген жөн. Мақсат, арман, ой, қиял бәрі бірімен-бірі ұштасып жатыр. Тек соны дұрыс қолдана алсаң болғаны.

Ақпаров Данияр Манарбекович, Аманкулов Ердос Смагулович



Қараша және желтоқсан айларында дүние есігін ашқан Түркі халықтары мәдени қорының белсенді мүшелері
Тұяқ Есхожина,
Жанат Абдурахманова,
Нағия Ештаева,
Гүлжахан Жарымбетова,
Арман Әубәкірді туған күндерімен құттықтаймыз!
Сіздерге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырақтарыңызға шаттық орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз!
Аспандарыңыз ашық,
жүздеріңіз жарқын, шаттық-қуанышытарыңыз мольнан болғай!

Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы

ӘДЕП пен ІЛІМНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Қазіргі айтылатын тақырып, «Әдептілікке» байланысты. Қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Рухани жаңғыру» аясында бұл тақырыпқа байланысты дөңгелек үстел мен ашық сабақтар өтіледі. Солардың біріндегі студентіміздің баяндамасына сөз берсек. Әдептілік – адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында Ә-ке ерекше мән беріледі. Әбу Насір әл-Фараби «Қайырымды ала адамдарының көзқарастары» атты еңбегінде Әдептілік әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп есептейді. Ғұламаның этика жөніндегі тұжырымдарында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Сондықтан мейірбандық әдептілік ұғымын толықтыра түседі, оны ұдайы жетілдіріп отырады. М. Жұмабаев 1922 жылы жазған «Педагогика» оқулығында: Әдептілік мәдениеттілік, тәрбиенің нақты іске асқан үлгісі екенін айтқан. Педагогика ғылымында әдептілік гуманистік әдептілік, демократиялық әдептілік және діни әдептілік болып бөлінеді.

а) Гуманистік әдептілік – оқу-ағарту жүйесін және жоғары мәдениеттілікті арттыруға негізделген;

б) Демократиялық әдептілік – қоғамның рухани дамуы мен экономикалық жетілуінің басты мәселесі ретінде шешуші рөл атқарады;

в) Діни әдептілік – гуманистік және демократиялық әдептілікті жүзеге асырудың бір тірегі болып табылады.

– Біздің халқымыздың әдепті де сыйластық қарым-қатынасқа ежелден-ақ көңіл бөліп келгендігі баршаңызға белгілі. Ұрпақтан-ұрпаққа туысқан бұл өнегені біз қазақтың мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерінен молдап ұшастырамыз. «Әдептілік иесі – иіліп сәлем бергені. Ұлық болса – кішік бол, Кішіпейілділік – кішілік емес кісілік» деп ой тарқатып, сөз маржандары халқымыз ұстанған тәлім-тәрбиенің жүйелі бағдарын меңзейді. Қазақ халқына тән дарқан қонақжайлылық, үлкенді құрметтеу, ағайын туғанға бауырмалдық, аталы сөзді қадір тұтып, уәдеге тұра білуге, жас ұрпақты әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу тұрғысындағы озық дәстүрлер қазіргі кезде де ұнасымды жалғасып, бүгінгі өмірімізбен үйлесім тауып отыр.

Дүйсенбек Сымбат Райымбекқызы,
Бақберген Нұрханым Сәуірбекқызы,
Имамбеков Онласын

ӨМІР САПАСЫ – ӨЗІҢЕ НЕНІҢ КЕРЕКТІГІН БІЛГЕНІҢДЕ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да, түрлі бөлімдер бойынша іс-шаралар өтіледі. Солардың ішінде «Салауатты өмір салтын айтпай өтпеске болмас». Бұл жолғы, айтылатын тақырып, «өмір сапасына» байланысты болмақ. Осы тұрғыда, жатақханада өтілген іс-шарада, студенттеріміздің баяндамасына кезек берсек:

«Өмір сапасы» термині алғашында жалпы мағынада тек әлеуметтік қауымдастықтарды сипаттау үшін пайдаланылды. Өмір сапасы теориясын буржуазиялық идеологтардың капиталистік өмір үлгісін насихаттау мақсатында қалыптасқан деген ойлар болды. И.В. Бестужев-Лада пікірі бойынша, бұл терминді сандық көрсеткіштермен өлшеуге келмейтін қажеттіліктердің қанағаттану деңгейін сипаттау үшін пайдалану керек [4]. М.Н. Руткевич алғашында тіпті өмір сапасы терминін пайдаланудан бас тартқан, бірақ кейін кейбір шарттарға байланысты оны қолдануды мақұлдады. «Барлық жағдайларда «өмір сапасы» терминін марксистік әдебиеттерде пайдалану позитивті мәнде болады. Оның мазмұны мен өмір салты түсінігімен байланысының сипаттамасы айқындалып қолданылуы керек», – деп жазған. Профессор Аитов Н.А. «өмірсапасы» түсінігі мен теориясын қолдану тиімді емес деп есептеген, себебі олар кездейсоқ және жүйесіз көрсеткіштермен сипатталады делінген. Оның пікірі бойынша, «өмір деңгейі» түсінігін пайдалану тиімдірек. Аталмыш категориямен өмір деңгейі, өмір салты, әл-ауқат және өмір шарттары секілді түсініктер тығыз байланысты. Олар әлеуметтік-экономикалық және философиялық әдебиеттерде кеңінен қолданылғанмен, әртүрлі авторлар олардың мазмұнын түрліше қарастырады. Негізінен «өмір сапасы» мен «өмір деңгейі» түсініктерінің нақты анықтамасы мен олардың көрсеткіштері жүйесі толық айқындалмаған. Көбіне олар өзара алмастырылып қолданылады, ал олардың көрсеткіштері өзара ұқсас болып келеді. Дегенмен, бұл түсініктерді бір-бірінен ажырату маңызды. Өмір сапасы өмір деңгейінен ауқымды категория болып табылады.

Бердібай Ельнура Сәкенқызы, Телғожа Эльдана Ерланқызы, Аманкулов Ердос Смагулович

ҚАЗҰУ - БҰЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ІРГЕТАСЫ

Мына күні өлең жазып өтейін,
 Мақсат қойып, менде оған жетейін.
 Алға қарай дұрыс арман қойғызған,
 ҚазҰУ-ды қалай айтпай кетейін.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі – білім. Осы орайда республикамыздағы іргелі оқу орны – 80 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқытушы-профессорлық құрамының алдында тұрған міндеттер ауқымды. Елбасымыздың «ҚазҰУ – бұл Қазақстанның жоғары білім жүйесінің іргетасы» деуі тегін болмаса керек. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде білікті мамандар дайындау ісіне үнемі көңіл бөліп келе жатқан Мемлекет басшысының бірнеше мәрте біздің университет ұжымымен кездесіп, пікір алмасуы, алдымызға жаңа міндеттер қоюы, қалашықты аралап көріп, нақты көмек беруінің арқасында ғылым мен білімнің қарашаңырағы – ҚазҰУ серпінді даму жолына түсті.

Жаңадану дүниежүзілік деңгейде мойындалатын сапаның болуын талап етеді. Осыған орай Жолдауда айқын көрсетілген басым бағыттардың бірі – білім беру саласын халықаралық стандарттарға сай дамыту жайы. Отандық университеттер рейтингі жөнінде қатаң талап қойылды, жоғары оқу орындарының халықаралық деңгейдегі қызметін жандандыру туралы тапсырмалар берілді. Әлемдік білім деңгейіне кірігу үшін өзіміздегі бармен шектеліп қалмай, оны заманауи жақсы жетістіктермен, озық үлгілермен ұшастыра білудің пайдасы зор. Біз шетелде қандай білім беріліп жатыр, қандай технологиялар пайдалануда деген қызығушылықпен көптеген жастарды шетелге білім алуға жібердік. Сол шетелден білім алып келген жас мамандарды оқу орындарында пайдаланып, білімнің сапасын, беделін көтеруіміз керек. Шетелдік озық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізге сәйкес пайдалана білуіміз қажет.

Алимова Арайлым Шонабайқызы
Бекбай Бағдагүл Маратқызы
Белисарова Фарид Бексултановна

ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ НЕСІМЕН ПАЙДАЛЫ?

Қара шаңырақ ҚазҰУ-да студенттер өндірістік тәжірибеден өтетіні рас. Оның қандай пайдасы және талаптары бар. Соған тоқталсақ. Өндірістік тәжірибенің қортындысына қарай жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Біз соның ішінде «Фудмастер» компаниясының талаптарына келсек:

- 1.Технологиялық білім.
- 2.Excel-мен жұмыс жасай алу.
- 3.Сарптап ойлау қабілеті.
- 4.Ағылшын тілін білу.

Осындағы шет тіліне қатысты біраз мәлімет айта кетейік.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандыры-

луы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», – деген болатын. Мейлінше, көп тілді меңгеру қажет, дегенмен өз ана тілімізді ешқашан ұмытпағанымыз жөн.

Бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып әлемге жар салып жатқан дүбірлі кезеңде қазақ ұлтының жанына сүйеу, рухына тіреу болатын басты мәселенің бірі осы – тіл. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілі – ұлттық руханиятымыздың өзегі. Кез келген ұлттың басты ерекшелігі – оның ана тілінде. Ұлттың жаны мен жүрегі ары мен ұяты, қазына-байлығы мен атақ абыройы тілге байланысты. Жер бетіндегі сан мыңдаған ұлттардың ішінде тек қазақ халқы өз тілін ана тілі деп ардақ тұтып, қастерлейді. Қазақ үшін тілден құдіретті ештеңе болмаған.

**Хаят Шабирулла,
Белисарова Ф.Б.**

БОЙЫМДА БАР БІР ӨНЕР

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студент жастары өздерін жан-жақты қырларымен көрсетуден жалығар емес. Қайсыбір факультет болмасын өздерін өнерден де, білімнен де, тіпті, керемет ұйымдастырушылық қабілетімен де көрсетіп, өз ой-өрістерін дамыта түсуде. Солардың ішінде, біз физика-техникалық факультетінен болғандықтан, өз факультетіміз жайында, осы тұрғыда, біраз ақпарат айтып өтелік. Қазіргі бәсекелестік заманда адамға бір ғана мамандықты игеру аздық етеді. Осы тұрғыдан қарағанда біздің жастар қатты ойланса керек. Себебі, қазіргі студенттерге қарасаң, өнерлері бір төбе, мамандықтарына деген құлшынысы бір төбе деп айтуға әбден болады. Одан бөлек қоғамдық жұмыстарды да кеңінен игеретіндері баршылық. Соның ішінде университетімізде өтілетін ғылыми конференцияларға студенттердің белсене атсалысатынын айтпай кетпеске болмас. Тек өз оқу орнымызда ғана емес, қалалар арасында да бірнеше студенттеріміз ғылыми конференцияларға қатысып, жоғарғы орындарды иеленіп келетін жайлары бар. Енді факультет ішіндегі өмірге оралайық. Факультет өмірінде біздің жастар осыған дейін алған білімдерін нығайтып, шыңдап бос уақыттарында ғылыми үйірмелермен айналысуда. Бұл үйірмелер арқылы студенттеріміз бірнеше дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, осы тақырып тұрғысында талқылап, соңғы жаңалықтарын айтып, осындай белсенділіктерімен бізді қуантып жатады.

Біздің жастар ертеңі ғой елімнің,
Қорғанысы мына байтақ жерімнің.
Әлі-ақ даңқын көтереді биікке,
Алаш елі, қазақ дейтін тегінің!
Армандарды орындайды деп білем,
Міне, осы жасқа деген сенімім!

Қорыта келе, біз студент жастардың осылай өсіп келе жатқанына қуанамыз және мақтанамыз. Әрбірінің өз салаларында ойып аларлықтай орындарының барына мол сеніммен қараймыз. Бос уақыттарын қоғамдық жұмыстарға, одан қалса осындай үйірмелерге жұмсағаны өскелең ұрпақтың жеткен жетістіктерінің бастау деп білемін. Жастар – біздің болашағымыз екенін осылай дәлелдеумен келеді. Бұл, әрине, мақтануға тұрарлықтай жайт емес пе?!

Леваль Рахматулла, Белисарова Ф.Б.

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ – СҰЛУЛЫҚТЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Біздің осы мақаламызды оқыған адам, көңілге бір ой түйер деген мақсатта сіздерге жазуға асықтық. Себебі, қазіргі көптеген жағдайға байланысты ма, әлде өзге елдерге еліктеушіліктің басымдылығында ма, әйтеуір, елімізде тастанды балалар күн санап көбеюде. Бізді қуантатыны, сол бейкүнә, барар жері жоқ балалардың «Арнайы балалар үйінен» кішкене бір жылы төсекте иемденуі, яғни, далада қалмауы қуантады. Бірақ бәрібір жәутеңдеген бала ана-әкені сағынбайды ма? Ойламайды ма? Жабырқап жыламайды ма? Ананың ыстық алақаны мен әкенің еркелеткен сөздерін естігісі келмейді ме? «Отбасы» деген ұғымды сезінгісі келмейді ме? Әрине, мұның бәрін қалайды емеспе. Сол балалар үйіне кіріп жатқанда терезеден мұңайып тұрған баланы көрдік, бізді көре сала қолын шапалақтап, жүгіріп ішке қарай жөнелді. Сол періштелерге қарап бұл жандарды тастайтын ата-ананың жүрегі неден жаралған? – деп ойланасың. Әттең, мұның бәрі біздің қолымызда болса, ешбір баланы жәутеңдетіп далада қалдыртпас едік. Әрбір бала өзі армандағандай ыстық алақан, қамқор көңіл, мейірімі мол ана мен әкенің жанында өссе ғой шіркін...

Осы орайда біздің қара шаңырақ ҚазҰУ еркіттері тұрақты бірнеше іс шараларды ұйымдастырып келеді. Бұл өте керемет, үлгі аларлық іс деп білеміз.

Сөзімді қорытындылай келе, керемет мына өлең жолдарымен аяқтасам:

Аңсатқан жанды ақ арман,
Жас болып аққан жанардан.
Сәбидің бәрі бақытты,
Болуы үшін жаралған.

Мафтунзада Саид Абдул Латиф, Белисарова Ф.Б.

ӨЗІҢЕ СЕН, ӨЗІҢДІ АЛЫП ШЫҒАР...

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді, ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Ақылық мен білімің екі жақтап.

Адам дүние есігін ашқан сәттен бастап, түрлі кезеңдерден өтеді. Әрине, бірінші балалық кез, тәтті шақ. Одан кейін жастық шақ. Ол кезде өмірдің қайнаған кезеңі болар. Себебі, бойыңда күш-жігер бар. Міне, біздің Қазақ Ұлттық университетінің студенттері де осы жастық шақтың қызығында қазір. Бірақ біз оларға ол қызыққа ерімей, білім алып, еңбек ету керектігін үйретудеміз. Себебі, жастық шақ көзді ашып жұмғанша өтеді де шығады. Сол үшін, бұл уақытта өзіңе керектігінің барлығын үйреніп алған жөн. Өзің қай жақты қалайсың, кейінгі өмірің сол жаққа қарай бұрылары сөзсіз. Егер сен қызық қуып қыдырып жүрсең, кейін сол қыдырғаныңның жемісін жейсің, егер еңбек етіп, білім алып, өз ісіңмен айналыссаң ертеңгі күн сол еңбектің нанын жейсің. Сол үшін осы сәттен бастап ойланып, бір шешімге келген жөн. Міне, осыны біз шәкірттеріміздің миына құйып келеміз. Олардың жақсы болғаны бізге мақтанымш, бізге қуаныш емеспе?! Сол үшін әрбір жасты осылай тәрбиелеуге тырысамыз.

Сөз соңын Абайдың әсерлі өлең жолымен аяқтасақ деймін,

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтаңды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Анарқулова Динара, Белисарова Ф.Б.

ОНЛАЙН ФОРМАТТАҒЫ ҚОРҒАУ

Коронавирустың таралу қаупін алдын алу шаралары аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да онлайн форматта докторлық диссертациялар екінші рет қорғалған болатын. Осы тұста, онлайн форматтағы қорғаудың қалай өтілгенін сіздермен бөліспекпіз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың экономика және бизнес жоғары мектебінің диссертациялық кеңесінде 27-28 мамыр аралығында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін М.С. Бектурганованың «Приоритеты и экономические механизмы перехода к низкоуглеродному развитию нефтегазового сектора Казахстана» тақырыбында «экономика» мамандығы бойынша және А.К. Кожаметованың «Evaluation of high-tech project success in the Republic of Kazakhstan based on international standards of project management» тақырыбында «жобаларды басқару» мамандығы бойынша докторлық диссертацияларын қорғау мәжілісі онлайн форматта өтті.

Жұмыстар «менеджмент» кафедрасында және «Ғылым ордасы» ҚР БҒМ ҒК экономика институтымен бірлесе «экономика» кафедрасында дайындалған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЭЖБЖМ жанындағы диссертациялық кеңес шетелдік ғалымдардың қатысуымен «экономика», «әлемдік экономика», «инновациялық менеджмент», «логистика», «жобаларды басқару», «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтар тобы бойынша жұмыс жасайды.

Мырзабаева М., Имамбеков О.

ДАМУШЫ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті кафедраларында түрлі бағытта ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтар жұмыс істейді. Ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтардың жетекшілері – ЖОО-ның тәжірибелі педагогтары. Бұндай үйірмелерге сол салада қызығушылық танытқан әр оқытушы, магистрант, студент мүше бола алады.


Сондай үйірмелердің бірі теориялық және ядролық физика кафедрасында ашылған «Астрофизика» үйірмесі. Ғылыми үйірменің негізгі мақсаты – астрофизика және ядролық астрофизика саласындағы заманауи проблемаларды, ғылыми мақалалар жазудағы қиыншылықтар мен басты назар аударатын мәселелерді қарастыру, сондай-ақ, студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Үйірмеге студенттермен қатар, жас зерттеушілер, PhD докторанттар да қатысып, өз зерттеу салаларына байланысты небір қызықты материалдармен, қазіргі ғылым саласындағы жаңалықтарымен бөліседі.

Әр студент үйірмеде өзін еркін ұстауды үйренеді. Себебі, мұнда келетін студенттердің көбісі ғылымға ден қойған, өздерін болашақта жас ғалым деп санайтындар. Студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмелеріне қатысуы олардың зерттеу тақырыптарын дұрыс таңдауына, зерттеу дағдыларын дамытуға, ғылыми проблемаларды талдауға, ғылыми проблемаларды қоя білуіне және негізделген қорытынды жасауларына көмектеседі.

Университетімізде осындай үйірмелерге ерекше қызығушылықтың болуы студенттер тарапынан да қолдау тауып отыр. Жылдан жылға үйірмелер мен үйірмелерге қатысатын студенттер саны көбейіп келе жатыр. Әрине, мұны студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру жолында университеттің бірден бір жетістігі деп білеміз.

Исақұл Нұрсауле, Абишев Медеу

100 КІТАП АЯСЫНДА



Бұл мақала Қазақ Ұлттық университеті студенттерінің оқуға тиісті 100 кітабы аясында жазылмақ. Яғни, көкейге түйген ойлар жайында.

Бұл таңда жалпы адам баласының елге деген патриоттық сезімі бірінде бар болса, енді бірінде жоқтың қасы. Міне, бұл шығарма осы бір келеңсіздікті жоюға септігін тигізетін шығармалардың бірі әрі бірегейі деп білемін. Шығарманы оқу барысында шүкіршілік, елге деген құрмет, патриоттық сезім бұрынғыдан да арта түскендей болды. Атымтайдың адал жүрегі, махаббаты, Заманайдың әкеге деген сағынышы, Аманайдың ерлігі, елге деген сүйіспеншілігі кімді де болса ойландырары анық. Шығарма желісін оқу барысында жазушының Атымтайды суреттеген жерлері, яғни, оның батырлығын, батыл қадамын, Отанға деген адалдығын оқығанда қазақ ері, міне, осылай болуы керек деп топшылайсың. Әрине, ол әрбірінің қолынан келсе.

Әрине, Балқияда адал, батыл қыздардың бірі. Бірақ қыңыр мінезінен осындай көптеген келеңсіздіктерге ұшыраған бақытсыз әйел. Тіпті, оқуды қызылмен, Гүлбарша

екеуі бітіргенімен, Балқия Атымтайдың айтқанына көнбей, елін алып қашып кетеді. Ал, Гүлбарша өз мақсаты жолында күресіп, соңында үлкен отбасын құрып, жұмысында жемісті табыстарға кенеледі. Бұны газет беттерінен оқыған Балқия іштей қызғанышпен күрсініп қана қояды. Өмірде көп қателескен Балқия бақыт дәмін адал жарына да, туған ұлына да, тіпті, өзіне де сездірмей өмірден озады. Соңында өкінгенімен, әрине, ол уақыт кеш еді. Шығарма соңы Аманайдың тауға ойлана қарап тұрған жерінен аяқталады. Оның одан кейінгі тағдыры қалай болмақ. Ол оқырманға беймәлім, мүмкін, әркім өзі топшылар.

Мен кітапты аяқтай келе, сол соңын былайша қиялдап аяқтаған болдым: бала Аманай өз еліне оралады. Ондағы Атымтайдың қартайған жолдастары, олардың ұлдары, немерелері Аманайға қол ұшын беріп, Аманай үлкен азамат болады. Аңсаған арманына жетіп, әкесінің жолын қуған адал азамат болып өседі. Анасы Әлиман өз қолына алып, адал жар алып, үлкен отбасын құрып бөрі бірге баянды да бақытты ғұмыр кешеді. Әрине, бұл мендегі қиял. Менің түйгенім өмірде жақсы ойлай білу керек және жақсылыққа ұмтылу керек, сонда ғана саған сәттілік серік болады. Дұрысы уақытында сабырлы болып, өз-өзіңді ұстай біліп, мақсатыңа жету жолында күресу, Отаныңа адал қызмет көрсету. Міне, бұл кітап маған осыны үйретті, құрметті оқырман!

Құрманбек Айдана,
Белисарова Фарид

ЖАН-ЖАҚТЫЛЫҚ КӨТЕРЕР ӘР АДАМДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің студент жастары өздерін жан-жақты қырларымен көрсетуден жалығар емес. Қайсыбір факультет болмасын өздерін өнерден де, білімнен де, тіпті, керемет ұйымдастырушылық қабілетімен де көрсетіп, өз ой-өрістерін дамыта түсуде. Солардың ішінде, біз физика-техникалық факультетінен болғандықтан, өз факультетіміз жайында, осы тұрғыда, біраз ақпарат айтып өтелік. Қазіргі бәсекелестік заманда адамға бір ғана мамандықты игеру аздық етеді. Осы тұрғыдан қарағанда біздің жастар қатты ойланса керек. Себебі, қазіргі студенттерге қарасаң, өнерлері бір төбе, мамандықтарына деген құлшынысы бір төбе деп айтуға әбден болады. Одан бөлек қоғамдық жұмыстарды да кеңінен игеретіндері баршылық. Соның ішінде университетімізде өтілетін ғылыми конференцияларға студенттердің белсене атсалысатынын айтпай кетпеске болмас. Тек өз оқу

орнымызда ғана емес, қалалар арасында да бірнеше студенттеріміз ғылыми конференцияларға қатысып, жоғарғы орындарды иеленіп келетін жайлары бар. Енді факультет ішіндегі өмірге оралайық. Факультет өмірінде біздің жастар осыған дейін алған білімдерін нығайтып, шыңдап бос уақыттарында ғылыми үйірмелермен айналысуда. Бұл үйірмелер арқылы студенттеріміз бірнеше дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, осы тақырып тұрғысында талқылап, соңғы жаңалықтарын айтып, осындай белсенділіктеріміз бізді қуантып жатады.

Біздің жастар ертеңі ғой еліміздің, Қорғанысы мына байтақ жеріміздің. Әлі-ақ даңқын көтереді биікке, Алаш елі, қазақ дейтін тегінің! Армандарды орындайды

деп білем,
Міне, осы жасқа деген сенімім!

Кашкеева Асель,
Бейсен Нұрзада

БАЛАЛАРЫМ, МІНЕ, МЕНІҢ ҚУАТЫМ...

Бұл санымызда қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіміздің түлегі актриса, тележүргізуші, журналист, аяулы ана Салтанат Қалиева жайында болмақ. Осы тұрғыда мен Салтанат Қалиевамен бір кездесудегі сұхбатымды тілге тиек еткім келіп отыр. Салтанат ханыммен кездесу барысында әрбір студент өмірге қажетті, өзіне керекті мәлімет алды деп білемін. Кездесуде бұл кісінің өмірден алған сабақтары, өзіндік мақсаттары айтылды және журналистика саласының нағыз маманы болу үшін басты қағида жайында біраз студенттермен өз сырын бөлісті. Бұл салаға басында қалай келді, немен бастады және қалай жоғарғы дәрежеге көтерілді, міне, осы жайында кездесу барысының басында баяндалды. Одан әрі іс-шара студенттермен пікірталас түрінде өз жалғасын тапты. Бірі өзінің көкейінде жүрген сұрақтарын Салтанат ханымға қойса, енді бірі өздерінің ыстық лебіздерін білтіріп жатты. Әрине, көбінің көкейінде «Сіз жұмысыңыз бен отбасылық өмірді қалай бірге алып жүре алдыңыз?» деген сұрақ туындаған болатын. Ол сұрақты Салтанат ханым дәл былай қысқаша қайырды. «Әйел адамның бақыты – ол ана болу, бала тәрбиелеу, бақытты отбасын құру. Міне, осындай ұстаныммен мен балаларымды дүниеге алып келдім. Әрбір балам ол менің қуатым. Осындай дәрежеге жетуім, өзімді-өзім қуаттандырып өсуіме бірден-бір себепкер, міне, осы періштелерім». Өмірден түйгені көп адам журналист болу үшін, ол міндетті түрде ол факультетті бітіруі емес, ең бастысы сөзінде көркемдік, өсемдік және соны жаза білетін шеберлік болса жеткілікті деген ойға келгенін айтты. Сонымен қатар, Салтанат ханым қазіргі таңда «ана бол» атты сайт ашып, өзінің тәжірибелерін өзгелермен бөлісіп жатқан жайы бар. Бір сөзінде «қазіргі таңда мен бірнеше әйел адамдарды білемін, үлкен жетістіктері бар, бірақ өздерін бақытты деп есептемейді, себебі олар ең басты бақыт ана болу бақытын сезінбеген, соған қатысты айтар ақылым, дүниеге сәби алып келу керек және сол үшін қызметте жасау керек, сонда ғана сен өзіңді және отбасыңды бақытқа бөлей аласың»-деді. Бойынан қарапайымдылықтың иісі аңқып тұратын тұлғамыздан аларымыз мол, әрине.

Студенттер қауымы, соның ішінде, әсіресе, қыз балалар үшін бұл кездесудің орны бөлек болғаны сөзсіз. Әрбір адам кездесуден үлкен өсер алғаны анық. Сан қырлы Салтанат ханымның бойынан алатын қасиет өте көп. Кездесуден түйгеніміз, өмірде ең бастысы дұрыс мақсат қоя білу және сол жолда күресу ғана емес, сонымен қатар отбасылық өмірді бірге алып жүре білсең ғана сен толыққанды бақытты адам бола аласың.

Муталипова Калбинур, Бошқаев Қуанта



ЖАСТАР ЖАЙЛЫ, ТАҒЫ ДА, ЖАСТАР ЖАЙЛЫ

Айтайық мына таңда біраз жайды.

Кей адам өз сөзінен өзі тайды.

Болашақты елестетсек онда бүгін

Жырымыз болу керек жастар жайлы.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір» дейді дана халқымыз. Өрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Біз сенеміз таудың шыңы асқарға,

Біз сенеміз, білімді бұл бастарға.

Алға ұмтылып, ізденетін әр уақыт

Біз сенеміз, мына күнгі жастарға!

Өрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, он бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тындыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

Қорыта келе, өскелең ұрпақтың бойынан жақсы қасиеттерді көре қалсақ, оның бәрі біздің көңілге үлкен сенім ұялатары сөзсіз. Неге десеңіз? Бұл жастар біздің болашағымыз, ертеңгі ел тірегі. Сол себепті, осындай бойында қазақы рух тасып тұрған жастарды көргенде біз келешекті жарқын елестете аламыз.

**Акрам Ерасыл Мұхтарханұлы
Утегенов Алмасбек Улубекович**

ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛҒАН УАҚЫТТАР

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да, жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын-орнына қоя алады» деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емеспе. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі, қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емеспе. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Қазіргі XXI ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің талпынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ, көз алдымызда дамып, өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осы тұрғыда физика-техникалық факультетіне қараша айында Осака университетінің екі оқытушысы, профессорлары келіп жоғарғы білім, яғни, екінші диплом тұрғысынан пікір алмасқан болатын. Осака университеті, жалпы, қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел боламыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуға. Сөзімді қорытындылай келе мына өлең жолдарымен аяқтасам:

Көп қой шіркін, бауырлары, достары,

Тек алға деп сөздің бірін бастады.

Қарап тұрсаң, қызығасың, тоймайсың

Бұл ҚазҰУ түлектері, жастары.

Мына күні біраз ойды түйемін,

Елім үшін қуанамын, күйемін.

Білім алып жүрген оқу орнымды

ҚазҰУ-ды мен мәңгілік сүйемін!

**Байчапанова Алина Еркінқызы
Белисарова Фарид Бексултановна**

ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕЛЕР ЖАЙЫНДА БІРЕР ОЙ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті кафедраларында түрлі бағытта ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтар жұмыс істейді. Ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтардың жетекшілері – ЖОО-ның тәжірибелі педагогтары. Бұндай үйірмелерге сол салада қызығушылық танытқан әр оқытушы, магистрант, студент мүше бола алады.

Сондай үйірмелердің бірі теориялық және ядролық физика кафедрасында ашылған «Астрофизика» үйірмесі. Ғылыми үйірменің негізгі мақсаты – астрофизика және ядролық астрофизика саласындағы заманауи проблемаларды, ғылыми мақалалар жазудағы қиыншылықтар мен басты назар аударатын мәселелерді қарастыру, сондай-ақ, студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Үйірмеге студенттермен қатар, жас зерттеушілер, PhD докторанттар да қатысып, өз зерттеу салаларына байланысты небір қызықты материалдармен, қазіргі ғылым саласындағы жаңалықтарымен бөліседі.

Әр студент үйірмеде өзін еркін ұстауды үйренеді. Себебі, мұнда келетін студенттердің көбісі ғылымға ден қойған, өздерін болашақта жас ғалым деп санайтындар. Студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмелеріне қатысуы олардың зерттеу тақырыптарын дұрыс таңдауына, зерттеу дағдыларын дамытуға, ғылыми проблемаларды талдауға, ғылыми проблемаларды қоя білуіне және негізделген қорытынды жасауларына көмектеседі.

Университетімізде осындай үйірмелерге ерекше қызығушылықтың болуы студенттер тарапынан да қолдау тауып отыр. Жылдан жылға үйірмелер мен үйірмелерге қатысатын студенттер саны көбейіп келе жатыр. Әрине, мұны студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру жолында университеттің бірден бір жетістігі деп білеміз.

**Салаватова Эльмира Тахировна,
Кусаинов Арман Саинович**

БІЗБЕН БІРГЕ БИІККЕ САМҒА

Күн жүйесі мен жұлдыздардың пайда болуы жайлы кез-келген проблема немесе гипотезаның негізінде, Ғаламның үш фундаменталдық ерекшелігі бар: біріншіден Ғаламдағы заттардың басым көпшілігі сутегіден (75%), гелийден (25%) және басқа да химиялық элементтердің азғантай бөліктерінен құралған; екіншіден Ғаламның кезкелген нүктесінде жұлдызаралық газ және шаң бар; үшіншіден Ғаламда барлық заттар айналымды және турбулентты қозғалыста (галактиканың формасы спираль тәріздес, жұлдыздар айналуға, планеталар күнді айналады және т.б.). Сондай-ақ бізге Күн жүйесінің жасы 5 млрд жылға тең екендігін білеміз. Бұл мағлұмат бізге ғаламның өзіміз орналасқан бөлігінің тарихын елестетуге мүмкіндік береді.

Гелий сутегіден ауыр, сондықтан ол жанып біткен соң орталықта жиналып қалады. Енді сутегі қабықтың ішінде жанады. Ал орталықта қалған гелийлік шар, қызған сайын үлкейе бастайды. Оның температурасы да көтеріле бастайды. Біздің Күннің көлемі үлкейе бастайды. Бұл құбылыс бүкіл Күн жүйесін катастрофалық процестерге алып келеді. Мысалға, Жерде поляр мұздықтары еріп, мұхиттар буланып, планетаны қалың тұман қаптап, онда үздіксіз

жаңбыр жауады. Гелийлік өрт оны қоршаған сутегілік қабықшаны жарып, нәтижесінде бүкіл планеталық жүйеге таралып, көптеген планеталардың атмосферасын жұлып кетіп, оларды өртеп жібереді.

Бұдан соң ядролық пеш сөнөді. Бірақ Күн гелийлік жарылыста жойылмайды. Жарылыстың ықпалы күн бетіне жеткенше оның сыртқы қабықшасы суи бастайды. Гелий осыдан кейін қайта жиналып, жоғарыда көрсетілген реакция қайта басталады. Ішкі қабаттардағы температура өсіп, сыртқы қабаттардағы температура төмендейді. Ақырында атомдар түзілуге қажетті жағдайлар туып, фотондардың ағыны басталады.

Егер сізге осы және өзгеде жаңалықтар қызығушылық туғызса қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің білікті мамандарынан өзгеде мәліметтерді алсаңыз болады, сонымен қоса «Астрофизика үйірмесі» жайында білсеңіз де жеткілікті.

**Медеубаева Айжан Алмасқызы,
Зарипова Юлия Айратовна**

ӨЗІҢДЕЙ ҚАМҚОР ӘКЕ ҚАЙДА МАҒАН

Қазіргі қоғамда түрлі адамдар кездесіп жатады. Кейбіріне қарап, ертең қандай әке болады деп ойлайсың. Сол себептен, Қазақ Ұлттық университетінің ұстаздары осы тұрғыда мына бір мақаланы шығаруды жөн көрдік не болмаса бұл мақалаға өкениң алар орны деп қарасаңыздар да болады.

Жас едім өмірге еркін бойламаған,

Күні ертең не боларын ойламаған.

Шарықтап кетсем дағы қанат қағып

Өзіңдей қамқор әке қайда маған.

Осы сөзді айтсам, бір түрлі қанат біткендей, құс сияқты қалықтайдындай сезімде боламын. Арманға жетелеп, ерлікті білдіріп, алдыңа күннің бар жарық нұрын өзіне жиып алып, соған қарай төніп тұрған шыңды көргендей боламын. Нұрға бөленген мейірілі де, мейірімді, тірек болар, пана болар, жол көрсетер шың-әке. Иә, әке-асқар тау, асқар шың.

Жан әке, шертіп сезіп, домбырасын,

Кеудемді қуанышқа толтырасың.

Арманның асқарына құлаш ұрсаң,

Алдымда асқар тау боп

Сен тұрасың.

Өкениң мейірімі, басыңнан сипап күле қарағаны жаныңа жаз самалындай әсер етеді. Құшағына еніп көрші, ол құшақтан босағың келмейді. Өкениң жылы жүрегінен еркелетіп айтқан әр сөзді жүрегіңнің бір бөлігіне барып мәңгілік өнеге болып құйылып жатқандай. Осындай



мейірімді, жылы жанды адам мені мына өмірдің кейбір қиыншылығынан қорғап, асқар белдерінен демеп асырып, сылдырап аққан бұлағынан нәр беріп, алып бәйтерегімен өмірдің аптабынан қорғап тұрған асқар тау сияқты көрінеді. Әке-әрімізге де асқар тау, ана-өмір сыйлап, нәр берер бұлақ, бала-жағасындағы балауса құрақ. Әр әке арманы-құрақтың өсіп қатаюы, шыбықтың шыңдағы шынар боп өсуі, балапанын өз елінің аспанында қалықтар қыранға айналуы, оның өсіп, білім алып, шыңдалып, ел тірегі болауы деп білемін.

**Стваева Айдана Ерболқызы,
Дьячков Вячеслав Валерьевич**

ҚАЗАҚСТАН МҰРАТЫ

Бұрынғы заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», – деп атап өтті Елбасы.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір» дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өз бойларында ұлттық намысын

жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан –2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

Эркинова Шахноза, Абишев Медеу

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Бізге алдағы мақсаттарымыздың орындалуы үшін деніміздің саулығы ең басты рөл атқарады. Сол үшін денсаулықты күту басты өмір талабы. Осыған байланысты елімізде Вегетариандық өмір салтын ұстанушылар күн санап көбеюді. Соның бірі Қазақ Ұлттық Университетіміздің түлегі Мұстафин Дастан бізге мысал бола алады. Ол екі жылдан бері ешқандай ет өнімдерін қолданбайды. Соның ішінде, балық еті, тауық еті, қызыл етті мүлдем қолданбайды. Дастанның сөзіне сенсек, ет қолданбағаннан бастап, оның денсаулығы жақсарған, күнделікті өзін өте жақсы сезінеді, шаршаймайды, спортпен шұғылданады және бәріңізді салауатты өмір салтын қолдануға шақырады. Дастан тек спортпен емес, сонымен қоса екі аптада бір қанын

донор болып өткізіп тұрады. Бұл әрине, қуантарлық жағдай. Және де, бұндай денсаулыққа мән беріп, өнерін де дамытып жатқан адамдар қаншама?!
Өнерлі өрге жүзер дейді жұртым,
Өнерлілер болар ма, ол бір сылқым.
Бойына дарын берсе өте жақсы
Сыйлығы табиғаттың бұл бір тылсым.
Құлақтан кіріп, демалдырар адамды.
Өлең айтсаң біле білгін шамаңды.
Бір ғажайып көрсем егер құбылыс
Байқамай мен алып қоям қаламды.

Дідан Асель, Курманғалиева В.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ФЕНОМЕНИ

Әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, 9 жыл ішінде университет шамамен 500 орынға алға жылжыды. Әлемдік рейтингте қысқа уақыт ішіндегі бұндай бірегей ілгерілеу «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ феномені» деп аталып шетелдік сарапшылар назарын өзіне аударды. Қазақстандық жоғары оқу орны қарқынды дамуының жарқын үлгісі халықаралық академиялық ортада белсенді түрде талқылануда. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары ҚазҰУ-дың оң тәжірибесін қолданысқа енгізуде.

Әлемдік рейтингте жеткен биік жетістікте университет ректоры, академик Ғалым Мұтановтың басшылығымен ҚазҰУ-дың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша университет ұжымы атқарған қыруар жұмыстар тұр. Кластерлік тұрғыдан кешенді құрылымдық модернизациялау жүзеге асырылып, нәтижеге бағытталған басқару жүйесі енгізілді. Алдыңғы қатарлы шетелдік университеттермен бірлесе қос диплом бағдарламасы және ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда, соның нәтижесінде Қазақстан бойынша ең көп шетелдік студенттер ҚазҰУ-да білім алады. Тек соңғы жылдың өзінде олардың саны 15 есеге өсті.

«Майкрософт» компаниясы ҚазҰУ цифрлық моделін ең озық тәжірибелердің бірі ретінде таныды. Университетте «ғылыми идеядан бастап оны коммерциализациялауға дейінгі» технологиялық дәліз құрылған. Оны тиімді пайдалану арқасында университетте 5 жыл ішінде ғылыми жобалар көлемі 2,5 есеге артты. Халықаралық рейтингі жоғарғы жур-налдардағы қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланамы – ҚазҰУ ғалымдарының үлесі. Соңғы 5 жылда университет инфрақұрылымның жалпы аумағы 50% пайызға дейін өсті.

БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ жаңа буын университетінің «Университет 4.0» моделін жа-сап енгізді. Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0» мо-делі халықаралық деңгейде кеңінен таратуға ұсынылды. ҚазҰУ әлемнің 12 елінде Әл-Фараби орталықтарын ашты.

Аспандьяров Куаныш Кайратович, Адаев Сабыржан Мухтарович, Нурбакова Г.

ТҮЛГЕАЛЫҚҚА ЖОЛ БАСТАҒАН – БҰЛ ЖАСТАР!

Қазіргі таңда білім беретін қайнар көздері көптеп кездеседі. Соның ішінде жан-жақты, инновациялы, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау бітіруші түлектер мен ата-аналар алдында тұрған басты мақсат болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген сөздерінен-ақ білімнің елді алға жетелейтін нысан ретінде қарастырып отырғанын байқауға болады. Жоғары оқу орны ғылыми әрекетті жүзеге асыра отырып, жоғарғы кәсіби білім беретін оқу ордасы. Міне соның ішінде жылдар бойы қалыптасқан тарихы бар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болып табылады.

Еліміздегі үздік университеттердің бірі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған түлектер тапсырады. Бірақ оған: білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, талпынысы, ізденісі жоғары, бәсекеге қабілетті жастар ғана түсу мүмкіндігіне ие болады. Ол өз кезегінде бітіруші түлектердің жұмыс берушілер, ірі компаниялар арасында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер интеграцияға бейім болып келеді. Осыған орай студенттер мен магистрант, докторанттар арасында халықаралық академиялық мобильдік қарастырған. Ол дегеніміз студенттеріміз тәжірибе алмасу, білім жинақтау мақсатында шетелге барып, білім алуға мүмкіндігі бар. Бұл білім ордасын көптеген студенттердің таңдауының келесі бір факторы: озық ғылыми кітапхананың орналасуы. Жас ізденімпаз барлық қажет ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан таба алады. Қажет оқулықтың бар жоғын білу үшін электронды кітапханаға кіріп, тапсырыс берсе болғаны, сол оқулық бөлімшелерге келіп түседі. Келесі артықшылығы кітапханада интернет желісі орнатылған, демек ақпараттар оқулықтар мен шектеліп қоймай, шетелдік журнал-газет басылымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-дегі оқу ерекшелігі: кең ауқымды ғылыми база, жоғары білікті оқытушы құрамы, ғылым мен біліммен айналысуға арналған жоғары мүмкіндік жасалу және жастар үшін тартымды жағы: белсенді де қызықты студенттік өмір. Жастардың белсенді студенттік өмірі мәнді де, әмбебап. Олар түрлі университет, факультет деңгейіндегі жоспарлар мен бағдарламалар негізінде жүзеге асып отырады. Студенттердің уақытын шығармашылыққа бағыттауы көзқарастарын, өз ой-пікірлерін қалыптастырады. Қазіргі күні университет қабырғасында көптеген студенттердің өзін-өзі басқаратын ұйымдар тіркелген. Оған кез келген студент өзінің көшбасшылық қабілетін көрсете отырып мүше бола алады. Бұл ұйымдар негізінде жастар біліммен қатар, шығармашылық пен ұйымдастырушылық, ортамен, қоғаммен қарым-қатынас орнатуға үйренеді, көптеген достарға кезігеді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім Сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

Худайбергенова Гаухар, Тоқтарбай Сәкен



Co-funded by the
Erasmus+ Programme
of the European Union



Enhancing Competences of Sustainable Waste
Management in Russian and Kazakh HEI's

EDUENVI

УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ЭКО-ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ

Өндірістік тауарлардың номенклатурасының, ассортименті мен қаптама түрлерінің, тұрғындардың тіршілік деңгейінің ұлғаюы салдарынан түзілетін қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі 5-6 млн. тоннаны құрайды. Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу Концепциясына сәйкес қатты қалдықтарды өңдеу 2050 жылға дейін 50%-ға дейін азаюы тиіс. Полимерлік, пластик бұйымдар, қағаз, картон, қорап қалдықтары мен металл бұйымдары сияқты қалдықтарды саралап тастау, екінші текті шикізатқа дейін өңдеу полигондарға түсетін жүктемені төмендетіп, стихиялы қоқыстардың санын қысқартады.

Заман буынан тыс қалмай, ғаламдық масштабтағы мәселелерге көз жұмып қарап отыра алмайтын, болашақ ұрпаққа экологиялық таза мекенді мирас етіп қалдыруды жөн көретіндердің қатарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де бар. Осы орайда жылдық ойлап табылған пластик материалды бірнеше минуттар ғана қолданыста болып, содан соң жылдам қоқысқа тасталады. Дұрыс өңдеуден өткен бұл ресурс кіріс көзіне немесе білім беру құралына айналуы ғажап емес. Сондықтан компания бұл салада бәсекелестіктен

бұрын «жұмыла көтерген жүктің жеңілірек» екенін және осы мәселені тек «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» қана шешуге болатындығын алға тартады.

Кафедрамыздың студенттерінің жазғы өндірістік практикасы аталған компанияның қабырғасында өтіп жүр. Практика барысында «Жылуэнергетикасы» және «Техникалық физика» мамандығының студенттері шеберханада алдын-ала әзірленген бағдарлама негізінде сәйкес қабілеттерді меңгеріп, өндірістік процеспен танысады. Олар шредер, эструдер, инжектор, престеу пеші, пресс-үстел сияқты механикалық құрылғылардың көмегімен жинақталған пластикті өңдеп, күнделікті тұрмыс-тіршілікке ауадай қажет заттарды жасап шығарады. Осылайша студенттеріміз өздерінің мамандықтарына қатысты жаңа білім мен біліктіліктерді үйреніп қана қоймай, сондай-ақ, қалдықтарды саналы түрде тұтынып, жою қағидаларын, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды санасына сіңіреді. Ком-

пания өндірісінен шыққан бірқатар өнімдер қаланы абаттандыру және көркейту, оның құрылыс архитектурасын гүлдендіру үшін де сұранысқа ие болып отыр. Осындай үлкен масштабты жобалардың шеңберінде қайта өңделген пластиктен жасалған кәсіпорын өнімдері қаламыздағы Абай көшесінің бойында орналастырылған. Жуырда компания Жасыл экономика басқармасымен бірлесе отырып, тұрғындардан пластиктерді қабылдау үшін контейнерлер орналастыру жоспарын жүзеге асырмақ.

«Жылуэнергетикасы» және «Альтернативтік энергетика» мамандықтарының студенттері мен магистранттары кафедрамыздың Erasmus+ бағдарламасымен қаржыландырылатын «Ресей мен Қазақстанның жою мамандарын даярлаудағы қалдықтарды орнықты басқару облысындағы біліктілікті арттыру» жобасы шеңберінде «Rocket Waste Management» ЖШС-мен бірлесе отырып өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын болады. Бұл тұрғыда кафедра ұжымы шетелдік бірнеше ЖОО ортақ үлесімен жоба аясында жаппай ашық онлайн курсына жасап, курс оқу процесіне сәтті бейімделді.

*Жоба Еуропалық Комиссия қаржыландыратын Эразмус+ бағдарламасы аясында жүзеге асырылады. Осы жарияланымның/материалдың мазмұны автордың жауапкершілігі болып табылады және Еуропалық Комиссияның көзқарасын көрсетпейді.

Болегенова С.А.,
Шортанбаева Ж.Қ.,
Оспанова Ш.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті



ҚАЗҰУ - МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айнала отырып, әлемдік рейтингтерде табысты алға жылжып келе жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, 2019 жылы QS жаһандық рейтингісінің нәтижесі бойынша жетекші қазақстандық университет әлемнің үздік ЖОО тізімінде 207 орынға ие болды. ТМД елдерінен бұл топқа тек Ломоносов атындағы ММУ мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ енді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия ЖОО-ларынан жалғыз болып QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде ең үздік университеттер арасында 210 орынға ие болды. Алға 13 қадам жылжып, 207 орынды бағындырды. Бұл топқа посткеңестік аймақтан тек екі университет: ҚазҰУ және Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ) енді.

QS әлемдегі үздік білім ордаларына көп жылдан бері ғаламдық рейтинг жүргізіп келе жатқан беделді әрі ықпалды, барлық елде мойындалған халықаралық агенттік. Рейтингіде алғашқы үш орынды АҚШ университеттері: Массачусетс технологиялық институты, Стэнфорд және Гарвард университеттері иеленген.

ҚазҰУ еліміздің жетекші университеті ретінде Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев алға қойған әлемнің ең үздік 200 университетінің санатына ену бойынша маңызды мемлекеттік міндетті жүзеге асыру үшін мақсатты түрде жұмыс істеуде. Соңғы бес жылда университет «QS WUR» рейтингінде 400 сатыдан астам белеске көтерілді. Әлемдік тәжірибеде бірде-бір ЖОО мұндай өсу қарқынына қол жеткізген емес! QS сарапшыларының ұсынысы бойынша ҚазҰУ тәжірибесі әлемдегі жетекші университеттерде зерттелуде. Мұндай көрсеткіш білім беру мен ғылымның әлемдік нарығындағы университеттің жоғары бәсекеге қабілеттілігінің дәлелді айғағы.

Ғаламдық ғылыми-білім беру кеңістігіндегі ҚазҰУ рөлінің артуын ескере отырып QS Қазақстанда халықаралық форум өткізуді шешті. Университеттің ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның бүкіл жоғары білім беру жүйесінің әлемдік биік беделінің көрсеткіші болып табылатын «Адами мұра және жоғары технологиялар үйлесімі негізінде жетілу» атты әлемдік деңгейдегі шара 2019 жылдың қыркүйегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ негізінде өтеді.

Бұдан көретініміз, ҚазҰУ ол өскелең ұрпаққа мүмкіндіктер мекені екені айқын. Біздің болашақ жастар болғандықтан, сапалы, жүйелі білімді дәріптейтін осындай ЖОО болғаны бізді қуантады.

Ахмет Ақнұр Пернебайқызы, Тусеев Турғара Тусеевич

БІЗ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ

Қазақстан күннен күнге даму үстінде. Ел тәуелсіздігін алған сәттен бері, біздегі өзгерістерді айтар болсақ өте көп. Осы тұста, жастардың алар орны да ерек екенін айта өткен жөн. Жастарға тәлім-тәрбиені бірінші отбасы берсе, оның ортасы, ЖОО одан кейінгі негізгі орынды алары анық. Осы тұста, көшбасшы ЖОО ҚазҰУ жайлы, қазіргі таңдағы қара шаңырақтың алар орны жайлы айтпасқа болмас.

Қазақ Ұлттық университетінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық деңгейі басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктерде көрініс табады. ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ең озық технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-энергетикалық палатасы рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

QS рейтингінде Массачусетс технологиялық университеті көш бастайды, екінші және үшінші орында сәйкесінше – Стэнфорд және Гарвард университеттері (барлығы АҚШ-тың жоғары оқу орындары). Ең үздік әлемдік жоғары оқу орындарының ондығын толығымен американдық және британдық жоғары оқу орындары құрайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «QS World University Ranking by Subject 2020» пәндік рейтингісінің қорытындысы бойын-

ша көрсеткіштерін жақсартып позицияларын күшейтті.

QS «WUR by Subject 2020» рейтингінде бес пән бойынша әлемнің 1200-ден астам университеті қарастырылды. Өткен жылмен салыстырғанда ҚазҰУ «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» мамандығы бойынша өз көрсеткіштерін жақсартып, 339 орыннан 277-ге көтеріліп, «Әлеуметтік ғылымдар және менеджмент» мамандығы бойынша 351 орынға ие болды.

«Заманауи тіл білімі» мамандығы бойынша университет әлемнің ең үздік 51-100 жоғары оқу орындарының тобына, «Лингвистика» бойынша 201-250, «Ағылшын тілі мен әдебиеті» және «Құқықтану» бойынша 251-300 тобына кірді. Сонымен қатар аталмыш рейтингке алғаш рет «Математика» (топ 351-400), «Экономика және эконометрия» (451-500), «Физи-ка және астрономия» (551-600) мамандықтары енді.

Рейтинг әдіснамасы төрт негізгі көрсеткіштер: академиялық бедел, жұмыс берушілер арасындағы бедел, ғылыми мақалалардың дәйексөзділігі және Хирш индексі негізінде құрылады. QS «WUR by Subject 2020» 95 мыңнан астам оқытушының, 45 мың жұмыс берушінің пікірін, сондай-ақ «Scopus» деректер қорынан алынған мәліметтерді ескере отырып жасалды.

Қалдар Қайсар Құдретұлы,
Такибаев Нурғали Жабағевич

КОНАК ҮЙІ ALMATY HOTEL

Гостиница «Алматы» - является одним из символов города в самом сердце исторического центра южной столицы.

Сегодня гостиница встречает вас обновленным дизайном, а рядный персонал как и прежде чтит традиции гостеприимства!

Гостиница «Алматы» это 152 уютных номера с красочным видом на городскую панораму и театр оперы и балета им. Абая, Банкетный зал ресторана «Иссика» на 250 человек. Для конференц-зала на 120 персон для деловых встреч и переговоров.

the_almaty_hotel | HotelAlmaty | Almaty Hotel

www.hotelalmaty.kz | reservation@hotelalmaty.kz | ул.Кабанбай Батыра 85/133а

«ЙЫЛДЫЗ ДЕКОР» (YILDIZ DEKOR)

Наша компания ТОО «ЙЫЛДЫЗ ДЕКОР» (YILDIZ DEKOR) рада предложить Вам свои услуги в области производства всех видов мебели по индивидуальному заказу любой сложности из любого материала. Мы используем только качественный сертифицированный материал. Наши сотрудники с легкостью найдут индивидуальный подход к каждому клиенту. Мы с радостью выслушаем все Ваши пожелания и выскажем свои предложения. Наши цены с каждым Вашим заказом становятся все доступнее, т.е. предусмотрена гибкая система скидок.

Вам нужна качественная мебель в Алматы по доступной цене? Обращайтесь к нам, профессионалы изготовят любой предмет или целый гарнитур под заказ без задержек.

TAŞKIRANLAR

-universal yapılar-çelik konstrüksiyon
-inşaat&ferforje-dekorasyon

ahmttskrn50@gmail.com
+7 775 069 8177

Тел.: +7- 778-873-79-27, +7-775-069-81-77
E-mail: ahmttskrn50@gmail.com

**КАФЕ-БАР
FORBEST**

Панфилова 75
+7-708-234-3545

КӨШ БАСТАҒАН

ОҚУ ОРНЫ

Бүгін біз елімізде көш бастап тұрған оқу орны жайлы айтамыз. Бұл ЖОО-ны тек елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде өзінің орнын иемденіп келуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Елбасы Н.Ә.Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде 2 қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді.

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтингтік агенттігі әлемнің жоғары оқу орындары бойынша зерттеудің биылғы жылғы нәтижелерін жариялады. QS аналитикалық есебінде атап өтілгендей, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 42 орынға ілгерілеп, жаһандық рейтингте 165-орынды иеленді және «әлемнің ең үздік 200 университеттерінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды». Посткеңестік елдерден тек екі университет қана осы топқа еніп отыр – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

**Хакимов Тагир Тнышбаевич,
Шаукетбек Елнұр Жеңісбекұлы, Абишев М.Е.**

ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

Қазіргі таңда ғылымға Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаев тарапынан біршама қолдаудың болып жатқаны жасырын емес. Соның бірі, постдок позициясы. Бұл ғылымда белгілі-бір деңгейді иемденген жастарға арналған жоба. Енді, осы тұста қара шаңырақ ҚазҰУ постдок бағдарламасын іске қосқан Қазақстандағы алғашқы университет екенін айта кеткен жөн.

Постдокторантура бағдарламасы ғылыми дәреже алған жас мамандарға өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға, дербес ғылыми зерттеулер жүргізуге, оларды әлемнің жоғары рейтингілі ғылыми басылымдарында жариялау түрінде өзектендіруге мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-дың постдокторантура бағдарламасы жас ғалымдарды қолдау жөніндегі мемлекеттік деңгейдегі теңдессіз жоба. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев ҰҚСК-нің үшінші отырысында постдокторантура үшін Арнайы мемлекеттік тапсырыс беру қажеттігі туралы айтқан болатын.

Биылғы жылы әлемнің түкпір-түкпірінен 40-тан астам жас зерттеушілер байқауға қатысуға өтінім берді. Іріктеу критерийлері ғылымметрикалық көрсеткіштер (Хирш индексі, үздік журналдардағы жарияланымдар) және ғылыми зерттеулерді жүргізудегі дербестік дәрежесі болды.

Ректорат қаулысы негізінде, Сараптау комиссиясы жұмысының нәтижесі бойынша «Постдок-2020» байқауының жеңімпаздары белгіленді. Соның ішінде, факультетімізден: Шинбаева Айнура Кадыржановна, Аймуратов Ерлан Кайратович, Шаленов Ерик Онгарович, Хохлов Серик Анатольевич сынды жеңімпаздарымызды жаңа белестерімен шын жүректен құттықтаймыз.

**Алпеисова Айнара,
Өтеуова Ұлдана**

ТОҚТАУСЫЗ ЕҢБЕК – МЫҚТЫ НӘТИЖЕ

ҚазҰУ өзге де беделді халықаралық рейтингілерде қарқынды серпіліспен алға жылжуда. «Times Higher Education» Британдық агенттігінің зерттеу нәтижесі бойынша ҚазҰУ Орталық Азияда алғаш болып әлемдегі ең үздік ЖОО-лар тобына кірді. «Ul Green Metric Ranking of World Universities» жаһандық рейтингінде ҚазҰУ 172 орын алды, Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы еуропалық рейтингінде ҚазҰУ «AA» бағасына иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының тобына енді. Танымал халықаралық «Great Value Colleges» (АҚШ) ұйымының зерттеу нәтижесі бойынша ҚазҰУ әлемнің технологиялық дамыған университетінің ішінде 31-ші орынды бағындырды.

Ауқымды құрылымдық модернизациялау, нәтижелерге негізделген менеджменттің жоғары тиімділігі және соңғы бес жылда 50%-ға дейін өскен бірегей инфрақұрылымдардың қарқынды дамуы ҚазҰУ-дың рейтингілердегі алға жылжуының маңызды факторы болды.

Университеттің әлемдік танылуы халықаралық әріптестік аясының кеңеюі және интернационализацияның дамуымен, сонымен қатар ҚазҰУ-дың БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының тұрақты даму жөніндегі ғаламдық хабы ретіндегі белсенді қызметімен байланысты.

ҚР жоғары оқу орындарының сұранысқа ие ұлттық рейтингіне енген 135 оқытушының жартысынан астамын ҚазҰУ қызметкерлері құрады.

Оның ішінде физика-техникалық факультетінен – 34 оқытушы, химия және химиялық технологиядан – 19, биология және биотехнология – 8, механика-математика – 6, философия және саясаттану – 1, экономика және бизнес жоғары мектебінен 1 оқытушы бар.

Сарапшылар ағымдағы жылы рейтингті өткізу кезінде Webometrics жеке элементтері енгізілген ЖОО-ды саралаудың сандық бағдарламасының әдіснамасы жақсартылды деп атап өтті. Бұл объективті және анық баға беруге мүмкіндік берді.

2019 жылғы Ұлттық рейтингке еліміздің 59 жоғары оқу орны қатысты. Жыл сайын Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (НААР/IAAR) өткізетін зерттеулер түлектердің дайындық сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ЖОО-ның білім беру кеңістігінің халықаралық деңгейіне одан әрі шығуына ықпал етеді.

**Кадырсизова Томирис Тимуровна,
Жуманова Анель Берікқызы, Хасанов М.**

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ 1150 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ

Биыл әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай, түрлі іс-шаралар болып жатқаны белгілі. Солардың ішінде мына бір керемет жаңалықты айтпасқа болмас.

Ғылыми-білім беру орталығы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Американың Өркениеттер ынтымақтастығы және алмасу қоры (ӨЫАҚ) арасындағы өзара келісім бойынша Мэриленд қаласында (АҚШ) құрылады.

Бұл өркениеттердің ұлы философы – әл-Фарабидің 1150-жылдық мерейтойы атап өтіліп жатқан айтулы жылы АҚШ пен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуда маңызды оқиға болмақ.

Орталық Қазақ Ұлттық университеті есімін абыроймен алып жүрген адамзаттың көрнекті ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің алтын энциклопедиялық мұрасын ілгерілету саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру жөніндегі бірегей халықаралық алаңға айналады.

Жақында Қазақстанның АҚШ-тағы Елшілігінің қолдауымен ҚазҰУ Джордж Вашингтон атындағы Америка университетімен бірлесіп ұлы ойшылдың мерейтойына арналған онлайн дөңгелек үстел өткізді. Университет әлемнің түрлі елдерінде әл-Фарабидің 12 орталығы мен үйін ашып, белсенді жұмыс жүргізуде. Осындай Орталық Америкада алғаш рет ашылады.

АҚШ-та «әл-Фарабидің» алғашқы орталығын ашу туралы уағдаластық адамзат ойшылының тұлғасына деген жоғары құрметті және оның гуманистік мұрасына ерекше қызығушылықтық белгісі ретінде бағаланады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың белсенді халықаралық қызметі және оның америкалық әріптестерімен тиімді өзара әрекеттесуі, Мэрилендтегі «әл-Фараби» орталығына ұлы философтың мұрасын еліміздің брәнді ретінде зерделеу мен ілгерілетудің, сондай-ақ жердің батыс жарты шарында Қазақстанның тілі мен мәдениетін дәріптеудің озық орталығы болуға мүмкіндік береді. Бұл жастарға тағы бір шабыт сыйлары анық.

Беркимбаев Даулет Жаркинбекұлы, Хасанов Манас Кабылтаевич

ОҚУҒА ТИІС 100 КІТАП АЯСЫНДА

Оқуға тиіс 100 кітап аясында бірнеше ақын, жазушыларды атауға болады. Бірақ соның ішінде бірегейі Абай Құнанбаевты ерекше атап өту қажет деп ойлаймын. Осы тұста, қара шаңырақ ҚазҰУ-да, Абай күні атап өтіліп, Абай атындағы тақырыптың залдың тұсаукесері өткені бәрімізге мәлім.

Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай – Рухани реформатор» атты мақаласында: «Біз Абайды XIX ғасырда өмір сүріп, XXI ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз. Түптеп келгенде, әрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс!» – деп атап өтті.

Ұлы ақынның мерейтойын мерекелеу аясында ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасында жаңа тақырыптық зал ашылды, онда Абай Құнанбаевқа арналған арнайы экспозициялар, сондай-ақ ақынның өмірі мен шығармашылығын ашып көрсететін сурет галереясы орналасқан. Орталық суретте ақын дала мен таулар аясында ақ киімде бейнеленген, бұл оның жаны мен ойының тазалығын бейнелеп, Абайдың ұлылығын және оның туған жерімен ажырамас байланысын көрсетеді.

«Зал 80 орынға арналған және заманауи аудио-видео жабдықтармен жабдықталған, мұнда студенттер үшін дәрістер, кездесулер, конференциялар және басқа да ғылыми шаралар өткізуге болады. Сонымен қатар, бұл жерде Абай шығармаларының, оның ішінде сирек кездесетін басылымдардың тұрақты көрмесі бар. Сондай-ақ, Абай және оның шығармалары туралы аудио-видео материалдардың толық жинағы келтірілген», - деп атап өтті тұсаукесер барысында кітапхана директоры Калима Төлеубаева.

Сондай-ақ, шарада ұлы ақынның Халықаралық Абай клубы мен ҚазҰУ бірлесіп басып шығарған шығармаларының толық жинағы ұсынылды. Осы шығарылым туралы белгілі қазақ жазушысы, драматург және баспагер Роллан Сейсенбаев әңгімеледі. Ол он томдық басылымға орыс, ағылшын, француз және неміс тілдеріне аударылған туындылар кіргенін атап өтті. Жинақтың «Абай туралы сөз» атты жеке томы толығымен Абай туралы әдебиеттанушылар, ақындар, жазушылар және әлемге әйгілі ғалымдардың тұжырымдарына арналған.

«Биыл әлем екі айтулы күнді – ұлы ойшыл Әл-Фарабидің 1150 жылдығын және майталман ақын Абайдың 175 жылдығын атап өтуде. Қазақтың дархан жері адамзатқа өзінен тысқары жерлерде рухани және шығармашылық мұрасымен танымал болған ұлы перзенттерін сыйлады. Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Әл-Фараби орталығы ашылған болатын, ал бүгін – Абай атындағы зал ашылуы. Осының арқасында олар бізге, жас ұрпаққа жақындай түсті, бұл біздің рухани жаңғыруымызға деген сенімімізді күшейте түспек», - деді Роллан Сейсенбаев.

Мемлекет басшысы атап өткендей, біздің санамызды, көкжиегімізді кеңейтіп, рухани дамуымыз үшін Абайға арналған іс-шараларды өткізу аса маңызды. Оның мұрасы қазақ халқының болмысы мен ұлттық ерекшелігін, салт-дәстүрі мен рухын айқын көрсетеді. Оның кемелділікке, ой және адам жанының тазалығына ұмтылу туралы идеялары әрбір қазақстандық үшін маңызды бағдарға айналуы керек.

**Жеңісова Гүлнұр Жалғасқызы,
Молдабекова Майра Саметовна**

АТОМ ЖОБАСЫ ЖАЙЫНДА

Кезекті мақаламыз, атом жобасына қатысты болмақ. Неге десеңіздер, бұл тақырып қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі десек те болады.

«Невада-Семей» жастар ұйымының белсенділері халықаралық антиядролық қозғалыс «Невада-Семей» ұйымымен бірлесе отырып Қазақстан жеріндегі жарылыстың соңғы күнін атап өту мақсатында «ХАҚ «Невада-Семей» және оның жетекшісі О. Сүлейменовтің Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтарды тоқтатуда және Семей ядролық полигонын жабылуындағы шешуші рөлі» тақырыбында онлайн дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстел барысында Семей ядролық полигонындағы жарылыстардың тарихы, «Невада-Семей» қозғалысының 30 жылдан астам уақыт ішінде жеткен жетістіктері қарастырылды.

Дөңгелек үстелге халықаралық ядроға қарсы «Невада-Семей» қозғалысының төрағасының орынбасары Эфим Зуслин, жауапты хатшысы Алия Бекмагамбетова, ядроға қарсы қозғалыстың ақсақалдары, Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының

оқытушылары, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Невада-Семей» жастар ұйымының өкілдері қатысты.

«Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының ардагері, б.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Виктор Инюшин өз сөзінде қозғалыс көшбасшысы О.О.Сүлейменовтың шабыттандыратын және ынталандыратын рөлін атап өтті. КСРО мен АҚШ арасындағы идеологиялық текетірестің – «Қырғи қабақ соғыстың» қызған шағында Олжас Сүлейменов бейбітшілікке үндеп, «Жабайы дала» өлеңін жазды. «Егер әлем мұңаймаса-сіз де, Қазақстан да мұңаймаңыз. Әлем сенімен сыналған. Қазақстан, егер қолыңнан келсе, кешір. Сынаққа тыйым салу жасасын!» деп жазды О. Сүлейменов. Ақынның терең ойлы жолдары мен шынайы істері бүгінгі күні елімізде және әлемде болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайтын және «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысын қолдауға дайын қазақстандықтарды шабыттандырады.

Сапарғалиева Гульсезим
Батырбековна

БІЛІМГЕ ҚҰШТАР ҰРПАҚПЫЗ

«Білімнің жетегіне еріп келем,
Мақсатыма бір күні бәлкім жетем.
Кешегі бұрыс ойды ұмытқан соң,
Өз өзіме көп уақыт қатты сенем», – деп жазар әңгімемізді бастасақ.

Бүгінгі жазба Әбу Насыр әл-Фарабиге арналмақ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Әл-Фараби халықаралық орталығында әлемге Әл-Машани деген атпен танымал әйгілі ғалым және фарабитанушы Ақжан Жақсыбеқұлы Машановтың бюстінің ашылу салтанаты өткізілді. Мемлекеттік хатшы салтанатты рәсімдегі құттықтау сөзінде адамзаттың Екінші Ұстазы Әл-Фарабидің Қазақстан аумағында Отырарда бір кездері Фараби деп аталған Қазақстан мен Орталық Азияның ежелгі мәдени орталығында дүниеге келгенін әлемге ғылыми тұрғыдан дәлелдеген қазақстандық фарабитану мектебінің негізін қалаушысының ерекше үлесін атап өтті. Осыдан жарты ғасыр бұрын 1975 жылы ЮНЕСКО қамқоршылығымен Қазақстанның Алматы қаласында өткен Әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған халықаралық форум өткізу туралы шешімнің қабылдануы қазақстандық ғалымның баға жетпес еңбегінің мойындалуының тағы бір көрінісі болды.

Дөңгелек үстел форматында өткен ғалымдармен кездесу барысында Қырымбек Көшербаев Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының кейбір қорытындыларын шығарып, мерейтойлық жыл ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен халықаралық деңгейде атап өтілуде екендігін атап өтті. Пандемияға қарамастан, қазақстандық фарабитанушылар мен ғылыми қоғамдастық ұлы ғалымның мұрасын елде және бүкіл әлемде кеңінен насихаттап дәріптеу бойынша орасан зор жұмыс атқарды.

Мерейтойлық іс-шараларға қатысуға халықаралық қоғамдастық және академиялық орта кең ауқымда тартылды, олардың ішінде БҰҰ мен ЮНЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ, дипломатиялық миссиялардың өкілдері, сондай-ақ шетелдік жетекші фарабитанушы ғалымдар бар. Шетелдегі Қазақстанның Елшіліктерімен және Әл-Фараби орталықтарының қолдауымен және жетекші шетелдік университеттермен бірлесіп – Оксфорд университеті, Джавахарлал Неру университеті, Стамбұл университеті, Каподистри атындағы Афина ұлттық университеті, София университеті, Дамаск университеті, Египет университеті және басқа университеттермен бірқатар халықаралық конференциялар өткізілді. Әл-Фарабидің мерейтойы Үндістан, Сингапур, Малайзия және Индонезияда аталып өтті. Халықаралық іс-шараларға әлемнің 50 елінің атынан 100-ден астам университеттерден және тағы басқа ұйымдардан 12 мыңнан астам адам қамтылды.

Тілеу Гүлбану Бақытжанқызы,
Жұманова Құрбанкүл Жамбылқызы,
Кунаков Сандыбек Кадырович

БІЛІМГЕ БӨЛ УАҚЫТТЫ

Келешекке пайдалы қадам баста,
Уақыт деген жетеді мына жаста.
Өнер, ғылым, білімге бөл сен бұл кез,
Артық қимыл, әдеттің бәрін таста.

Биыл әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай бірнеше іс-шара, дөңгелек үстелдер өткені анық. Білім жолында жүрген әр азаматқа бұл ақпараттардың қызықты болары анық. Ендеше, кезекті ақпараттарды сіздерге ұсынамыз.

Республикада онлайн режимінде 60-тан астам конференция, дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар өтті. Мәселен, әлеуметтік желілерде ашық қолжетімділікпен «Парасаттылық сағаты» жалпыреспубликалық акциясы, «Әл-Фараби және қайырымды қоғам» атты видеодәріс және «Екінші Ұстаз» онлайн веб-семинарлар сериясы өткізілді. «Қайырымды қоғам» челленджіне әлемнің 7 елінен келген шетелдік студенттермен қоса, Қазақстанның жоғары оқу орындарының 14 мыңға жуық студенті қатысты. «Әл-Фараби» халықаралық пәндік олимпиадасына алыс және жақын шетелдердің 10 елінен 9,5 мыңнан астам мектеп оқушысы қатысты. Олимпиада жеңімпаздарына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқуға 40 білім гранты бөлінді.

Сонымен қатар, Әл-Фарабиға арналған 7 монография, Әл-Фарабидің дәйексөздер жинағы, сонымен қатар «Қайырымдылық» ойлары мен нақыл сөздер жинағы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді. Әл-Фарабидің бұрын жарияланбаған үш трактаты араб тілінен қазақ тіліне аударылды.

Кездесу аясында әлемде тұңғыш рет жарық көрген «Әл-Фараби» энциклопедиясының тұсаукесері өтті. Энциклопедияның мазмұны тарихи деректер, мәліметтер, географиялық нысандар, өмірбаяндық мәліметтер, ойшылдың өмір жолы мен ғылыми мұраларын (трактаттары мен оларға түсіндірмелер), ұғымдар мен терминдер, араб-мұсылман Ренессанс кезеңіндегі белгілі ғалымдардың еңбектерін қамтиды. Онда заманауи зерттеушілер мен қазақстандық фарабитанушылар, сондай-ақ, ислам философиясы, дін, мәдениет, ғылым және білім мәселелерімен айналысатын барша ғалымдар туралы библиографиялық мәліметтер келтірілген.

Бердікүл Мұхамеджан Жамалгелдіұлы
Еримбетова Ляззат Тастанбековна

ҚАЗҰУ – ТӘРБИЕНІҢ, БІЛІМНІҢ, ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ОРДАСЫ

Әр уақыт өткен сайын бізде технологиялар дамып, жаңалықтар көбею үстінде. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми-технологиялық паркінің ғалымдары адам денесінің температурасын контактісіз өлшеудің және адамдар көп жүретін және көп жиналатын жерлерде масканың болуын немесе болмауын танудың автономды зияткерлік жүйесінің жұмысын көрсетті. Өзірленген жүйе шетелдік аналогтармен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие. Оны қолданыстағы «Оңай» билеттеудің электрондық жүйесіне енгізуге болады, бұл қоғамдық көлікте бетперде режимін сақтаудың барынша мониторингін қамтамасыз етуге, құқық бұзушыларды анықтауға және COVID-19 вирусының таралуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жас ғалымдары мен IT-мамандары коронавирус симптомдарын тануға және ауруды диагностикалау мен емдеу үшін дәрігерге уақтылы жүгінуге көмектесетін «Tracker COV/KZ» Android-қосымшасын өзірлеп шығарды. Мобильді қосымша динамикалық сауалнама жүйесін қамтиды және оның қорытындысы бойынша коронавирус белгілерінің бары туралы егжей-тегжейлі есеп алуға болады. Сондай-ақ, бұл нәтижелерді медициналық мекемеге немесе дәрігерге жіберуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қосымшада Қазақстандағы COVID-19 жағдайы туралы өзекті статистиканы бақылауға болады. Қазір ол – қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді, сондай-ақ OIS үшін де ағылшын тіліндегі нұсқаларын жасау жоспарлануда. Android қосымшасын ұялы құрылғыға Play Market-тен орнатуға болады.

Бейсенбекова Жұлдыз, Жарылқасын Айдана

МАҚСАТЫҢДЫ ШЫҢДАЙ БІЛ, ШАБЫТ КЕЛСЕ

Алға қадам басамыз біз сеніммен!
Орын алып жүректердің төрінен.
Бұл жазбаны Елбасыға арнайық
Мақтанамын, туған өлке, жеріммен!

ҚазҰУ-ға деген үлкен сенім білдірген Елбасының біз үшін алар орны бөлек. Жалпы, жастарға жасаланып жатқан көптеген ұсыныстардың Елбасының себепкерлігімен өткені анық. Осыған орай Елбасы тәжірибесіне қатысты кітаптың шығуына кішігірім тоқтала өтсек.

1 шілде күні сағат 11.00-де «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Тәуелсіз Қазақстанның конституциялық құрылысындағы рөлі: Елбасы тәжірибесі» кітабының онлайн-тұсаукесері өтті.

Іс-шараның ұйымдастырушылары - Конституциялық Кеңес және Нұрсұлтан Назарбаев қоры болатын. Кітап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған және Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары шеңберінде басылып шықты.

Басылымда Елбасының басшылығымен Республика Конституциясын жазу, елімізде конституциялық құндылықтарды одан әрі бекіту және дамыту процесі жан-жақты сипатталған. Елбасының серіктестері Республиканың Тұңғыш Президентінің жетекшілігімен жаңа қазақстандық мемлекеттілікті нығайту жолындағы тарихи кезеңдер мен жетістіктер туралы өз пікірлерімен бөліседі. Кітап Ұлт Көшбасшысының сөйлеген сөздерінен, конституциялық саясаттың негізгі бағыттары талқыланды мемлекеттік органдардың отырыстарынан және өзге де дискуссиялық алаңдардан жинақталған практикалық материалдарды да қамтыды. Кітап конституциялық құрылыстың қазақстандық тәжірибесін зерттейтін жаңа ұрпақ саясаткерлеріне, тарихшы-ғалымдарға және заңгерлерге арналған.

Төкен Бексұлтан, Қахар Гүлзада

КІМ БОЛАСЫҢ, ҚАЛАЙ ӨМІР СҮРЕСІҢ?

Бұл уақыт білімділердің уақыты. Көп оқып, білім алып, оны практикада қолдана алған адам өзі қалаған нәтижеге жетері анық. Енді осы тұста, білім мен ғылымға үнемі қолдау білдіретін басшымыздың болғаны адамды қуантады.

Президент бүгінгі күнде ғылым мен білімге жеткілікті көңіл бөлінбегенін ашық түрде айтып, бұл салаларға деген көзқарасты ел дамуының драйвері ретінде қайта қарау қажеттілігін алға тартты. Ерекше көңіл аударатын жайт, бүкіл мемлекеттік саясатты соған сәйкес жүзеге асыру еліміздің дамуына түбегейлі өзгерістер әкелетінін және де халқымыз үшін өркениет бағытындағы серпіліс беретін батыл да, өте ірі қадам екенін атап айту қажет. Экономиканың барлық салалары жаңа білімге, технологияларға және инновацияларға негізделуі тиіс, бұл жаңа экономикаға көшудің біртұтас үлгісін қажет етеді.

Бұған дейін де Президент отандық экономиканың болашақ жаңа құрылымын құру қажеттігін атап өткен болатын. Бұл құрылымда ғылым мен білім беру дербес сала, әрі өндіруші күш ретінде маңызды орын алуы керек екені анық. Осы мақсатта Мемлекет басшысы бастапқы кезеңде аталмыш саланы отандық экономиканың тиімді секторына айналдыру шараларын ұсынуда, бұл «Ғылым туралы Заңның» жаңа редакциясы мен Білім беруді және ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында көрініс табуы қажет. Сондай-ақ, білім беруді қаржыландыруды 6 есеге, ал ғылымды 7 есеге ұлғайту жоспарлануда. Бұл шаралар Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы елдерінің көрсеткіштеріне жақындауға мүмкіндік береді. Докторантура гранттарының құны мен санын арттыру, постдокторантура бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырысты бөлу жөніндегі тапсырма еліміздің ғылыми кадрларын қалыптастырудағы шешуші қадам болады. Республикамызда алғаш рет ҚазҰУ-да жүзеге асырылған постдокторантура бағдарламасы жоғары тиімділікті көрсетті. Алтыншы технологиялық құрылым кезінде ресурстар мен назарды био және нанотехнологияны, жасанды интеллект, виртуалды шынайылық және тағы басқа технологияларды дамытуға шоғырландыру қажет. Бұл әрекеттердің барлығы дерлік білім алушы әр азаматқа деген үлкен қолдау екені анық.

Болат Айгүл, Жүрімбай Ұлан

ЕЛ ЕРТЕҢІ ОЛ – ЖАСТАР!

Білімге негізделген экономиканың жаңа моделін құру мақсатында Президент технологиялық алаңдарды, ірі кәсіпорындарды жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу институттарымен байланыстыратын тізбек құруға нұсқау беруде. Мемлекеттің, бизнестің және университеттердің тығыз ынтымақтастығына негізделген инновациялық экономикасы дамыған елдерде сыналған тиімді «үштік спираль» моделін қолдану арқылы бұл мақсатқа қол жеткізуге болады. Жетекші елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, ҚазҰУ ғылыми өзін-өзі басқару, экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету және ғылымды қажетсінетін секторға инвестиция тарту қағидадарына негізделген ғылыми әзірлемелерді жаңа сау мен еңгізуге арналған ғылымды басқарудың жаңа моделін іске асыруға бағытталған «Әл-Фараби ғылыми-технологиялық алқабын» құруға бастама жасады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай аралдар – жаңа инновациялық экономиканың өсу нүктелері. Қазірдің өзінде Қазақстанның дағдарыстан кейінгі даму базасын қалыптастыруға бағытталған экономикалық өсуді қалпына келтіру бойынша құрылған Мемлекеттік комиссияның қызметі шеңберінде елдің болашақ экономикасының негізі қаланады деген үміттеміз. Осы ретте Әл-Фараби ғылыми-технологиялық алқабы сынды жобалар мен Үкімет және басқа да сарапшылардың ұсыныстарын іске асыруды қолға алу қажет.

Жақсылық Аяжан, Абишев М.Е.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен

алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

12 сәуірде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жариялаған сәтінен бастап үш жыл толады. Осы уақыт ішінде бағдарлама жаңа идеологиялық тұғырнаманың негізіне айналып, қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларын модернизациялаудың қуатты механизмі іске қосылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мыңдаған ұжымы осы тарихи үдеріске атсалысып, оны жүзеге асыруға белсенді қатысуда. Университеттің көп қырлы қызметі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға бағытталып, ғалымдардың, оқытушылар мен студенттердің жобалары мен бастамаларында көрініс табуда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының түпнегізі ұлт санасын алға жылжуға кедергі келтіретін барлық тосқауылдан азат ету және озық, прогрессивті, әрі ескінің сарқыншақтарынан ада қоғамдық сананы қалыптастырумен байланысты.

Нәдір Ә., Имамбеков О.

ІЛҮДЕ БІР КЕЗДЕСЕР ТҰЛҒА ЖАЙЛЫ

Еске алып дәл бүгін біраз жайды, Кей адамдар сөзінен бірде тайды. Барлығына айтарым Абайды оқы Айттайын дәл осы сәт Абай жайлы.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Әл-Фарабидің 1150 жылдығы және Абайдың 175 жылдығына арналған «Әл-Фараби – Абай: рухани сабақтастық мәселесі» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға фарабитанушы-ғалымдар, абайтанушылар, ғылыми қызметкерлер, докторанттар мен магистранттар, қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелді ашқан Әл-Фараби орталығының директоры Бекжан Мейрбаев шараның негізгі мақсаты қазақ даласының екі ғұлама перзенті, Әл-Фараби мұрасы мен Абай Құнанбаевтың шығармашылығы арасындағы сабақтастықты кеңейту екенін атап өтті.

Дөңгелек үстел барысында Әл-Фараби еңбектері мен Абай шығармашылығын зерттеудің ғылыми, әдістемелік және практикалық мәселелері, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі фарабитану және абайтанудың мәселелері талқыланды.

«Бүгінде Абай Құнанбайұлының бізге жеткен екі фотосуреті бар. Бірі 1896 жылы, екіншісі 1903 жылы түскен фотосурет. 1903-ші жылғы фотосуреттің түпнұсқасы Алматыдағы Мұхтар Әуезов үйінде сақталған. Ал негізгі көшірмені Мұхтар Әуезов арнайы біздің музейге тапсырған. Ол Абайдың үйінде табылған отбасымен түсірілген фотосурет», – деді Абайдың «Жидебай-Берілі» мемориалдық қорық музейінің ғылыми хатшысы Раушан Елекенова.

Сондай-ақ, шараға жиналған қатысушылар Әл-Фараби музейінің экспозициясын аралап, кітапхананың сирек қорына енгізілген ғалымның раритетті құнды еңбектерімен танысты. Сонымен қатар, олар Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының (Семей қ.) кітаптар мен қолжазбалар көрмесіне барды.

Бұл болып жатқан әр іс-шара, әр дөңгелек үстел, келер ұрпаққа, қазіргі жастарға шабыт сыйлап, үлгі боларлықтай істер деп білеміз.

Нурмухаметова, Аймуратов Е.

«САНДЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ – ҚАЗАҚСТАН»

Еліміз цифрландыру жүйесіне қосылды деуге әбден болады. Осы тұста цифрлы жүйе білім беруде қаншалықты маңызды? Цифрлы жүйе бізге қандай өзгерістерге алып келмек?–деген сауалдар ойға бірден келері анық. Соған жауап болатын, қара шаңырақта өтілген конференция жайлы айта өтсек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Цифрландыру жағдайында Орталық Азия өңірінде инженерлік-техникалық білім беруді жаңғырту» атты халықаралық конференция өтті.

Іс-шараны Қазақстан инженерлік білім беру Ассоциациясының (KazSEE) инженерлік білім беру саласындағы аккредиттеу бойынша Еуропалық желісімен (ENAEЕ) бірлесіп ұйымдастырды. Оның жұмысына Қазақстанның және Худжанд келісімі елдерінің жоғары оқу орындары қатысты.

«Халықаралық аккредиттеу жүйесіне шолу. Инженерлік білім беру сапасын қамтамасыз ету әдістері» тақырыбында ENAEЕ вице-президенті Ж. Квадрадо негізгі баяндама жасады. Инженерлік білім қауымдастығының Орталық Азия федерациясының президенті Д. К. Сулеевтің «Орталық Азия аумағында Худ-

жанд келісімін жүзеге асыру мәселелері мен перспективалары» атты презентациясы да үлкен қызығушылық тудырды.

Тәуелсіз аккредиттеу бойынша жұмыс тәжірибесімен Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстан аккредиттеу агенттіктерінің өкілдері бөлісті. Конференция қатысушылары инженерлік білім беру саласындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Мысалы, сарапшылардың жалпы базасын құру, стандарттарды аймақ елдерінің ұлттық заңнамаларымен үндестіру, «EUR-ACE Label» сапа белгісін беру құқығы және т. б..

Кездесу қорытындысы бойынша Худжанд келісімінің идеологиясын сақтап, Орталық Азиядағы ынтымақтастық аясын кеңейту және бұл үшін аккредитациялаумен айналысатын түрлі мекемелер мен бизнес-құрылымдарды тарту туралы шешім қабылданды.

Бұл айтылған дүниелер азды-көпті сұрақтарымызға жауап бере алды деп ойлаймыз. Дамыған заманда дамушы елдің қатарынан ғана емес, дамушы, ізденуші адам қатарынан да табылайық.

Елемесова С., Аймуратов Е.

АДАМЗАТТЫҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ ЖАЙЛЫ...

Бұл мақала, әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл болуына орай шығып отыр. Осы тұста қаншама елдер түрлі іс-шаралар жасауда. Солардың ішінде, біздің қара шаңырақтың да болатыны белгілі. Енді осы іс-шараларға кішкене тоқталып өтсек.

Үндістанда әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған іс-шаралар бастау алды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Үндістандағы Қазақстан Республикасының Елшілігі мен Джавахарлал Неру атындағы университеттің қолауымен Нью-Дели қаласында Әбу Наср әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстел өткізді.

Іс-шараға ҚР Үндістандағы Елшісі Ерлан Әлімбаев, ҚазҰУ және Дели университеттерінің ғалымдары, Орталық Азия елдерінің дипломатиялық миссиялары мен ғылыми қауымдастық өкілдері қатысты.

Кездесуді ашқан Қазақстанның Үндістандағы Елшісі Ерлан Әлімбаев әл-Фарабидің мерейтойы ЮНЕСКО-ның атаулы күндері мен оқиғалар күнтізбесіне енгізілгенін және оны мерекелеу адамзаттың «екінші ұстазының» дүниежүзілік мұрасын зерттеуге және зерделеуге қуатты серпін беретінін атап өтті. Бүгінде Ұлы дала ойшылының есімі әр елдің, соның ішінде Үндістанның ғалымдарын да аса қызықтыруда. Мұндай іс-шараларды жоғары халықаралық деңгейде өткізу әл-Фарабидің

шығармашылық мұрасы мен қазақ тарихын дәріптеуге ықпал етеді.

«Жуырда ҚазҰУ Делиде Әл-Фараби мұражай-үйін ашты, ол ғалымдар мен жұртшылықты тартатын ерекше орынға айналды. Айта кетерлік жайт, Әл-Фарабидің мерейтойы әлемдік деңгейде атап өткізілуде және ҚазҰУ түрлі алаңдарда ИЫҰ, ИСЕСКО, ТҮРКСОЙ және басқа да халықаралық ұйымдардың қолдауымен іс-шаралар өткізуде», – деп атап өтті ҚазҰУ проректоры Мехмет Арслан.

Дөңгелек үстел барысында ҚазҰУ делегациясы әл-Фарабидің өмірі мен еңбектері, оның қазіргі кездегі мұрасының маңыздылығы туралы ғылыми баяндамалар мен презентациялар жасады. Сонымен қатар, ойшылдың идеялары негізінде әзірленген «Университет 4.0» жаңа буын университетінің рухани-адамгершілік және ғылыми-технологиялық платформасын қамтитын моделі ұсынылды.

Іс-шарада сөз алған Үндістанның академиялық топтарының өкілдері, ғылыми орталықтар мен институттардың басшылары Әбу Насыр әл-Фараби мұрасының маңыздылығына ерекше тоқталып, осындай атаулы шаралардың екі достас елдердің мәдениетін жақындастырудағы маңыздылығын атап өткен болатын.

Әбубәкір Б., Жәми Б.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС



Бүгін біраз сіздермен өзімнің ойымды бөліскім келеді. Яғни, қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлектері

жайында сөз болмақ және олардың бүгінгі таңдағы жетістіктері жайында сөз болмақ. Соның ішінде бүгінгі таңдағы 3-курс докторантымыз Иманқұл Мұсаттың өз ойына кезек берсек. «Талғардағы №1 лицей-интернатына келген күнім әлі есімде. Ешқандай тәжірибесі жоқ адам болатынмын. Ұстаздық қызметті осы сәттен бастадым. Мектепте оқушылар көрдім, дайындалғанымша сабақ өттім. Біраз күндерден кейін, жұмысқа асығып баруды шығардым. Бұның бәрі нәліктен десеңіздер, бәрі оқушыларымыздың арқасы дер едім. Себебі, олар маған шабыт сыйлайды, жұмысқа деген құштарлықты оятты. Осылай мен өз жұмысымның қаншалықты жауапкершілікті талап ететінін біле бастадым. Уақыт өте мұғалімдікпен қоса, тәрбиешілікті де қоса алдым. Басында осының бәріне үлгері аламын ба? – деген үлкен сұрақ тұрды. Бірақ бар күшті жинап, оқушылар үшін осылай жасауға шешім қабылдадым. Бұл қозғалысқа бірақ осы уақытқа дейін өкініп көрмеппін. Ұстаз болу, осыншалықты керемет пе еді? Оқушылардың шын көңілмен, ақ жүрекпен жымыған бала күлкісі адамды жібітіп, шаршағанды басатындай күш сыйлайды екен. Бұл не құдірет?! Міне, осылай уақыт өте берді. Мұндағы суретте көріп отырғандарыңыз, менің алғаш өткен ашық сабағымнан естелік. Қобалжуға толы бұл күн, балалардың маған қаншалықты жақын, менің сабағым оларға қаншалықты қызықты екеніне дәлел болған бір сәт еді. Осы бір сыныптың сынып жетекшісі және тәрбиешісі болған өзімді әрқашан бақытты санаймын. 9 ұлымның асар асуы, алар белестері әлі мол деп білемін. Осыған дейінгі жасалған еңбектер осылар үшін десем артық айтқандық болмас. Бұлар мені есейтті, өзіме қатысты жағдайды ойлауға мүмкіндік бермеді, бірақ осының бәрі адамға қуаныш сыйлайды екен. Тіпті, кей уақыттағы шаршаудың өзі, керемет шаршау секілді. Мен мұнда өз жетекшілігімдегі сыныбым жайында айтып отырмын, әрине, өзге мен беретін сыныптардың барлығын да дәл осындай мейіріммен жақсы көремін, сыйлаймын, қадірлеймін. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп, өз сөзімді аяқтайын.

Нуридин Анель, Белисарова Ф.Б.

ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕЛЕР ЖАЙЫНДА...

Бұл әлемге шығарылды көп жыр да, Жатыр дейді ашылмаған көп сыр да. Соңғы уақыт көңіл бөлді, көп ғалым Аспандағы ашылмаған көп сырға.

Соңғы болып жатқан жаңалықтардың көбі аспан әлеміне десек, қателеспейміз. Осы тұрғыда, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті кафедраларында түрлі бағытта ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтар жұмыс істейді. Ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтардың жетекшілері – ЖОО-ның тәжірибелі педагогтары. Бұндай үйірмелерге сол салада қызығушылық танытқан әр оқытушы, магистрант, студент мүше бола алады.

Сондай үйірмелердің бірі теориялық және ядролық физика кафедрасында ашылған «Астрофизика» үйірмесі. Ғылыми үйірменің негізгі мақсаты – астрофизика және ядролық астрофизика саласындағы заманауи проблемаларды, ғылыми мақалалар жазудағы қиыншылықтар мен басты назар аударатын мәселелерді қарастыру, сондай-ақ, студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Үйірмеге студенттермен қатар, жас зерттеушілер, PhD докторанттар да қатысып, өз зерттеу салаларына байланысты небір қызықты материалдармен, қазіргі ғылым саласындағы жаңалықтарымен бөліседі.

Әр студент үйірмеде өзін еркін ұстауды үйренеді. Себебі, мұнда келетін студенттердің көбісі ғылымға ден қойған, өздерін болашақта жас ғалым деп санайтындар. Студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмелеріне қатысуы олардың зерттеу тақырыптарын дұрыс таңдауына, зерттеу дағдыларын дамытуға, ғылыми проблемаларды талдауға, ғылыми проблемаларды қоя білуіне және негізделген қорытынды жасауларына көмектеседі.

Мәдениет Жанерке, Ынтымақ Ақбота, Тоқтарбай Сәкен

КӨКЕЙДЕ ТҮЙГЕН ОЙЛАР БАР

Бүгінгі айтылар әңгіме куратор жайында өрбімек. Жоғарғы оқу орнына түскен уақытта, яғни әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға түскен сәттен, алдыңнан бірінші кездесетін адам, ол – куратор, басқаша айтқанда мектепте сынып жетекші болса, мұнда ол жетекші – куратор. Мен куратор қандай болуы керек? деген сауалға былайша жауап берер едім. Негізгі көкейдегі ой, ол студенттерді жақсы көре білу. Егер сен қандай жұмысты болмасын үлкен құлшыныспен, зор махаббатпен жасасаң, ол жұмыс саған жемісті болады, сенің бақытыңның бір бөлігіне айналады. Міне, осы сынды кеңесті студентке беру үшін, бұл сөздерді өзін де қолдана алуың керек. Әрбір жыл осы салада жұмыс жасаған сайын сенің тәжірибең молайтыны хақ. әрқашан ізденісте болу керек. Яғни, осы салада жүргендіктен студентті қандай жағдайда тұлға етіп қарастыра аламыз, міне, осы мақсатты алға қойып, бар білгенді үйретіп, қажетті кітап түрлерін айтып, қандай мамандықта болмасын, қоғамдық өмірге де белсене ат салғызып, жан-жақтылық қабілетін аштырып, өмірге деген құлшынысын арттыра білсе, міне сонда ғана куратор-куратор ретінде бақытты деп білемін. Енді сөзімді қорыта келе, мына бір өлең жолдарын ұсынғым келеді:

Ұстаз болу – жүрегімнің айнасы,
Ұстаз болсаң, балаңды сен ойлашы.
Студентке білім беріп, сол уақыт
Жеткенінше биікке сен қоймашы.

Ұстаз болған адам сондай бақытты,
Керексінбей өзге байлық, жақұтты.
Көңіл бөліп, бар жағдайда қарасаң
Бала үшін табады екен уақытты!

Жолдахмет Дина, Белисарова Ф.Б.

БІЛІМ КЕРЕК...

Білім алу – саған сенім сыйлайды,
Болашаққа саған азық жинайды.
Жүйеменен білім алған азамат
Әр уақытта қадамды алға ойлайды.

Бұл тақырып ҚазҰУ-да журналистика факультетінде өткен 50-ші халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция аясында «Білім беруді цифрландыру жағдайында Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының заманауи интерпретациясы» атты ғылыми методикалық конференциясында «Оқу үрдісінде жаңа ақпараттық және білім беру технологиялары» секциясына байланысты болады.

Оның жұмысына Нархоз университеті, ҚазҰМУ өкілдері, С. Асфендияров және басқа да жоғары оқу орындарының басшылары, «Мектеп» және «Экономика» баспа үйлерінің, ҚР Кітап палатасының басшылары, ҚазҰУ докторанттары мен магистранттары қатысты. ҚазҰУ-дың баспа ісі және дизайн кафедрасының профессоры Г. Қ. Мұқанова секция модераторы болып сөз сөйледі.

Кездесу мазмұнды өтіп, онда білім беру үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу, аттестацияның басымдықтары және цифрландыру жағдайында оқытушылардың қажетті құзыреттілігі, орта мектеппен өзара іс-қимылдың жаңа жолдары мен модельдері және басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

Толумханов А., Мурзағалиева А.



ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ БАЛАЛЫҚТАН

Бұл жолғы әңгімемді, қара шаңырақ ҚазҰУ студенттеріне арнасам деймін. Біздегі келер ұрпақтың тәрбиесі қайда жол тартуда. Олардың тәрбиесі қай бағытқа қарай келеді? Тәрбиенің бастауы қайдан?

«Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген бұл жолдар өте орынды айтылған десек қателеспейміз. Қазіргі таңда бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген жөн, себебі баланың болашақтағы қозғалысы, міне осыған байланысты. Осыған орай, туған-туыс, бауырға байланысты бір өлең шумақ арнасам, артық етпес.

Болғаны қандай жақсы
бауырластың,
Өсіп келе жатыр ғой, қарлығашың.
Ұяда нені көрсе соны ілетін,
Биіктен тек көрінсін қарындасың!

Баланы қалай тәрбиелеген жөн және балаға нені үйреткен абзал, міне осы тұрғыда біздің бүгінгі айтылатын әңгімеміз кеңінен өрбитін болады. Біздегі тақырып, ол «Халық ауыз әдебиеті арқылы бастауыш сынып оқушыларын патриоттық сезімге тәрбиелеу». Бұл дегеніміз бастауыш сынып оқушылардың патриоттық сезімін дамытудың басты жолы, ол осы халық ауыз әдебиеті болып табылады. Демек, ұстаз халық ауыз әдебиетіне сүйене отырып, халықтық құндылықтарды айта келе, мақал-мәтел, даналық сөздер, жаңылтпаш, жұмбақтарды байланыстыра келе, балаға дұрыс жолды көрсете алады. Бұл біздегі кейде қалып қоятын, көңілді түсіретін жағдай болып табылады.

Мінеки, тәрбиелік маңызы өте үлкен жоғарыда айтылған мақал-мәтелдер реті адамды патриоттық сезімнің күшеюіне, сонымен қатар, сол сезімге қоса, білімге, оқуға, сананы дамытуға, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге алып келеді. Бұның бәрі дерлік баланың ой-өрісін, жүріс-тұрысын дамытады. Демек, мақал-мәтелдерге қорыта айтар болсақ, халық ауыз әдебиетінің бір түріне жататын мақал-мәтелдер жұбы бастауыш сынып балалары үшін маңызды. Себебі, сол арқылы бала патриоттық сезімнің не екенін біршама ұғынады.

Сапархан Ақбота,
Габдуллина Асылгул Тулепбергеновна

ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТЫҚ ШАҚ

Адамның тұлға болып қалыптасуы, балалық шақтан, орын алары сөзсіз. Балалық шақтағы тәрбие, қорқыныш, үрей, қуаныш адамды өскен уақытында оң немесе теріс жолға түсуіне, ойға салынуына түрткі болатын бірден-бір уақыт деп білемін. Сол үшін жастық шақты ойламас бұрын, балалық шақтағы ойды ата-аналар қадағалаған жөн.

Балалық шақтың ойларын,
Қалдырдық өмір жолында.
Өзгерту ой мен қатені
Өзге емес, сенің қолыңда!

Еліміздегі үздік университеттердің бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған түлектер тапсырады. Бірақ оған: білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, талпынысы, ізденісі жоғары, бәсекеге қабілетті жастар ғана түсу мүмкіндігіне ие болады. Ол өз кезегінде бітіруші түлектердің жұмыс берушілер, ірі компаниялар арасында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер интеграцияға бейім болып келеді. Осыған орай студенттер мен магистрант, докторанттар арасында халықаралық академиялық мобильдік қарастырлған. Ол дегеніміз студенттеріміз тәжірибе алмасу, білім жинақтау мақсатында шетелге барып, білім алуға мүмкіндігі бар. Бұл білім ордасын көптеген студенттердің таңдауының келесі бір факторы: озық ғылыми кітапхананың орналасуы. Жас ізденімпаз барлық қажет ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан таба алады. Қажет оқулықтың бар жоғын білу үшін электронды кітапханаға кіріп, тапсырыс берсе болғаны, сол оқулық бөлімшелерге келіп түседі. Келесі артықшылығы кітапханада интернет желісі орнатылған, демек ақпараттар оқулықтар мен шектеліп қоймай, шетелдік журнал-газет басылымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

Серік Үкіліай, Оразалы Ермұқан, Данлыбаева Ақтолқын

БІЛЕКТІ БІРДІ ЖЫҒАР...

Қиындыққа қарсы тұр сен мойымай,
Білімді жина әркез тойынбай.
Ақыл мен ой жетелейді сені алға,
Болғын келсе, жарқырап сен, Айым-Ай!

«Бұрынғы заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік — жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», — деп атап өтті Елбасы.

«Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір», — дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық — саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертенгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында. Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

Зейнолла Жігер, Ізтілеу Дастан, Қаласов Нұрдаулет



Газет 2000 жылдың шілдесінен айына
бір рет шығады

ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп,
29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды.
Мақала авторларының пікірі үшін редакция
жауап бермейді. Компьютермен терілген бес
беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы — 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 145/26,
Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Дариға ЖҮНИСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАФИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гаухар АСҚАРОВА

Редактор:

Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:

Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:

Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕР-
ДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479,
90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим
ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс
телефондары: 0030697811133, e-mail: dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин
КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы,
Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман
университетінің доценті — Байланыс телефондары:

Анкара — +905412634844, e-mail: kenankoc2030@
hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбұл (Түркия)

қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт
комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс
телефондары: 905336367050, e-mail: ahmettuzun2000@
yahoo.com Румыниядағы өкілі Гольшен ИСМАИЛ,

Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс
телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

Меншік иесі:

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
МӘДЕНИ ҚОРЫ
Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы —
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары Әйелдер
комитетінің төрайымы —
Дариға ТҮРЛЫБЕК

Маметова 67 А

ЖК бизнес-класса в г. Алматы, Казахстан



Малоэтажная застройка
Безопасность, комфорт,
качество и оригинальный
дизайн 4 и 5-ти этажных домов



Здесь хочется жить
На территории ЖК есть всё:
фонтаны, детский сад, паркинг,
фитнес, супермаркет и другое



Жизнь в гармонии с природой
Чистый воздух за счет самого
большого парка в Алматы.
Панорамы на горы и гольф-поля



Роскошь по доступной цене
От 385.000 тг за м². Рассрочка до 2 лет.
Квартиры от 47 до 145 м².
Предчистовая отделка



www.alatau-home.kz



+7 701 033 30 30